

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

9000 series Smart LED TV

32PFL9606

37PFL9606

40PFL9606

52PFL9606

46PFL9706



Нұсқаулық

PHILIPS

Мазмұны

1	Жұмысқа кірісу 3
1.1	ТД нұсқаулығы 3
1.2	Орнату 7
1.3	Теледидардағы пернелер 10
1.4	Теледидарды тіркеңіз 12
1.5	Анықтама және қолдау 13
2	Негіздер 14
2.1	Қашықтан басқару пульті 14
2.2	Мәзірлер 17
2.3	Теледидар көру 19
2.4	3D 23
2.5	Жалғанған құрылғылар 25
2.6	Субтитрлер, таймерлер және қорғау құлыптары 26
3	Smart TV 28
3.1	Net TV 28
3.2	Интерактивті теледидар 31
3.3	Бейнелер, фотосуреттер және музыка 32
3.4	Теледидарды және жазуды кідірту 34
3.5	Ойындар 36
3.6	Мәтін 37
4	Параметрлерді орнату 39
4.1	Сурет пен дыбыс 39
4.2	Ambilight 41
4.3	Арналар 43
4.4	Желі 45
4.5	Құралдар 47
4.6	Әмбебап пайдалану 49
4.7	Бағдарламалық құрал 50
5	Қосылымдар 51
5.1	Бірінші қосылымдар 51
5.2	Кабельдер мен байланыстар 52
5.3	Құрылғылар жалғау 54
5.4	Қосымша құрылғыларды қосу 63
5.5	Желі 68
5.6	SD картасы 69
5.7	Стандартты интерфейсті CAM модулі 70
6	Ақаулықтарды жою 71
6.1	Байланыс ақпараты 71
6.2	Теледидар және қашықтан басқару құралы 72
6.3	Телеарналар 73
6.4	Сурет пен дыбыс 74
6.5	Құралдар 76
6.6	Бейнелер, фотосуреттер және музыка 77
6.7	Желі 78
7	Ерекшеліктер 79
7.1	Бағдарламалық құрал 79
7.2	Қоршаған ортаға қауіпсіз 80
7.3	Қуат және қабылдау 82
7.4	Дисплей және дыбыс 83
7.5	Экран ажыратымдылығы 84
7.6	Мультимедиа 85
7.7	Байланыс мүмкіндігі 86
7.8	Өлшемдері және салмақтары 87
Индекс	88

1 Жұмысқа кірісу

1.1 ТД нұсқаулығы

Smart TV



Smart TV теледидарын **Интернетке** қосу арқылы үйде отырып фильмдерді жалға алуға, Net TV қолданбаларын көріп шығуға, көре алмай қалған бағдарламаларды көруге немесе телебағдарламалар кестесін көруге болады. Компьютердегі, планшеттік компьютердегі немесе телефондағы суреттер мен бейнелерді қараңыз.

USB қатты диск құрылғысын жалғап, теледидар трансляциясын кідіртпін қойыңыз немесе сүйікті бағдарламаңызды жазып алыңыз.

Smart TV туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Smart TV** тармағынан қараңыз.

Интернет байланысын реттеу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Реттеу > Желі** тармағынан қараңыз.

3D Full HD




3D Max технологиясымен осы теледидарда 3D бағдарламаларын және фильмдерін толықтай жоғары айқындық ажыратымдылығында көруге болады.


3D бағдарламалары көрсетілгенде немесе 3D фильмі басталғанда, теледидар 3D режиміне ауысады. Сізге белсенді емес 3D көзідірігін тағу ғана қалады.

3D туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Basics (Негіздер) > Watch 3D (3D бейнесін көру)** тармағынан қараңыз.


Қашықтан басқару құралы



Дыбыс деңгейін реттеуге арналған.




Теледидар арналарын ауыстырады.



«Негізгі» мәзірін ашады немесе жабады .

Теледидарды пайдаланудың бастапқы нүктесі болып табылатын «Негізгі» мәзірін ашыңыз.


«Негізгі» мәзірінде теледидар көру (**Теледидар көру**) немесе жалғанған DVD ойнатқышындағы фильмді көру сияқты теледидар әрекеттерін қосуға немесе тоқтатуға болады.



ТАБУ мәзірін ашады немесе жабады

Q


Теледидар арқылы компьютеріңізді пайдаланып, телеарналарды немесе бейнелер мен әндер тізімін көріп жатқанда, Табу мәзірі арқылы **арналар тізімін** ашыңыз.



Артқа

↺


Артқа пернесі көмегімен алдыңғы теледидар арнасына, ал мәзірде бір қадам кері қайтуға болады.



РЕТТЕУ мәзірін ашады немесе жабады. **RETTEU**


Сурет және дыбыс параметрлерін жылдам реттеу үшін, Реттеу мәзірін ашыңыз.

Зерделі сурет параметрін ойнау үшін өте ыңғайлы **Ойын** күйіне орнатуға болады немесе теледидар динамиктерінің Зерделі дыбыс параметрін өзгертуге болады.




Қызыл

Қызыл перненің көмегімен қызыл опцияны таңдауға, сондай-ақ сандық **Интерактивті теледидар** қызметін немесе теледидардың кейбір көрсетілім клиптерін ашуға болады.




ОПЦИЯЛАР мәзірін ашады немесе жабады **ОПЦИЯЛАР**

Опциялар мәзірін ашып теледидарда көріп жатқан бағдарламаға немесе теледидар арқылы орындалып жатқан әрекетке қатысты опциялық параметрлерді таңдаңыз.



Жасыл

Жасыл перненің көмегімен жасыл опцияны немесе **Эко параметрлерін** таңдауға болады.



«Негізгі» мәзіріне қосылғанда, бағдарламасын көру үшін, құрылғыны таңдауға болады. Құрылғыда EasyLink болмаса немесе HDMI байланысы қолданылмаған болса, **Құрылғы қосу** опциясы арқылы жалғанған құрылғыны «Негізгі» мәзіріне қосу керек.


Құрылғылар қосу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Basics (Негіздер) > Мәзірлер > 🏠 Негізгі тармағынан** қараңыз.

EasyLink қызметін пайдалану туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Basics (Негіздер) > Қашықтан басқару пульті > Operate devices (Құрылғыларды басқару) > ішінен** қараңыз.

Анықтама > Connections (Байланыстар) тарауында осы сияқты суреттер ең жиі қолданылатын құрылғыларды жалғауға көмектеседі.

Сары

Сары пернемен сары опция таңдалады.



Көк


Көк пернемен көк опцияны таңдайсыз.

Қашықтан басқару құралы туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Basics (Негіздер) > Қашықтан басқару пульті > Overview (Жалпы шолу)** тармағынан қараңыз.

Не болмаса, **Q.Іздеу** бетіне өтіп кез келген тақырыпты іздеңіз.


Келесі ТД нұсқаулығы параметрін таңдау үшін, **▲** түймесін басыңыз.

Құрылғыларды жалғау



DVD, Blu-ray диск ойнатқыштарын немесе ойын консолін **HDMI®** байланысы арқылы жалғаңыз.

HDMI байланысы ең жақсы бейне және дыбыс сапасын береді, сондай-ақ құрылғыда **EasyLink** (HDMI-CEC) бар болса, теледидар құрылғыны «Негізгі» мәзіріне автоматты түрде қосады.



HD телевизиясы

Осы теледидар айқындығы жоғары бағдарламаларды көрсете алады, бірақ HD TV мүмкіндігін пайдалану үшін, алдымен айқындығы жоғары бағдарламаларды алу қажет. Ондай болмаса, бейне сапасы жай теледидардағындай болады.

Мыналар арқылы **HD TV** бағдарламаларын көруге болады . . .

- Blu-ray диск ойнатқышы
- HDMI арқылы қосылған және HD бағдарламаларына жазылымы бар сандық HD қабылдағышы
- әуе арқылы таралатын HD хабарлары
- сандық желіде HD мүмкіндігін ұсынатын арналар
- HDMI арқылы жалғанған HD ойын консолі және HD ойындарын ойнау

Айқындығы жоғары бейне клипі

HD телевизиясының тамаша айқындығын және бейне сапасын көру үшін, «Негізгі» мәзірінен айқындығы жоғары бейне клипті ойнатуға болады. **Негізгі > Реттеу > Көрсетілімдерді көру** (Реттеу мәзірінің екінші бетінде) тармағын таңдаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, дилермен хабарласыңыз. Еліңіздегі HD арналарының немесе провайдерлердің тізіміне қатысты жиі қойылатын сұрақтарды көру үшін, www.philips.com/support торабына кіріңіз.

1.2 Орнату

Тірекке немесе қабырғаға орнату

Теледидар тірегінің түбіне теледидар динамиктері орнатылған. Дыбысты шығару үшін, түбіндегі кабельді теледидарға жалғаңыз. Дыбыс жақсы шығу үшін, теледидарды қатты жерге орнатыңыз.

Қабырғаға орнату

Теледидар тірегінің түбі мен бағанасы көмегімен теледидарды қабырғаға орнатуға болады. Түбі мен бағанасын біріктіріп, теледидарды жан-жаққа бұрылатын етіп немесе тек түпті пайдаланып қабырғаға жақын орнатыңыз.

Орнатудың барлық нұсқауларын теледидармен бірге берілетін Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығынан табасыз. Бұл нұсқаулық жоғалып қалса, оны www.philips.com торабынан жүктеп алуға болады.

Жүктеп алынатын Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығын теледидарға тағайындалған өнім түрінің нөмірі бойынша іздеңіз.

Ескерту

Теледидарды қабырғаға орнату үшін арнайы тәжірибе қажет және оны тек білікті мамандар орындау керек. Теледидарды қабырғаға орнатқанда, теледидардың салмағына сәйкес қауіпсіздік стандарттары сақталу керек. Теледидарды орнату алдында сақтық шараларын оқыңыз.

TP Vision Netherlands B.V. дұрыс орнатылмауға немесе апаттарға, зақымдалуға алып келетін орнатуларға жауапты емес.

VESA ақпараты

Бұл теледидар VESA үйлесімді қабырғаға орнату кронштейні үшін дайындалған (жинаққа кірмейді). Сәйкес VESA кодын теледидардың түр нөмірінің жанынан табыңыз.


52PFL9606 - VESA MIS-F 300,300,M6

46PFL9706 - VESA MIS-F 300,300,M6

37PFL9606 - VESA MIS-F 200,200,M6

32PFL9606 - VESA MIS-F 200,100,M6


Ұзындығы суретте көрсетілген бұранданы пайдаланыңыз.



Теледидарды орналастыру

Теледидарды орналастырмас бұрын сақтық шараларын оқып шығыңыз.

- Теледидарды экранына жарық тікелей түспейтін жерге орналастырыңыз.
- Ambilight әсерін жақсарту үшін бөлмедегі жарықты азайтыңыз.
- Ambilight әсерін жақсарту үшін теледидарды қабырғадан 25 см-дей алыс етіп орналастырыңыз.



Теледидарды ыңғайлы көру қашықтығына орналастырыңыз. Көзді ауыртпай, айқындығы жоғары теледидар бейнесін немесе кез келген бейнені көріңіз. Жақсы және демалып отырып көру үшін, теледидардың дәл алдынан «сүйікті орын» тауып алыңыз.

Теледидарды көрудің ең қолайлы қашықтығы экран диагоналінің үш еселік өлшеміне тең. Отырған кезде, көз экранның орта тұсымен бір деңгейде болуы тиіс.

Дыбыс жақсы шығуы үшін, теледидарды қатты жерге орнатыңыз.

Қауіпсіздік

Нұсқаулардың барлығын теледидарды пайдаланбас бұрын оқып, түсініп алыңыз. Нұсқауларды қадағаламау нәтижесінде зақым пайда болса, кепілдік күшін жояды.

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Теледидарды жаңбырдың астында қалдырмаңыз немесе суға тигізбеңіз. Теледидардың жанына гүл құмырасы сияқты ыдыстарды қоймаңыз. Теледидардың үстіне немесе ішіне кез келген сұйықтық төгілсе, теледидарды дереу розеткадан ажыратыңыз. Теледидарды пайдаланбас бұрын, тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласып тексертіп алыңыз.

- Теледидарды, қашықтан басқару құралын немесе батареяларды қатты ыстыққа тастамаңыз. Оны ешқашан жанған шырақтарға, ашық жалынға немесе күн сәулесін қоса ыстық көздерге қоймаңыз.
- Теледидардың желдету тесіктеріне немесе басқа ашық жерлеріне заттар салмаңыз.
- Қуат сымының үстіне ауыр зат қоймаңыз.

- Қуат ашаларына күш түсірмеңіз. Бос қуат ашалары электр тежелуіне немесе отқа себеп болуы мүмкін. Теледидар экранын айналдырғанда, қуат сымының керілмейтіндігін қамтамасыз етіңіз.
- Теледидарды қуат көзінен ажырату үшін, теледидардың қуат ашасы ажыратылуы тиіс. Қуатты ажырату кезінде сымнан емес, қуат ашасынан тартыңыз. Әрқашан қуат көзіне, қуат ашасына және розеткаға оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Телевизорға зақым келу қаупі!

- 25 кг немесе 55 фунттан ауыр болатын телевизорды екі адам көтеріп, тасымалдауы керек.
- Теледидарды тек берілген түпқоймаға орнатыңыз. Түпқойманы теледидарға мықтап бекітіңіз. Теледидарды оның және түпқойманың салмағын көтеретін жазық, тегіс жерге орнатыңыз.

- Қабырғаға орнатқанда қабырға бекітпесі теледидардың салмағын қауіпсіз көтеруін қамтамасыз етіңіз. TP Vision Netherlands B.V. компаниясы қабырғаға дұрыс орнатпау салдарынан болған жазатайым оқиғалар, жарақаттар немесе зақымдар үшін жауап бермейді.
- Бұл өнімнің бөліктері шыныдан жасалған болуы мүмкін. Жарақат немесе зақым жағдайларын болдырмау үшін, абайлап ұстаңыз.

Теледидарды зақымдау қаупі бар!

Теледидарды қуат көзіне жалғамас бұрын, қуат кернеуінің теледидардың артына басылған мәнге сәйкес келетіндігін тексеріңіз. Кернеу басқаша болған жағдайда теледидарды ешқашан қуат көзіне қоспаңыз.

Балалардың жарақаттану қаупі бар!

Теледидардың балалар үстіне құлап, олардың жарақаттануына жол бермеу үшін мына сақтандыру шараларын орындаңыз:

- Теледидарды сырғанап, тұрмайтын шүберек немесе басқа материал жабылған жерге ешқашан қоймаңыз.
- Теледидардың ешқандай бөлігінің орнатылған жерден салбырап тұрмағанын тексеріңіз.

- Ешқашан теледидарды ұзын жиһазға, кітап шкафы сияқты қабырғаға жиһаз бен теледидарды бекітпей немесе қолайлы демеусіз орналастырмаңыз.
- Балаларды теледидарға жету үшін жиһазға мінуден қауіп-қатерлер болатыны туралы хабардар етіңіз.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

Қашықтан басқару құралында кішкентай балалар оңай жұтып қоятын тиын тәріздес батареялар болуы мүмкін. Бұл батареяларды балалардан әрдайым аулақ ұстаңыз!

Қатты қызып кету қаупі бар!

Теледидарды тар жерге орнатуға болмайды. Теледидардың айналасынан ауа алмасуы үшін кем дегенде 10 см немесе 4 дюйм қалдырыңыз. Перде немесе басқа заттардың теледидардағы ауа алмасу тесіктерін жауып қалмауын қадағалаңыз.

Найзағай

Найзағай ойнайтын кезде теледидарды қуат көзінен ажыратып, антеннаны суырыңыз. Найзағай ойнап тұрғанда, теледидардың ешбір бөлігіне, қуат сымына немесе антенна кабеліне тимеңіз.

Есту қабілеті зақымдану қаупі!

Құлаққапты жоғары дауыс деңгейінде немесе ұзақ уақыт пайдаланудан сақтаныңыз.

Төмен температура

Егер теледидар 5°C немесе 41°F мәнінен төмен температурада тасымалданса, теледидарды қуат көзіне жалғамастан бұрын, оны қорабынан шығарып алып, теледидардың температурасы бөлме температурасымен сәйкес келгенше күтіңіз.

Экран күтімі

- Ешқашан экранды ұстамаңыз, баспаңыз, ысқыламаңыз немесе кез келген затпен қырмаңыз.
- Теледидарды тазалар алдында міндетті түрде өшіріңіз.
- Теледидар мен жақтауларын жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Теледидарға спирт, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды қолданбаңыз.
- Пішінінің бұзылуын және түсінің оңуын болдырмау үшін мүмкіндігінше су тамшыларын тез сүртіп тұрыңыз.

- Мүмкіндігінше қозғалыссыз кескіндерді көп тұрғызбаңыз. Қозғалыссыз кескіндер дегеніміз - экранда көп уақыт бойы тұратын кескіндер. Қозғалыссыз кескіндерге экран мәзірлері, қара жолақтар, уақыт дисплейлері, т.б. жатады. Егер қозғалыссыз кескіндерді пайдалану керек болса, экран зақымданбау үшін экран контрасты мен жарықтығын азайтыңыз.

Экран күтімі 46PFL9706

Moth eye

- Ашық күндізгі жарық жағдайында да тамаша жарықтық пен контрасттылық беру үшін осы теледидардың экраны жаңашыл «Moth eye» шағылысуға қарсы жабынмен қапталған. Мүмкіндігінше теледидардың экранын ұстамауға тырысыңыз. Теледидарды орнатқаннан кейін, тек оның қорғаныс қабын алыңыз.

- Теледидар экранын тек теледидармен бірге берілген тазалағыш шүберекпен тазалаңыз. Майлы дақтарға спирт негізіндегі терезе тазалағыш құралды қолданыңыз. Экранды тазалар алдында сұйықтықты шүберекке жағыңыз. Жинақпен берілген шүберекті ауыстыру үшін, Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
www.philips.com/support

Қорғаныс қабы полиэтиленерефталаттан жасалған және қайта өңдеуге жарамды.


Температура және ылғалдылық

Сирек жағдайларда, температура мен ылғалдылыққа байланысты теледидардың алдыңғы әйнегінің (кейбір үлгілерде) ішкі жағында аздап ылғал жиналуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін, теледидарды күн сәулесі тікелей түсетін, температурасы жоғары немесе ылғалды жерде сақтамаңыз. Жиналған ылғал теледидар бірнеше сағат бойы істегенде өздігінен жоғалып кетеді. Ылғал теледидарды зақымдамайды немесе бұзбайды.

1.3 Теледидардағы пернелер


Қуат қосқышы

Теледидардың оң жағындағы қуат қосқышының көмегімен теледидарды қосыңыз немесе өшіріңіз. Өшірулі болғанда, теледидар энергия тұтынбайды.




Қызыл көрсеткіш жарығы өшірулі болса, теледидарды қуат қосқышының көмегімен қосыңыз.

Қызыл көрсеткіш қосылған болса (күту режимінде екенін білдіреді), қашықтан басқару құралындағы **⏻** түймесін басып теледидарды қосыңыз. Немесе, күту режиміндегі теледидарды **CH+**, **CH-** немесе **🏠** түймелерінің көмегімен қосуға болады. Теледидардың қосылуына бірнеше секунд кетеді.



🔊 Дыбыс деңгейі

Дыбыс деңгейін реттеу үшін, 🔊 (Дыбыс деңгейі) - немесе **+** түймесін басыңыз. Не болмаса, қашықтан басқару құралындағы **+** немесе **-** пернесін пайдаланыңыз.



Ambilight

Ambilight мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін, Ambilight түймесін басыңыз.

Теледидар күту режимінде болғанда, Ambilight мүмкіндігін қосып, бөлмеде Ambilight LoungeLight әсерін жасауға болады. Ambilight және LoungeLight туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама) > Basics (Негіздер) > Ambilight** тармағынан қараңыз



🏠 Басты


Экранда Home (Басты) мәзірді ашу үшін, **🏠** (Басты) түймесін басыңыз. Home (Басты) мәзірінде жылжу үшін, теледидардағы **-** немесе **+** (солға немесе оңға) дыбыс деңгейі пернесін және арна **-** немесе **+** (төмен немесе жоғары) пернелерін пайдалануға болады. Таңдауды растау үшін, қайтадан **🏠** түймесін басыңыз.

Home (Басты) мәзірі туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама) > Basics (Негіздер) > Мәзірлер > 🏠 Home (Басты)** тармағынан қараңыз.



CH арна

Арналарды ауыстыру үшін, **CH** (Арна) - немесе **+** түймесін басыңыз. Не болмаса, қашықтан басқару құралындағы **▶** немесе **◀** пернесін пайдаланыңыз.



1.4 Теледидарды тіркеңіз

Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз!

Теледидарды тіркеп, әртүрлі артықшылықтарды, соның ішінде толық қолдауды (жүктеулерді қоса), жаңа өнімдер туралы ақпарат алу, арнайы ұсыныстар мен жеңілдіктер, сыйлықтар ұтып алу және тіпті жаңа өнімдер туралы арнайы сауалнамаларға қатысу мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.


www.philips.com/welcome торабына өтіңіз.

1.5 Анықтама және қолдау

Анықтама және іздеу бөлімін пайдалану

Анықтама

Анықтама бөлімін Home (Басты) мәзірінен ашуға болады. Көп жағдайларда, Анықтама параметрін тікелей ашу немесе жабу үшін, қашықтан басқару құралындағы **сары** түймені басуға болады. Мәтін сияқты кейбір әрекеттер үшін түсті түймелердің арнайы функциялары болады және олар Анықтама бөлімін ашпайды.



Анықтама нұсқауларын орындамас бұрын, Анықтама бөлімін жабыңыз. Анықтама бөлімін жабу үшін, қайтадан **сары** түймені немесе **Home** түймесін басыңыз. **Сары** түйме қайта басылғанда, Анықтама жабылған бетте ашылады.

Q Іздеу

Анықтама бөлімінен керекті тақырыпты табу үшін, **Q Іздеу** мүмкіндігін пайдаланыңыз. Жылжу түймелерінің көмегімен тізімнен тақырыпты таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Іздеудегі тақырып бірінші бетте емес, бірнеше беттен кейін көрсетілуі мүмкін. Келесі бетке өту үшін, **Next** түймесін басыңыз.

Онлайндық қолдау

Philips теледидарына қатысты кез келген мәселені шешу үшін, желідегі қолдау қызметін пайдалануға болады. Тілді таңдап, өнімнің үлгі нөмірін енгізуге болады.

www.philips.com/support торабына өтіңіз.

Қолдау қызметінің торабында еліңіздің бізге хабарласуға арналған телефон нөмірін, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды табуға болады. Теледидардың жаңа бағдарламалық құралын немесе компьютерде оқу үшін, нұсқаулықты жүктеп алуға болады. Ерекше сұрақты электрондық пошта арқылы жіберуге болады, кейбір елдерде, біздің серіктеріміздің біреуімен желіде сөйлесуге болады.

Тұтынушыларға қолдау көрсету

Қолдау алу үшін, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау жедел желісіне қоңырау шалуға болады. Телефон нөмірін теледидармен бірге берілетін басып шығарылған құжаттамадан табуға болады. Немесе, www.philips.com/support веб-торабына кіруге болады.


Теледидардың үлгі және сериялық нөмірі

Теледидардың үлгі нөмірі және сериялық нөмірі сұралуы мүмкін. Бұл нөмірлерді ораманың немесе теледидардың артқы яки төменгі жағындағы жапсырмасында табуға болады.

2 Негіздер

2.1 Қашықтан басқару пульті

Шолу



1 Standby (Күту) режимі

Теледидарды қосады немесе қайтадан күту режиміне қайтарады.

2 Home (Басты) мәзірі

Home (Басты) мәзірін


ашады немесе жабады.

3 Navigation (Шарлау) пернесі

Жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжытады.

4 OK пернесі

Таңдалған тармақты іске қосады.



5 Find (Табу) Q


Арналар тізімін немесе фотосуреттердің, әндердің немесе фильмдердің тізімін ашады немесе жабады.

6 Adjust (Реттеу) III

Бейне, дыбыс, Ambilight немесе 3D мүмкіндіктерінің ең жиі қолданылатын параметрлерін ашады немесе жабады.

7 CH+ / Next (Келесі) ►

Келесі арнаға, бетке немесе тарауға өткізеді.



8 CH- / Previous (Алдыңғы) ◀

Алдыңғы арнаға, бетке немесе тарауға өткізеді.

9 Source (Сигнал көзі) □


Тікелей теледидар байланысына ауыстырып қосады.

10 Options (Опциялар) ≡

Options (Опциялар) мәзірін

ашады немесе жабады.

...



11 Back (Артқа) ↶


Алдыңғы арнаға оралады. Параметрді өзгертпестен мәзірден шығады. Алдыңғы Телемәтін немесе Net TV бетіне оралады.

12 Volume (Дыбыс деңгейі) ▽

Дыбыс деңгейін реттейді.

13 Mute (Дыбысты өшіру) ✖

Дыбысты өшіреді немесе қалпына келтіреді.



14 Қызыл түсті перне

Интерактивті телевизия қызметін ашады немесе Телемәтін бетін таңдайды.

15 Жасыл түсті перне


Жаңғырық параметрлерін ашады немесе Телемәтін бетін таңдайды.

16 Сары түсті перне

Телемәтін бетін таңдайды.

17 Көк түсті перне

Телемәтін бетін таңдайды.



18 Сандық пернелер және мәтін теру пернетақтасы


Теледидар арнасын тікелей таңдайды немесе мәтінді енгізеді.

19 Exit (Шығу)

MHP бетінен шығады. / Format (Пішім) мәзірін ашу немесе жабу үшін, осы түймені 3 секунд басып тұрыңыз.

20 Teletext / Info (Телемәтін / Ақпарат)

Мәтінді ашады немесе жабады. / Төмендегі бағдарламалар туралы ақпаратты ашу немесе жабу үшін, осы түймені 3 секунд басып тұрыңыз.



Жалпы, бұл пернелер келесі құрылғы мәзірлерін ашады:

- 1 Home (Басты) мәзірі.
- 2 Setup (Параметрлерді орнату) мәзірі.
- 3 Диск мәзірі (диск мазмұны).
- 4 Қалқымалы мәзір.
- 5 Options (Опциялар) мәзірі.
- 6 Бағдарламалар нұсқаулығы.
- 7 Мультимедиа таңдау.

Бір рет түртіп ойнату

EasyLink HDMI-CEC құрылғысына диск салып, құрылғыдағы **Play (Ойнату)** пернесін басыңыз. Теледидар күту режимінен қосылып, дискіні ойната бастайды.

Жүйенің дыбысын басқару

EasyLink аудио жүйесі жалғанса, теледидардың дыбысын аудио жүйесінен шығаруға болады. Теледидар динамиктері автоматты түрде өшеді. Аудио жүйесінің дыбыс деңгейін теледидардың қашықтан басқару құралымен реттеуге болады.

Көлемді режимі

Philips компаниясының соңғы өнімдерінде құрылғының көлемді дыбыс параметрін теледидардан өзгертуге болады. Бұл параметрді өзгерту үшін, **III ADJUST (PETTEY)** пернесін басыңыз, **Көлемді режимін** таңдаңыз және **OK** түймесін басыңыз. **Келесі режимінде OK** түймесін басып құрылғыдағы пайдалануға болатын режимдерді ауыстырып қосыңыз.

Зерделі дыбыс

Philips компаниясының соңғы құрылғыларында Зерделі дыбыс параметрін теледидардан өзгертуге болады. Бұл параметрді өзгерту үшін, **III ADJUST (PETTEY)** пернесін басыңыз, **Smart sound (Зерделі дыбыс)** тармағын таңдаңыз және **OK** түймесін басыңыз. Дыбыс режимін тізімнен таңдаңыз.

Экран өшірулі

Соңғы Philips аудио құрылғысы теледидарға тек дыбыс жіберсе, құрылғы теледидар экранын өшіріп қоюды ұсынуы мүмкін. Бұл хабар көрсетілгенде экранды өшіру үшін, **Screen off (Экранды өшіру)** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Экранды қайтадан қосу үшін, **Home (Басты) мәзірі** пернесін басыңыз.

Жүйенің күту режимі

Теледидар мен барлық EasyLink құрылғыларын күту режиміне өткізу үшін, қашықтан басқару құралындағы **Power** пернесін басыңыз.

EasyLink туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама) > Setup (Параметрлерді орнату) > Devices (Құрылғылар) > EasyLink HDMI-CEC** тармағынан көруге болады.

Инфрақызыл сенсор

Құрылғыларды басқару

Теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы жалғанған құрылғыны да басқаруға болады. Құрылғыда EasyLink (HDMI-CEC) мүмкіндігі болып, ол қосылған болуы керек. Сондай-ақ құрылғы HDMI кабелінің көмегімен жалғанған болуы керек.

EasyLink құрылғысын басқару

Бұндай құрылғыны теледидардың қашықтан басқару құралымен істету үшін, құрылғыны (немесе оның әрекетін) **Home (Басты) Setup (Параметрлерді орнату)** таңдап, **OK** түймесін басыңыз. **Home** пернесінен **III ADJUST (PETTEY)** пернесінен және **OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесінен басқа барлық пернелердің пәрмендері құрылғыға жіберіледі.

Теледидарға қайтадан ауысу


Қашықтан басқару құралын теледидарды басқаратын етіп қайта ауыстырып қосу үшін, **Home (Басты) мәзірі** түймесін басып, **Watch TV (Теледидар көру)** пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

[Құрылғы пернелерін көрсету]

Құрылғыны істеткенде, теледидардың қашықтан басқару құралындағы кейбір пернелерді пайдалану мүмкін болмайды. Бұл пернелерді теледидардан таңдау мүмкін болуы үшін, **OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **Құрылғы пернелерін көрсету** пәрменін таңдаңыз. Керекті пернені таңдап, **OK** түймесін басыңыз.


Құрылғы пернелерін жасыру үшін, **Back (Артқа)** пернесін басыңыз.

Қашықтан басқару құралын әрдайым теледидардың алдыңғы жағындағы инфрақызыл сенсорға бағыттаңыз.



Батареялар

Қашықтан басқару құралының батареяларын ауыстыру үшін, қашықтан басқару құралының астындағы кішкентай науаны сырғытып ашыңыз. Екі тиын пішінді батареяны салыңыз (Түрі: CR2032 – 3V). Батареялардың + жағы (жоғарғы жағы) жоғары қарап тұрғанын тексеріңіз. Кішкентай науада + көрсеткіші бар.



Қашықтан басқару пультін ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда батареяларды шығарып алыңыз.

Батареяларды пайдаланудың соңы нұсқауларына сәйкес тастаңыз. **Help (Анықтама) > Specifications (Техникалық деректер) > Environmental (Қоршаған орта) > End of use (Пайдаланудың соңы)** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Тазалау


Қашықтан басқару құралы сырылмайтын бетке қойылады.

Қашықтан басқару құралын тазалау үшін жұмсақ әрі дымқыл шүберек қолданыңыз. Теледидар мен қашықтан басқару құралына спирт, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды қолданбаңыз.

2.2 Мәзірлер

🏠 Басты

Home (Басты) мәзірінде теледидарды, фильм дискісін немесе басқа теледидар бағдарламасын көре бастауға болады. Home (Басты) мәзірін ашу үшін, 🏠 түймесін басыңыз. Іске қосу үшін, әрекетті жылжу пернелерінің көмегімен таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Home (Басты) мәзірін жабу үшін, 🏠 түймесін қайтадан басыңыз.



Құрылғыларыңызды қосу

Оңай таңдау үшін, Home (Басты) мәзірге жалғанған құрылғыны қосу керек. Жалғанған құрылғыда EasyLink (HDMI-CEC) функциясы болмаса немесе ол HDMI кабелімен жалғанбаған болса, онда **Құрылғыларды қосу** арқылы құрылғыны Home (Басты) мәзірге қолмен қосу керек болады.

EasyLink (HDMI-CEC) мүмкіндігі және HDMI кабелі бар құрылғылардың әрекеттері автоматты түрде Home (Басты) мәзірінде көрсетіледі. Бір құрылғыдан бірнеше әрекет қосылуы мүмкін. EasyLink құрылғысы автоматты түрде көрсетілмесе, құрылғыдағы EasyLink параметрі сөндірілуі болуы мүмкін.

Құрылғыны қолмен қосу

Home (Басты) мәзіріндегі **Add your devices (Құрылғыларды қосу)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Теледидар құрылғының және құрылғы жалғанатын байланыстың таңдалуын сұрайды. Құрылғы немесе оның әрекеттері қазір Home (Басты) мәзіріне қосылды.

Құрылғының атауын өзгерту

Қосылған құрылғының немесе әрекеттің атын өзгерту үшін, Home (Басты) мәзірінде құрылғыны таңдап, **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басыңыз да, **Rename (Атын өзгерту)** пәрменін таңдаңыз. Қашықтан басқару құралындағы пернелерді пайдаланып жаңа атты SMS/мәтінді хабарларды жазғандай теріңіз.

Құрылғыны алып тастау

Home (Басты) мәзірінен әрекетті немесе құрылғыны алып тастау үшін, оны таңдап, **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басыңыз да, одан кейін **Remove this device (Бұл құрылғыны алып тастау)** пәрменін таңдаңыз. Жойғаннан кейін құрылғы немесе әрекет Home (Басты) мәзірінде көрсетіле берсе, құрылғыда EasyLink параметрін өшіріп белгішенің автоматты қосылуына жол бермеңіз.

EasyLink қызметін пайдалану туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама) > Basics (Негіздер) > Remote control (Қашықтан басқару құралы) > Operate devices (Құрылғыларды басқару) >** тармағынан қараңыз.

Қайта ретке келтіру

Home (Басты) мәзірінде әрекетті немесе құрылғыны қайта ретке келтіру үшін, оны таңдап, **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басыңыз.

1 Reorder (Қайта ретке келтіру) параметрін таңдаңыз.

2 Жылжу пернелерінің көмегімен құрылғының немесе әрекеттің орнын қалаған жерге ауыстырыңыз. Қосылған құрылғылар мен әрекеттердің ретін ғана өзгертуге болады.

3 Орынды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз. Құрылғылар мен әрекеттердің барлығы оңға қарай ауысады. Басқа құрылғыны немесе әрекетті белгілеп, орнын ауыстыруға болады.

Қайта ретке келтіру процесін тоқтату үшін, **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басып, **Exit reorder (Қайта ретке келтіру параметрінен шығу)** пәрменін таңдаңыз.

Құрылғы әрекеттерін қалпына келтіру


Бірнеше әрекеті бар құрылғыдан жойылған әрекетті қайтару үшін, құрылғыны немесе оның әрекеттерінің біреуін таңдап, **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басыңыз. **Restore device activities (Құрылғы әрекеттерін қалпына келтіру)** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Осы құрылғының жойылған барлық әрекеттері қайтадан пайда болады.

Q FIND (ТАБУ)

Q FIND (ТАБУ) түймесі телеарналарды көріп жатқанда Арналар тізімін ашады немесе компьютерді я жалғанған USB құрылғысының ішіндерісін көріп жатқанда суреттердің, әндердің және бейнелердің тізімін ашады.

Тізімді ашу үшін, **Q FIND (ТАБУ)** түймесін басыңыз.

Тізімді жабу үшін, **Q** түймесін қайта басыңыз.




≡ ADJUST (PETTEY)

ADJUST (PETTEY) мәзірінің көмегімен сурет, дыбыс, Ambilight және 3D параметрлерін жылдам реттеуге болады.

Реттеу мәзірін ашу үшін, **≡ ADJUST (PETTEY)** түймесін басыңыз.

Шарлау пернелерінің көмегімен таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Мәзірді жабу үшін, **≡ ADJUST (PETTEY)** түймесін қайтадан басыңыз.



Сурет өзгерісі


Субтитрлерді толық көру үшін (теледидардың кірісіне байланысты болады), экрандағы бейнені тігінен немесе көлденең көтеріп көруге болады.

Теледидарды көріп жатқанда, **ADJUST (PETTEY)** түймесін басып, **Сурет өзгерісі** пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Жылжу пернелерінің көмегімен суреттің орнын ауыстырыңыз. Сурет өзгерісі функциясын ажырату үшін, **OK** түймесін басыңыз.

≡ OPTIONS

ОПЦИЯЛАР мәзірі арқылы теледидарда көріп жатқан бағдарламаға қатысты қосымша параметрлерді таңдауға болады.

Қолдануға болатын опцияларды көру үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін кез келген уақытта басыңыз. Мәзірді жабу үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін қайтадан басыңыз.



Adjust (Петтеу) мәзірінде төмендегі параметрлерді орындаңыз.

- 3D
- 3D тереңдігі
- Екі ойыншымен ойнау
- Ambilight жарығын қосу немесе өшіру
- Ambilight динамикасы
- Сурет форматы
- Smart сурет (алдын ала орн-н пар-р)
- Smart дыбыс (алдын ала орн-н пар-р)
- Үңдеткіштер
- Жиектеу
- Сурет өзгерісі

Ambilight

Ambilight параметрлері туралы қосымша ақпаратты Help (Анықтама) > Setup (Параметрлерді орнату) > Ambilight тармағынан қараңыз.

Сурет форматы

Сурет форматының параметрлері туралы қосымша ақпаратты Анықтама > Негіздер > Теледидар көру > Сурет форматы тармағынан қараңыз.

Зерделі сурет, Зерделі дыбыс

Теледидарда көрсетіліп жатқан бағдарламаға сәйкес болатын алдын ала белгіленген параметрлерді орнатуға болады. Зерделі параметрлері туралы қосымша ақпаратты Анықтама > Негіздер > Теледидар көру > Зерделі сурет және дыбыс тармағынан қараңыз.

Динамиктер

Дыбысты теледидардың динамиктерінен шығару үшін, Анықтама бөлімін жауып, **ADJUST (PETTEY)** түймесін басыңыз да, **Динамиктер** және **Теледидар** параметрлерін таңдаңыз.

Дыбысты жалғанған үй кинотеатры жүйесінен немесе күшейткіштен шығару керек болса, **Күшейткіш** параметрін таңдаңыз.

Бұл параметрлер кез келген EasyLink параметрінен уақытша басым болады.

Көлемді

Теледидарды автоматты түрде ең жақсы көлемді дыбыс режиміне ауыстырып қосу үшін (үй кинотеатры жүйесі жалғанғанда ғана пайдалану мүмкін), Анықтама бөлімін жауып, **ADJUST (PETTEY)** түймесін басыңыз да, **Көлемді** және **Қосулы** тармақтарын таңдаңыз.

2.3 Теледидар көру

Арналарды ауыстырып қосу


Теледидар көру және арналарды ауыстыру үшін, негізгі мәзірде **Теледидар көру** опциясының таңдалғанын тексеріңіз.

Теледидар көру үшін, **↑** түймесін басып, **Теледидар көру** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.



Арналарды ауыстырып қосу үшін, қашықтан басқару құралындағы **CH+** немесе **CH-** түймелерін басыңыз. Арна нөмірін білетін болсаңыз, сан пернелерін басуға немесе **Q** **FIND** (Табу) түймесін басып «Арналар тізімін» ашып, арнаны таңдауға болады.

Алдыңғы арнаға қайта ауысу үшін, **↶** (Артқа) түймесін басыңыз.



Радио арналары

Сандық хабар таратылымы қолжетімді болса, орнату кезінде сандық радиостанциялар орнатылады. Радио арнасына кәдімгі теледидар арнасы сияқты ауысыңыз. DVB-C арна орнатуы әдетте радиостанцияларды 1001 арна нөмірінен ары қарай орналастырады.

Теледидар арналарын көру опциялары

Сандық таратылым телеарналарын көргіңіз келген жағдайда, **≡** **OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып пайдалануға болатын опцияларды қараңыз.

- Кесте;
- Күй;
- Бейнені таңдау.

Кесте

Бұл опция осы арнадағы ағымдағы және келесі бағдарлама туралы ақпаратты көрсетеді. Мәтінді көріп шығу немесе келесі бағанға өту үшін, жылжу пернелерін пайдаланыңыз.

Күй

Хабар таратылымына байланысты, «Күй» бетінде тиісті ақпарат көрсетіледі. Бұл ақпаратты арна сигналын жақсарту немесе белгілі бір қызметтердің бар-жоғын тексеру үшін пайдалануға болады.

Бейнені таңдау

Сандық телеарналар бір телеарнада бейненің бірнеше сигналын (бірнеше жүйелі таратулар), бір оқиғаның әртүрлі бейне камера көріністерін я бұрыштарын немесе әртүрлі бағдарламаларды көру мүмкіндігін береді. Осындай телеарналардың кез келгені бар болса, теледидар кеңес беретін хабар көрсетеді. Бар болса, **≡** **OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Бейнені таңдау** параметрін таңдаңыз да, таңдау жасаңыз.

Арналар тізімі

Арналар тізімінде орнатылған барлық ТД және радио арналарын көруге болады.

Теледидарды көріп отырғанда арналар кестесін ашу үшін, **Q** **FIND** (Табу) түймесін басыңыз.

Арнаны өзгертпестен «Арналар тізімінен» шығу үшін, **Q** **FIND** (Табу) түймесін қайта басыңыз немесе **↶** (Артқа) түймесін басыңыз.


Арналар тізімінде телеарнаға немесе радио станциясына өтіп, **OK** түймесін басу арқылы телеарнаны көруге немесе радио станциясын тыңдауға болады.

Арналар тізімі бірнеше беттер тұруы мүмкін. Арна тізімінің келесі немесе алдыңғы бетін көру үшін, **▶** немесе **◀** түймесін басыңыз.

Арналар тізімінің опциялары

Арналар тізімі көрсетіліп тұрғанда, төмендегі опцияларды таңдау үшін, **≡** **OPTIONS** (Опциялар) түймесін басыңыз.

- Тізімді таңдау;
- Сүйікті деп белгілеу;
- Қайта ретке келтіру;
- Атауын өзгерту;
- Арнаны жасыру;
- Барлық жасырын арналарды көрсету.



Тізімді таңдау

Бұл опцияны пайдаланып, Арналар тізімінде көрсетілетін арналарды таңдаңыз. Таңдалған тізім **CH+** және **CH-** арқылы қаралатын арналарды белгілейді.

Сүйікті деп белгілеу

Арна тізімінде кез келген бір арна белгіленгенде, оны таңдаулы арна етіп орнатуға болады.

Негіздер > Теледидар көру > Сүйікті деп белгілеу тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Қайта ретке келтіру

Арналардың орындарын тізімнің ішінде өзгертуге болады.

1 **≡** **OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Қайта ретке келтіру** пәрменін таңдап арналардың ретін өзгертіңіз.

2 Арнаны бөлектеп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу пернелерінің көмегімен арнаны қажетті жерге орналастырыңыз. Немесе, сан пернелері арқылы жаңа орналасу орнын енгізіңіз.

4 Орынды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз. Арнаны енгізуге немесе оны ауыстыруға болады.
Басқа бір арнаны бөлектеп, тура солай жасауға болады.


Қайта ретке келтіру процесін тоқтату үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Қайта ретке келтіру параметрінен шығу** пәрменін таңдаңыз.

Атауын өзгерту

Арнаның атауын арналар тізімінде өзгертуге болады.

1 арналар тізімінде атауы өзгертілетін арнаны белгілеңіз.

2: **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Атауын өзгерту** пәрменін таңдап атауды өзгертіңіз. Мәтінді тікелей қашықтан басқару құралының пернелерімен немесе мәтінді енгізу мәзірінің жоғарғы жағындағы толық пернетақтаны ашып енгізуге болады.



Мәтінді қашықтан басқару құралының пернетақтасы арқылы енгізу

Меңзерді мәтінге орналастыру үшін, жылжу пернелерін пайдаланыңыз. Таңбаны өшіру үшін, **↵** (Артқа) түймесін басыңыз.

Таңбаны енгізу үшін, SMS/мәтінді хабар алмасқанда қолданғандай, қашықтан басқару құралының пернетақтасын пайдаланыңыз. Арнайы таңбаны таңдау үшін, **1** пернесін пайдаланыңыз. Таңбаны өшіру үшін, **Өшіру** пәрменін таңдаңыз. Атауын өзгерту параметрін ажырату үшін, **Дайын** параметрін таңдаңыз.

Мәтінді экрандағы пернетақта көмегімен енгізу

Мәтін енгізу мәзірінің жоғарғы жағындағы экрандық пернетақтаны шығару үшін, мәтіндегі меңзер жыпылықтағанда, **OK** түймесін басыңыз.

Пернетақтада, таңбаны белгілеу үшін, жылжу пернелерін пайдаланып, оны енгізу үшін, **OK** түймесін басыңыз. Таңбаны өшіру үшін, **↵** (Артқа) түймесін басыңыз немесе **✖** белгілеп, **OK** түймесін басыңыз.

Бас әріптерден кіші әріптерге немесе арнайы таңбалардың жиынына ауысу үшін, **►** (Келесі) немесе **◄** (Алдыңғы) түймесін басыңыз.

Мәтін жолының ішіндегі таңбаны өңдеу үшін, меңзерді осы таңбаға апарып, экрандағы бос орын түймесінің екі жағындағы **←** және **→** пернелерін пайдаланыңыз.

Экрандағы пернетақтаны жабу үшін, **Дайын** параметрін белгілеп, **OK** түймесін басыңыз.

USB пернетақтасы

Арналардың атын өзгерту үшін USB арқылы қосылған пернетақтаны пайдалануға болады. USB пернетақтасын қосу туралы ақпаратты **Анықтама > Байланыстар > Басқа құрылғыларды қосу > Пернетақта мен тінтуір** тармағынан оқыңыз.

Арнаны жасыру

Арналар тізіміндегі арнаны жасыруға болады. Арналарды қарап жатқанда, жасырылған арна еленбей өткізіледі.

1 Арналар тізімінде жасырылатын арнаны белгілеңіз.

2: **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Арнаны жасыру** пәрменін таңдаңыз. Арналар тізімі жабылғанда, арна да жасырылады.

Жасырын арналарды көрсету

Барлық жасырын арналарды қайтаруға және оларды қайтадан шығаруға болады.

1 Арналар тізімінде **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басып, **Жасырын арналарды көрсету** пәрменін таңдаңыз. Арналар тізімі қайтадан барлық арналарды көрсетеді.


2: **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Барлық жасырын арналарды көрсету** пәрменін таңдап, алдында жасырылған арналарды шығарыңыз.

Әйтпесе, алдында жасырылған арналарды сол қалпында қалдыру үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Шығу** пәрменін таңдаңыз.

Таңдаулы арналар

Арналар тізімінде арнаны таңдаулы етіп белгілеуге болады. Арналар тізімін тек таңдаулы арналарды көрсететін етіп реттеуге болады.

Телеарналарды көріп жатқанда, **Арналар тізімін ашу үшін, Q FIND** (Табу) түймесін басыңыз.



Арнаны сүйікті деп белгілеу

Теледидар көріп отырғанда, **Q FIND** (Табу) түймесін басып Арналар тізімін ашыңыз. Сүйікті болып белгіленетін арнаға өтіп, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басыңыз. **Сүйікті деп белгілеу** пәрменін таңдаңыз.

Арналар тізімінде сүйікті арна **★** белгісімен көрсетіледі. **Сүйікті белгісін алу** параметрі арқылы арнадан таңдаулы белгісін алуға болады.

Таңдаулы арналардың тізімі

Арналар тізімін тек сүйікті арналарды көрсететін етіп реттеуге болады.

Экранда тізім көрсетіліп тұрғанда, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Тізімді таңдау** пәрменін таңдаңыз. Тізімнен **Таңдаулылар** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Тізім таңдалып тұрғанда, тек таңдаулы арналарды шолуға болады.

Бағдарлама нұсқаулығы

Аймағыңызда бағдарламалар нұсқаулығының ақпаратын көру мүмкін болса, экранда көрсетілетін жоспарланған теледидар бағдарламаларымен бірге бағдарлама нұсқаулығын ашуға болады.

Бағдарлама нұсқаулығы тарату станциясы немесе интернет арқылы ұсынылады.



Бағдарлама нұсқаулығын ашу

Теледидар көріп жатқанда, **▲** түймесін басып, **Бағдарлама нұсқаулығы** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Параметрді өзгертпестен Бағдарлама нұсқаулығынан шығу үшін, **↶** (Артқа) түймесін басыңыз.

Бірінші рет қолдану

Бағдарлама нұсқаулығы алғаш ашылғанда, теледидар барлық телеарналардан бағдарлама таңдағышының ақпаратын іздейді. Бұл бірнеше минутқа созылуы мүмкін. Деректер теледидарда сақталады. Теледидар бағдарлама деректерін сегіз күн сақтауы мүмкін.

Бағдарлама нұсқаулығының опциялары

Бағдарлама нұсқаулығында таңдалып тұрғанда, **≡** **OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып төмендегілерді таңдаңыз.

• Еске сал. орн.

Бағдарлама басталатын уақытты көрсететін экрандық еске салғышты орнату үшін, **Еске сал. орн.** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Бағдарламаға **●** (Сағат) белгісі қойылады. Еске салғышты өшіру үшін, **Еске салуды өшіру** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

• Күнді өзгерту

Алдыңғы немесе келесі күнді бағдарламаларды көріңіз.

• Қосымша ақпарат

Бағдарламаның мәліметтерін және қысқаша ақпаратын көрсетеді.

• Жанр бойынша іздеу

Жанр бойынша таңдалған барлық бағдарламаларды көрсетеді.

• Жоспарланған еске салулар

Еске салғыш орнатылған болса, жоспарланған барлық еске салғыштардың тізімін көруге болады.

• Бағдарлама таңдағышын жаңарту

Алғаш іздегеннен кейін, теледидар бағдарлама нұсқаулығының деректерін сақтайды. Арналар жаңартылса не қайта орнатылса немесе Арналар тізімінің реті өзгертілсе, Бағдарлама нұсқаулығын жаңарту керек болады.

Жаңарту үшін, **Бағдарлама таңдағышын жаңарту** пәрменін таңдаңыз. Еске салулар өшіріледі.

Тарату станциясы немесе желі

Бағдарлама нұсқаулығының ақпаратын жіберілетін көзді таңдау үшін, **▲** > **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** > **Басымдықтар** > **Бағдарлама нұсқаулығы** тармағын таңдаңыз.

Желіден немесе **Хабар тарататын станциядан** параметрін таңдаңыз.

Желіден

Net TV қызметіне байланыстырылғанша, бағдарлама нұсқаулығының ақпараты тарату станциясынан келеді. Net TV қызметіне жалғанғаннан кейін, теледидар бағдарлама нұсқаулығының ақпаратын алу үшін, автоматты түрде интернетке қосылады.


Хабар тарататын станциядан

Нұсқаулық ақпараты хабар тарату станциясынан немесе оператордан келеді.

Зерделі сурет және дыбыс параметрлері

Суретті немесе дыбысты оңай реттеу үшін, әрқайсысы үшін алдын ала орнатылған параметрді таңдауға болады.

Теледидарды көріп жатқанда, **III ADJUST (РЕТТЕУ)** түймесін басып «Реттеу» мәзірін ашыңыз және **Зерделі сурет** немесе **Зерделі дыбыс** параметрін таңдаңыз. Тізімнен таңдау жасап, **OK** түймесін басыңыз.



Зерделі сурет және Зерделі дыбыс

Зерделі параметрлер ойнау немесе күндізгі жарықта көру сияқты арнайы пайдалануға бейімделген алдын ала орнатылған параметрлердің тіркесімі.

Таңдалған зерделі параметрдің жарықтық немесе контрасттылық, бас немесе дискант сияқты арнайы параметрін реттеуге болады. Зерделі параметр жасалған реттеулерді сақтайды.

Зерделі параметрлерді реттеу

Зерделі параметрдің арнайы параметрін реттеу үшін, зерделі параметрді таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Содан кейін **▲** түймесін басып, **Реттеу** параметрін таңдаңыз. **Теледидар параметрлері** тармағын таңдаңыз да, жеке параметрге өтіңіз және оны реттеңіз.

Жасалған реттеулерден бас тартып, бастапқы зерделі параметр мәндеріне қайту үшін, алдымен теледидарда қалпына келтірілетін зерделі параметрді орнатыңыз. Содан кейін **▲** > **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** тармағын таңдап, **Нөлдеу** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Жеке параметрлерді реттеу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама** > **Реттеу** > **Сурет және дыбыс** және **Ambilight** тармағынан көруге болады.

Зерделі суреттер тізімі

- **Жеке** — Сурет және дыбыс параметрл. реттеу тармағында жасалған таңдаулар
- **Жанды** — күндізгі жарықта көруге ыңғайлы
- **Табиғи** — табиғат суреттерінің параметрлері
- **Кинотеатр** — фильмдерді көруге ыңғайлы
- **Ойын** — ойын ойнауға ыңғайлы
- **Қуат үнемдеу** - қуатты үнемдейтін параметрлер

- **Стандартты** — әдепкі зауыттық параметрлер
- **Фотосурет** — фотосуреттерді көруге ыңғайлы
- **ISF күндізгі** және **ISF түнгі** - ISF функциясын мөлшерлеу параметрлері


Зерделі дыбыстар тізімі

- **Жеке** — Сурет және дыбыс параметрл. реттеу тармағында жасалған жеке таңдауларыңыз
- **Стандартты** — әдепкі зауыттық параметрлер
- **Жаңалықтар** — тыңдауға ыңғайлы
- **Кинотеатр** — фильмдерді көруге ыңғайлы
- **Ойын** — ойын ойнауға ыңғайлы
- **Драма** — мелодрамалар үшін ыңғайлы
- **Спорт** — спорттық бағдарламалар үшін ыңғайлы

Сурет форматы

Экранда қара жолақтар пайда болса, сурет пішімін экранды толтыратын пішімге реттеуге болады.

Теледидарды көріп жатқанда, **III ADJUST (PETTEY)** түймесін басып «Реттеу» мәзірін ашыңыз да, **Сурет форматы** тармағын таңдаңыз. Тізімнен пішімді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.



Сурет форматтары

Экрандағы бейнеге байланысты, келесі пішімдер қол жетімді болады:

• Автотолтыру

Экранды толтыру үшін, бейнені автоматты түрде үлкейтеді. Бейне өте аз мөлшерде бұрмаланады, субтитрлер көрінеді. Компьютер кірісіне сәйкес келмейді.

• Автомасштабтау

Бұрмалаусыз бейнені экранды мүмкіндігінше толтыратын етіп автоматты түрде масштабтайды. Қара жолақтар көрінуі мүмкін. Компьютер кірісіне сәйкес келмейді.

• Шамадан тыс үлкейту

4:3 пішімінде таратылатын хабарлардың жанындағы қара жолақтарды жояды. Сурет экранға сыятын етіп реттеледі.

• Кең экранды 16:9

Бейнені 16:9 пішіміне келтіреді.

• Кең экран

Бейнені 16:9 пішіміне созады.

• Масштабталмаған

HD немесе компьютер кірісіне арналған Маман режимі. Әр пиксел бойынша көрсету. Компьютерден алынған бейнелерде қара жолақтар пайда болуы мүмкін.

Күту режиміне ауыстыру

Теледидар қосулы болса, қашықтан басқару құралындағы **⏻** түймесін басып күту режимін ауыстырып қосыңыз. Қызыл күту режимінің перне көрсеткіші қосулы болады. Күту режимінде болғанда теледидар өте аз қуат тұтынғанымен, қуат әлі де тұтынылады.

Теледидар ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, теледидарды қуат түймесімен толық өшіріңіз.

Автоматты сөндіру

Теледидарды монитор ретінде пайдаланылып немесе теледидарды көру үшін сандық ресивер (сандық ТВ ресивері - STB) қолданылып, теледидардың қашықтан басқару құралы қолданылмаса, автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратыңыз.

Бұл әрекет теледидардың қашықтан басқару құралының пернесі 4 сағат басылмаса орын алатын автоматты өшуіне жол бермейді.


Автоматты өшіру мүмкіндігін ажырату үшін, телеарналарды көріп жатып **жасыл** пернені басыңыз да, алдымен **Автоматты сөндіру**, одан кейін **Өшірулі** тармақтарын таңдаңыз.

2.4 3D

Не қажет

Бұл — 3D Max теледидары. Осы теледидарда 3D пішіміндегі бейнені көру үшін, Philips 3D Max белсенді көзідірігі - PTA516 (бөлек сатылады) керек болады. Басқа 3D көзідіріктеріне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Көзідіріктің инфрақызыл сигналына кедергі болмауы үшін, теледидардағы 3D таратқышының алдында тұрған заттарды алып тастаңыз.



3D пішімінде көру

3D фильмін немесе бағдарламасын көру үшін, 3D фильмін 3D Blu-ray диск ойнатқышына салыңыз немесе 3D бағдарламаларын көрсететін телеарнаны табыңыз.

🏠 (Негізгі экран) түймесін басып, **3D Blu-ray дискі ойнатқышын** таңдаңыз немесе **Теледидар көру** параметрін таңдап, телеарнаны табыңыз.

3D бастау

Теледидар 3D пішімін анықтай алады. 3D хабары көрсетілгенде, **Бастау 3D** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. 3D көзідірігін киіңіз. Теледидар 3D сигналын анықтай алмаса (3D сигналының белгісі болмаса), 3D бағдарламасы экранда қос бейне ретінде көрсетіледі.

Қо бейнені 3D мүмкіндігіне ауыстыру үшін, **III ADJUST (PETTEY)** түймесін басып, **3D** пішімі тармағын таңдаңыз да, қос бейне позициясына қарай **Қатар** немесе **Жоғары / төмен** параметрін таңдаңыз.

Қалыпты пішімдеу нәтижесінде ерекше 3D әсерлері пайда болса, кері бағытталған пішімді таңдау керек болуы мүмкін.

3D тоқтату

3D бейнесінің көрсетілуін тоқтату үшін, **III ADJUST (PETTEY)** түймесін басып, **2D-3D** мәзірінде **2D** тармағын таңдаңыз. Басқа арнаға немесе жалғанған құрылғыға ауысып та 3D мүмкіндігін ажыратуға болады.

2D көрінісін 3D көрінісіне түрлендіру

Кез келген 2D пішіміндегі бағдарламаны 3D пішімінде көру үшін түрлендіруге болады.

2D пішіміндегі бағдарламаны 3D пішіміне түрлендіру үшін, **III ADJUST (PETTEY)** түймесін басып, **3D**, одан кейін **2D көрінісін 3D көрінісіне түрлендіру** параметрін таңдаңыз.

2D көрінісін 3D көрінісіне түрлендіру процесін тоқтату үшін, «3D» мәзірінен **2D** тармағын таңдаңыз немесе негізгі мәзірден басқа әрекетті таңдаңыз. Теледидар арналарын ауыстырғанда, түрлендіру тоқтатылады.

3D тереңдігі

3D көрінісінің тереңдігін әлсіздеу немесе күштірек 3D әсеріне өзгертуге болады.

3D тереңдігін орнату үшін, **III ADJUST (PETTEY)** түймесін басыңыз да, **3D тереңдігі** тармағын таңдаңыз. 3D тереңдігін орнату үшін сырғытпа жолағын пайдаланып, **OK** түймесін басыңыз.


Ерекшеліктері

- 3D TD сигналы 2D мүмкіндігіне ауыстырылып қосылса, теледидар тек 3D мүмкіндігінен қалған бейнені көрсетеді.
- 3D мүмкіндігіне «Multi view» көрінісінде қолдау жоқ

3D бейнелерін оңтайлы көру

3D бейнелерін оңтайлы көру үшін ұсынатынымыз:

- теледидардан кемінде теледидар биіктігінен үш есе артық болатын қашықтықта, бірақ 6 метрден аспай отырыңыз.
- құралды флюоресцентті жарықтан (мысалы, төмен жиілікте жұмыс істейтін өте жарық сәуле немесе кейбір қуат үнемдейтін жарық шамдары) және тікелей күн сәулесінен сақтаңыз, өйткені олар 3D бейнесін көруге кедергі жасауы мүмкін.



Денсаулыққа қатысты ескерту

- Өзіңіз немесе жанұяңыз эпилепсия немесе жарық сезгіштік талмасына шалдыққан болсаңыз, жыпылықтайтын жарық көздеріне, тез ауысатын суреттерге немесе үш өлшемді бейнені көруге шығар алдында, дәрігерге қаралыңыз.
- Бастың айналуы, бас ауруы немесе бағытынан адасу сияқты ыңғайсыздықты болдырмау үшін, 3D бейнесін ұзақ уақыт бойы көрмеген дұрыс.

Кез келген жайсыздық сезілген жағдайда, 3D бейнесін көруді тоқтатып, симптомдар жоғалғанша, ықтимал қауіпті ешбір іс-әрекетке бірден қатыспаңыз (мысалы, көлік жүргізу). Симптомдар жоғалмаса, алдымен дәрігерге қаралмастан, 3D бейнелерін көруді жалғастырмаңыз.

- Ата-аналар үш өлшемді бейнені көру кезінде балаларын бақылауы керек және олардың жоғарыда аталған жайсыздыққа ұшырамауын қамтамасыз етуі керек. 3D бейнесін көру 6 жастан кіші балаларға ұсынылмайды, өйткені олардың көру жүйесі әлі толық жетілмеген.
- 3D көзілдірігін 3D теледидарын көруден басқа ешқандай мақсатта пайдаланбаңыз.
- **ШАШАЛЫП ҚАЛУ ҚАУПІ** - 6 жастан кіші балалардың 3D көзілдірігімен ойнауына жол бермеңіз, олар батарея қақпағын немесе батареяны (бар болса) жұтып, шашалуы мүмкін.

Тазалау және күтім

- 3D көзілдірігін күн сәулесі тікелей түсетін, ыстық, отты немесе сулы жерде сақтамаңыз. Өнім дұрыс істемеуі немесе өрт шығуы мүмкін.
- Линзаларға сызат түсірмеу үшін таза, жұмсақ шүберек (ұсақ талшықты немесе мақта шүберек) пайдаланыңыз. Тазалау құралын ешқашан 3D көзілдірікке тікелей сеппеңіз. Бұл электроникаға зақым тигізуі мүмкін.
- 3D көзілдірігінің линзасын түсіріп алмаңыз, майыстырмаңыз немесе күш түсірмеңіз.
- Спирт, еріткіш, беттік белсенді құрал, парафин, бензин, масалардан қорғау құралы немесе майлайтын құрал бар тазалайтын химиялық құралдарды пайдаланбаңыз. Бұл химиялық құралдар түстің бұзылуына немесе жарықтардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

2.5 Жалғанған құрылғылар

Құрылғыны таңдау

Негізгі мәзірден таңдау



Жалғанған құрылғыны таңдау және көру үшін,  түймесін басып, **Негізгі мәзірді** ашыңыз да, құрылғыны немесе оның әрекетін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Құрылғының қосылып тұрғанын тексеріңіз.

Кейін таңдау оңай болу үшін, жалғанған құрылғыны негізгі мәзірге қосыңыз.

Құрылғыларды қосу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама** > **Негіздер** > **Мәзірлер** > **Негізгі мәзір** тармағынан қараңыз.

Байланыстар тізімінен таңдау

Қосылымдар тізімін ашу үшін,  **SOURCE** (Көз) түймесін басыңыз. Теледидар қосылуын таңдаңыз да, **OK** түймесін басып, сол қосылудағы құрылғыға ауысыңыз. Құрылғының қосылып тұрғанын тексеріңіз.



Жалпы, бұл түймелер келесі құрылғы мәзірлерін ашады:

- 1 Негізгі мәзір
- 2 Реттеу мәзірі
- 3 Диск мәзірі (диск мазмұны)
- 4 Қалқымалы мәзір
- 5 Опциялар мәзірі
- 6 Бағдарламалар нұсқаулығы
- 7 Мультимедиа таңдау

EasyLink туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама)** > **Setup (Параметрлерді орнату)** > **Devices (Құрылғылар)** > **EasyLink HDMI-CEC** тармағынан көруге болады.

Құрылғыларды басқару

Теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы да жалғанған құрылғыны басқаруға болады. Құрылғыда EasyLink (HDMI-CEC) мүмкіндігі болып, ол қосылған болуы керек. Сондай-ақ, құрылғы HDMI кабельдің көмегімен жалғанған болуы керек.

EasyLink құрылғысын басқару

Ондай құрылғыны теледидардың қашықтан басқару құралымен басқару үшін, құрылғыны немесе оның әрекетін  негізгі мәзірде таңдап, **OK** түймесін басыңыз.  **ADJUST (РЕТТЕУ)** және  **OPTIONS (Опциялар)** пернесінен басқа барлық пернелердің пәрмендері құрылғыға жіберіледі.

Қажетті перне теледидардың қашықтан басқару құралында болмаса, «Құрылғы түймелерін көрсету» пәрмені арқылы қосымша пернелерді экранға шығаруға болады.

Құрылғы түймелерін көрсету

Экранға құрылғының түймелерін шығару үшін,  **OPTIONS (Опциялар)** түймесін басып, **Құрылғы түймелерін көрсету** пәрменін таңдаңыз. Керекті түймені таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Құрылғы түймелерін жасыру үшін,  (Кері) пернесін басыңыз.


2.6 Субтитрлер, таймерлер және қорғау құлыптары

Субтитрлер

Бағдарлама субтитрлері көп жағдайларда көрсетіліп тұрады. Субтитрлерді қосуға немесе өшіруге болады. Субтитрлерді орнату жолы арнаның аналогты немесе сандық болуына байланысты.

Субтитрлерді қосу

Субтитр мәзірін ашу үшін, **SUBTITLE** (Субтитр) пернесін басыңыз. Субтитрлерді **Қосу** немесе **Өшіру** етіп орнатуға болады. **Дыбыссыз кезде қосу** опциясын дыбыс  арқылы өшірілгенде ғана таңдаңыз.



Аналогты арналар үшін

Арнаның субтитрлерін пайдалану үшін, арнаға өтіңіз де, **TEXT** (Телемәтін) пернесін басып, Телемәтін мәзірін ашыңыз. Субтитрлердің бет нөмірін (әдетте 888) енгізіңіз де, **TEXT** (Телемәтін) пернесін қайта басып, Телемәтін мәзірін жабыңыз. «Субтитр» мәзірінде қосылып тұрғанда, бар болса, субтитрлер көрсетілетін болады. Әр аналогты арнаны бөлек реттеу керек.

Сандық арналар үшін

Сандық арналар үшін телемәтінде субтитрлерді қосудың қажеті жоқ. Қажетті негізгі және қосымша субтитр тілін орнатуға болады. Бұл тілдер арнада болмаса, басқа бар тілді таңдауға болады.

Негізгі және қосымша субтитр тілін орнату үшін  түймесін басып, **Реттеу > Арна параметрлері** тармағы ішінен **Тілдер > Негізгі және Қосымша субтитрлер** тармақтарын таңдаңыз.

Қалаған тілдеріңіздің ешқайсысы көрсетілмеген жағдайда субтитр тілін таңдау үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Субтитр тілі** тармағын таңдаңыз да, уақытша орнатылатын тілді таңдаңыз.

Дыбыс тілдері

Сандық телеарналар бағдарламамен бірге бірнеше дыбыс тілін таратуы мүмкін. Теледидарды хабар таратылып жатқанда қалаған тілге ауыстыруға болады.

Тілді орнату

Қалаған аудио тілін орнату үшін,  түймесін басып, **Реттеу > Арна параметрлері** тармағын таңдаңыз да, **Тілдер > Негізгі және Қосымша аудио** параметрлерін таңдаңыз. Теледидар автоматты түрде тілдеріңіздің (бар болса) біреуіне ауысады.

Дыбыс тілінің бар-жоғын тексеру үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Аудио тіл** тармағын таңдаңыз. Тізімнен басқа дыбыс тілін таңдауға болады.

Кейбір сандық телеарналар есту немесе көру қабілеті нашар кісілер үшін арнайы дыбыс пен субтитрлерді таратады.

Анықтама > Реттеу > Әмбебап пайдалану тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Балалардан қорғау құлыптары

Балаларға арнаны немесе бағдарламаны көруге кедергі жасау үшін, арналарды немесе жас шектеуі бар бағдарламаларды құлыптауға болады.

Ата-аналық рейтинг

Кейбір сандық телестанциялардың бағдарламаларында жас шектеуі болады. Шектеу баланың жасына қойылған шектеумен бірдей немесе одан жоғары болғанда, бағдарлама құлыптанады.

Құлыптанған бағдарламаны көру үшін, Балалардан қорғау кодын енгізу керек. Ата-ана бақылауының жас шектеуі барлық арналар үшін орнатылады.

Жас шектеуін орнату

 түймесін басып, **Реттеу > Арна параметрлері** тармағына өтіп, **Балалардан қорғау құлпы > Ата-аналық рейтинг** параметрін таңдаңыз.

Жас шектеуін таңдау үшін, алдымен 4 сандық балалардан қорғау кодын енгізу керек. Балалардан қорғау коды орнатылмаған болса, кодты қазір орнатуға болады.

Код енгізілгенде, жас шектеуін таңдауға болады. Бағдарлама шектеуі баланың жасына қойылған шектеумен бірдей немесе одан жоғары болса, бағдарлама құлыптанады. Теледидар бағдарламаны ашатын кодты сұрайды. Кейбір операторларда теледидар тек шектеуі жоғары бағдарламаларды құлыптайды.

Арнаны құлыптау

Арнаны құлыптау үшін,  түймесін басып, **Реттеу > Арна параметрлері** тармағына өтіп, **Балалардан қорғау коды > Арнаны құлыптау** параметрін таңдаңыз. Арна нөмірлерінің тізімінде, арнаны таңдап, құлыптау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Тізімдегі құлыптанған арна **X** болып белгіленеді. Енді құлыптау немесе ашу үшін, басқа арнаны таңдауға болады. Құлып мәзір жабылғаннан кейін қойылады.

Жалғанған құрылғылардың бағдарламаларын құлыптау мүмкін емес.

Кодты өзгерту

Ағымдағы құлыптау кодын өзгерту үшін,  түймесін басып, **Реттеу > Арна параметрлері** тармағын және **Балалардан қорғау құлпы > Кодты өзгерту** тармағын таңдаңыз. Ағымдағы кодты енгізіп, жаңа кодты екі рет енгізіңіз. Жаңа код орнатылады.

Кодты ұмытып қалдыңыз ба?

Егер кодты ұмытып қалып, оны ауыстырғыңыз келсе, **8888** санын теріңіз.

Түнгі таймер

Түнгі таймер көмегімен теледидарды белгіленген уақыт өткенде күту режиміне автоматты өтетін етіп реттеуге болады.

Түнгі таймерді орнату үшін,  > Реттеу > Теледидар параметрлері > Басымдықтар > Түнгі таймер тармақтарын ашыңыз. Сырғытпа жолағын пайдаланып уақытты 5 минуттық қадаммен 180 минутқа дейін орнатуға болады. 0 минутқа қойылса, түнгі таймер өшеді.

Кері санау кезінде теледидарды ертерек өшіруге немесе уақытты нөлдеуге болады.

3 Smart TV

3.1 Net TV

Net TV деген не?

Net TV қызметі Apps деп аталатын Интернет қолданбаларын ұсынады. Бұл Apps қолданбалары теледидарыңызға бейімделген. Осы Apps қолданбалары көмегімен еліңіздегі газеттерді оқуға, ақпараттық ойын-сауық бағдарламаларын көруге, бейнефильмдер дүкенінен фильмдерді жалға алуға немесе жіберіп алған бағдарламаларды қайта көру қолданбаларымен көруге болады. Тұрып жатқан еліңізге байланысты Net TV Apps қолданбаларының көптеген түрлерін пайдалануға болады.

Smart USB жазу

Теледидар Интернетке қосылып тұрғанда, бағдарламаларды теледидардың бағдарлама таңдағышынан жазып алуға да болады. Бағдарламаларды жазып алу үшін, теледидарға USB қатты дискісін жалғау керек.

Net TV сипаттары

- Net TV Apps қолданбаларын пайдалану мүмкіндігі елге байланысты әрқалай болады.
- Net TV көмегімен қалаған кез келген Интернет торабын көруге болады, бірақ олардың көбі теледидар экранына бейімделмеген, сондай-ақ кейбір плагиндер (мысалы, беттерді немесе бейнелерді көруге арналған) теледидарда жоқ.

- Net TV Apps қолданбаларын қосуға, өзгертуге немесе ажыратуға болады.
- Net TV бір уақытта бір бетті бүкіл экранға толық көрсетеді.
- Файлдарды жүктеу және сақтау, сонымен қатар қосымша модульдерді орнату мүмкін емес.

Net TV форумының веб-торабы


Net TV Apps қолданбалары туралы қосымша ақпаратты Net TV форумының веб-торабынан табыңыз.
www.supportforum.philips.com

TP Vision Netherlands B.V. компаниясы мазмұн қызметін ұсынушылар берген мазмұн мен мазмұнның сапасына жауап бермейді.

Не қажет

Net TV қызметін пайдалану үшін, теледидарды Интернетке жоғары жылдамдықты (кең жолақты) байланыс мүмкіндігі бар маршрутизаторға жалғау керек. Интернетке қосылған үй желісін де пайдалануға болады. Компьютердің керегі жоқ.


Үй желісіне қосылу туралы ақпаратты **Анықтама > Реттеу > Желі** тармағынан оқыңыз.



Пернетақта мен тінтуір

Мәтін енгізу немесе бет ішінде жылжу үшін, теледидарға USB пернетақтасы мен USB тінтуірін жалғауға болады. USB тінтуірімен тек Интернет беттерінде жылжуға болады. Net TV app беттерінде жылжу мүмкін емес.

Пернетақтаны немесе тінтуірді жалғау туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Байланыстар > Басқа құрылғыларды жалғау > Пернетақта және тінтуір** тармағынан қараңыз.



Параметрлерді реттеу

Net TV қызметін алғаш рет ашқанда, жұмысты жалғастыру үшін шарттар мен ережелерге келісім беру керек. Келісім беру үшін, **ОК** түймесін басыңыз. Net TV қызметінен шығу үшін, **↩** (Кері) пернесін басыңыз.

Тіркеу

Келісім берген жағдайда, Philips клубына тіркелуге мүмкіндік аласыз. Тіркелу пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Электрондық поштаңыздың мекенжайын енгізіп, **Жалғастыру** пәрменін таңдаңыз да, **ОК** түймесін басыңыз. Электрондық пошта мекенжайын растаңыз.

Ата-аналық бақылау

18+ ересек адамдар дәрежесіндегі қолданбаларды құлыптау үшін, Net TV қызметінің ата-ана бақылауы мүмкіндігін **Қосу** пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Таңдауыңыздың құлын ашу PIN кодын енгізіңіз. PIN кодын растаңыз. 18+ ересек адамдарға арналған қолданбалар енді құлыптанды.

Құлыптанған қолданбаны ашу үшін, оны таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Теледидар 4 сандық кодты енгізуді сұрайды.

Net TV жадын тазалау

Net TV параметрлерін қайтарып, құпия сөздердің, PIN кодтарының, журналдың және куки-файлдардың барлығын жою үшін, **🏠** (Негізгі мәзір) түймесін басыңыз, **Реттеу** > **Желі параметрлері** > **Net TV жадын тазалау** тармағын таңдаңыз.

Net TV қолданбалары

Net TV қызметін ашу

Net TV қызметін ашу үшін, **🏠** (Негізгі мәзір) түймесін басып, **Net TV-ға шоу** пәрменін таңдаңыз да, **ОК** түймесін басыңыз. Net TV қызметін жабу үшін, **🏠** (Негізгі мәзір) түймесін басып, теледидардың басқа әрекетін таңдаңыз.

Net TV бастапқы беті

Net TV қызметін ашқанда, бастапқы бет көрсетіледі. Бетте жылжу үшін, **▲**, **▼**, **◀** немесе **▶** түймесін басыңыз. Қолданбаны ашу үшін, оны таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. 1 қадам кері қайту үшін, **↶** (Кері) түймесін басыңыз.

Бастапқы бет

- 1 App галереясы
- 2 Қолданбаларыңыз
- 3 Интернет қолданбасы
- 4 Ағымдағы телеарна



App галереясы

Бастапқы бетке қосылатын қолданбаларды іздеу үшін, **App галереясы** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Қолданбаны бастапқы бетке қосу үшін, оны тізімнен таңдап, **Қосу** пәрменін таңдаңыз. Санат бойынша іздеу үшін, санат жолын (Барлығы) таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Экрандық пернетақтаны шығару үшін, мәтін енгізу жолын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Басқа елдің App галереясына ауысу үшін, ел жолағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Қолданбаны құлыптау немесе жою

Қолданбаны құлыптау немесе жою үшін, оны таңдап, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басыңыз. Опцияны таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Қолданбаны немесе бетті қайта жүктеу

Қолданбаны немесе Интернет бетін қайта жүктеп көру үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Бетті қайта жүктеу** пәрменін таңдаңыз.

Қауіпсіздік ақпараты

Кіріп отырған беттің қауіпсіздік деңгейін көру үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Қауіпсіздік ақпараты** тармағын таңдаңыз.

Интернет веб-тораптары

Интернет тораптарын шарлау үшін, Net TV бастапқы бетіндегі **Интернет** қолданбасын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Экрандық пернетақтаны шығару үшін, мәтін енгізу жолын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Кірген веб-торапты тізімнен жою үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Журналдан жою** пәрменін таңдаңыз.

Фильмді жалға алу

Net TV қызметіндегі бейне дүкені қолданбаларының көмегімен таңдаулы фильміңізді желідегі жалға беретін бейне дүкенінен алуға болады. Несие картамен қауіпсіз түрде төлеуіңізге болады.


- 1 Бейне дүкені қолданбасын ашыңыз.
- 2 Бейнені таңдаңыз.
- 3 Желі арқылы төлем жасаңыз.
- 4 Бейнені жүктеп алыңыз.
- 5 Көре беріңіз.

Не қажет

Бейнені жалға алып, жүктеп алу үшін, теледидарға жоғары жылдамдықты (кең жолақты) Интернет қосылған болуы керек. SD жад картасы да керек болады. Желіге қосылу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама** > **Реттеу** > **Желі** тармағынан көруге болады.

Бейне жады

Бейне жүктеп алу үшін, SD жад картасын бейне жады ретінде пішімдеу керек. SD картасын теледидардың бүйіріндегі SD картасының ұясына салыңыз. Теледидар SD картасын автоматты түрде пішімдей бастайды. Бейне тасымалына жазу жылдамдығы жеткілікті болмаса, SD картасы қабылданбауы мүмкін. Пішімделгеннен кейін, картаны ұяда қалдырыңыз.



SD жад картасының көлемі

Сақтау орны кемінде 4 ГБ болатын SD HC (High Capacity) жад картасын пайдаланыңыз. Жоғары айқындықты (HD) бейнелер үшін сақтау орны кемінде 8 ГБ болатын SD карталарын пайдаланыңыз. 2-жылдамдық сыныбына жататын немесе одан жоғары картаны пайдаланыңыз.

Бейне дүкені қолданбасын ашу

Бейне дүкенін ашу үшін,  (Негізгі мәзір) түймесін басып, **Net TV** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Net TV бастапқы бетінен бейне дүкені қолданбасын таңдаңыз. Бейне дүкенін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. App галереясы арқылы бейне дүкені қолданбасын бастапқы бетке қосуға болады. Бейне дүкендерін пайдалану мүмкіндігі елге қарай әртүрлі болады.

Бейнені жалға алу

Бейне дүкенін ашқанда, жүйеге кіруіңіз немесе жүйеге кіру есептік жазбасын жасауыңыз сұралады. Мәтін енгізу жолағы таңдалып тұрғанда, **OK** түймесін басып экрандық пернетақтаны шығарыңыз. Қосымша ақпаратты бейне дүкенінің веб-торабынан қараңыз.

Желілік ТВ

Net TV қызметінің желідегі ТВ қолданбалары көмегімен өткізіп алған бағдарламаларды көруге болады. Әдетте, осындай желідегі ТВ қолданбасын телестанцияның логотипінен тануға болады.

Не қажет

Желідегі телебағдарламаларды көру үшін, теледидарға жоғары жылдамдықты (кең жолақты) Интернет қосылған болуы керек. Желіге қосылу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Реттеу > Желі** тармағынан көруге болады.

Желіде теледидар көру

Net TV қызметінде желідегі телебағдарламаны көру үшін,  (Негізгі мәзір) түймесін басып, **Net TV-ға шолу** пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Net TV бастапқы бетінде телестанция қолданбасын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. App галереясы арқылы желідегі ТВ телестанциясының қолданбасын бастапқы бетіңізге қосуға болады.

Бағдарламаны іске қосу

Желідегі ТВ қолданбалары бетінен бағдарламаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Әдетте қашықтан басқару құралындағы ► (Ойнату) немесе **II** (Кідірту) пернелерін пайдалануға болады.

3.2 Интерактивті теледидар

iTV деген не?

Интерактивті теледидар көмегімен кейбір сандық телестанциялар өздерінің қалыпты ТВ бағдарламаларын ақпаратпен немесе ойын-сауық беттерімен біріктіреді. Кейбір беттерде бағдарламаға әрекет етуге немесе дауыс беруге, Интернет арқылы заттар сатып алуға немесе сұрау бойынша бейне бағдарламасы үшін төлеуге болады.

HbbTV, MHEG, MHP, DTVi, . . .

Телестанциялар түрлі интерактивті ТВ жүйелерін пайдаланады. Бұлар: HbbTV (Hybrid Broadcast Broadband TV) немесе iTV (Interactive TV - MHEG). Интерактивті телевизияны кейде Сандық телемәтін немесе Қызыл түйме деп те атайды. Бірақ әр жүйе ерекше болып келеді. Қосымша ақпаратты телестанциялардың Интернет тораптарынан қараңыз.

Не қажет

Интерактивті теледидарды тек сандық телеарналарда пайдалануға болады. Интерактивті теледидар мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін, теледидарға жоғары жылдамдықты (кең жолақты) Интернет қосылған болуы керек.

Желіге қосылу туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама) > Setup (Параметрлерді орнату) > Network (Желі)** тармағынан көруге болады.

iTV беттерін ашу

HbbTV немесе iTV қызметін қамтамасыз ететін арналардың көбі интерактивті бағдарламаларын ашу үшін **қызыл** пернені немесе **OK** пернесін басуды ұсынады.

iTV беттерін жабу

iTV беттерінің көбінде жабу үшін қолданылатын пернені көрсетеді.

Сандық телемәтін мен Қызыл түйме үшін **↩** (Кері) түймесін басыңыз.

iTV бетін жабу үшін, келесі телеарнаға ауысып, қайта оралыңыз.

iTV беттерінде жылжу

Жылжу және түрлі түсті пернелерді, сан пернелері мен **↩** (Кері) пернесін пайдаланып iTV беттерінде жылжуға болады. **▶** (Ойнату), **||** (Кідірту) және **■** (Токтату) пернелерін пайдаланып iTV беттерінде бейнелерді көруге болады.

Сандық мәтін (тек Ұлыбритания үшін)

Сандық телемәтінді ашу үшін, **TEXT** (Телемәтін) пернесін басыңыз. Жабу үшін, **↩** (Кері) пернесін басыңыз.

HbbTV сілтемелері

Кейбір HbbTV беттерінде Интернетке кіру сілтемелері бар. Теледидарыңыз Net TV қызметін ауыстырып қосып осы Интернет тораптарын көрсетеді. Теледидарды қайтадан қалыпты көру үшін, **🏠** (Негізгі мәзір) пернесін басу, ал телеарнаны көруді жалғастыру үшін, **Теледидар көру** пәрменін қайта таңдау керек болуы мүмкін.

HbbTV беттерін құлыптау

HbbTV беттерін арнайы арнада құлыптау үшін, арнаға өтіп, **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Осы арнадағы HbbTV** тармағын, онда **Өшірулі** параметрін таңдаңыз. HbbTV қызметін барлық арналарда құлыптау үшін, **🏠** (Негізгі мәзір) пернесін басып, **Реттеу** мәзірін ашыңыз да, **Теледидар параметрлері > HbbTV** тармағын және **Өшірулі** параметрін таңдаңыз.

MHP беттерін ашу

Теледидарда ел ретінде Италия орнатылса, MHP (Multimedia Home Platform) интерактивті қолданбаларын пайдалану мүмкін болады.

Теледидарды MHP қолданбасын ұсынатын телеарнаға дәлдегенде, MHP жүктеу белгішесі қолданбаны толығымен жүктегенше күтіңіз.

MHP беттерін ашу үшін, қолданбаға байланысты, не **қызыл** түсті пернені, не **Телемәтін** түймесін басыңыз. MHP беттерін жабу үшін **Шығу** опциясын таңдаңыз.

MHP беттерінде жылжу

MHP беттерінде жылжу үшін, жылжу және түрлі түсті пернелерді, сан пернелерін және **↩** (Кері) пернесін пайдалануға болады. Қашықтан басқару құралындағы пернелерді пайдаланып SMS/мәтінді хабар жазғандай мәтінді теруге болады. Не болмаса мәтін енгізу жолында **OK** түймесін басып экрандық пернетақтаны шығаруға болады.

Авто қосу

Теледидар MHP беттерін автоматты түрде жүктеу күйіне орнатылған. Автоматты түрде жүктелмеу үшін, MHP авто қосу функциясын өшіріп қоюға болады.

Автоматты қосу функциясын өшіру үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **MHP қолданбалары** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Автоматты жүктеуді ажырату үшін, **MHP автоматты қосу мүмкіндігін өшіру** пәрменін таңдауға болады.

MHP қолданбаларын таңдау


Кейбір MHP беттері ашылмауы мүмкін. Ондай жағдайда қолданбаны MHP қолданбалары тізімінен қосып көруге болады.

≡ OPTIONS (Опциялар) пернесін басып, **MHP қолданбалары** тармағын және **MHP автоматты қосу мүмкіндігін өшіру** пәрменін таңдаңыз. Бұл параметр қолданбаларды жеке-жеке таңдауға мүмкіндік береді. Тізімнен керекті қолданбаны таңдаңыз да, **OK** түймесін басып оны іске қосыңыз.

3.3 Бейнелер, фотосуреттер және музыка

USB шолуы

USB жад құрылғысынан суреттерді көруге немесе музыканы және бейнені ойнатуға болады. Теледидар қосылып тұрғанда, теледидардың сол жағындағы USB ұясына USB құрылғысын жалғаңыз. Теледидар құрылғыны тауып, оның мазмұнын көрсететін тізімді ашады. Тізім автоматты түрде көрсетілмесе, **↑** түймесін басып, **USB шолуы** пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.



USB шолуы опциясынан шығу үшін, **↑** түймесін басып, басқа бір әрекетті таңдаңыз немесе USB жад құрылғысын ажыратыңыз.

Суреттерді көру

Суреттерді көру үшін, тізімде суретті таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Қалтада басқа суреттер болса, теледидар осы суреттерді слайд-шоу түрінде көрсетеді.

Тоқтату үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып, **Тоқтату** пәрменін таңдаңыз.

Слайд-шоуды кідірту немесе қайта ойнату үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Келесі суретті көру үшін **▶** түймесін басыңыз.

Алдыңғы суретті көру үшін, **◀** түймесін басыңыз.

Фотосуреттердің опциялары

Төмендегілерді таңдау үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басыңыз.

- Ақпаратты көрсету
- Тоқтату
- Бір рет ойнату / қайталау
- Бұру
- Кездейсоқ ойнатуды қосу / өшіру
- Слайд-шоу жылдамдығы
- Слайд-шоу қозғалысы
- Scenea етіп орнату

Еркін: қосулы

Файлдарды кездейсоқ ойнатады.

Scenea етіп орнату

Ағымдағы суретті Scenea үшін тұсқағаз ретінде орнатады.

Бейнелерді немесе музыканы ойнату

Бейнелерді немесе музыканы ойнату үшін, тізімнен файлды таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Қалтада басқа музыка немесе бейне файлдары болса, теледидар файлдарды бірінен соң бірін ойнатады. Тоқтату үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басыңыз.

Кідірту немесе ойнату үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Қалтадағы келесі файлды ойнату үшін, **▶** түймесін басыңыз.

Алдыңғы файлды ойнату үшін, **◀** түймесін басыңыз.

Ілгері айналдыру үшін, **▶** түймесін басыңыз.

Кері айналдыру үшін, **◀** түймесін басыңыз.

Музыка мен бейне опциялары

Төмендегілерді таңдау үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басыңыз.

- Тоқтату
- Бір рет ойнату / қайталау
- Кездейсоқ ойнатуды қосу / өшіру

Музыка тыңдап отырып, сурет көру

Музыканы ойнатып қойып, суреттерді көруге болады.

Суреттердің слайд-шоу көрсетілімін музыканы қосқаннан кейін бастаңыз.

1 Музыкалық файлдары бар қалтаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

2 Фотосурет файлдары бар қалтаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Тоқтату үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып,

Тоқтату пәрменін таңдаңыз.

Экран өшірулі

Тек музыка тыңдап отырғанда, қуатты үнемдеу үшін, теледидар экранын сөндіріп қоюға болады.

Экранды сөндіру үшін, **жасыл** пернені басып, **Screen off (Экран өшірулі)** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Экранды қайтадан қосу үшін, қашықтан басқару құралындағы кез келген пернені басыңыз.

Үйлесімді ойнату пішімдерінің тізімін **Анықтама > Техникалық сипаттар > Мультимедиа** бөлімінен қараңыз.

Компьютерді шолу

Үй желісіндегі компьютерден фотосуреттерді көруге немесе музыканы және бейнелерді ойнатуға болады.

Теледидар DLNA сертификациясынан өткен және DLNA сертификациясынан өткен басқа құрылғылармен бірге пайдалана беруге болады.

Не қажет

Компьютер файлдарын көру үшін, теледидарды үй желісіне қосу керек. Сондай-ақ файлдарды теледидармен ортақ пайдалану үшін, компьютердің медиа сервер бағдарламалық құралын реттеу керек.

Компьютерді шолу

Компьютер файлдарын көру үшін, **↑** түймесін басып, **Компьютер. шолу** пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Компьютерді шолу параметрін жабу үшін, **↑** түймесін басып, басқа әрекетті таңдаңыз.

«Компьютер. шолу» пәрмені таңдалғанда желі әлі орнатылмаған болса, автоматты түрде орнатыла бастайды. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Файлдарды таңдау, көру және ойнату үшін, **Анықтама > Smart TV > Бейнелер, фотосуреттер және музыка > USB шолуы** тармағын таңдаңыз.

Қолдануға болатын ойнату пішімдерінің және медиа сервер бағдарламалық құралдар тізімін **Анықтама > Техникалық сипаттамалар > Мультимедиа** ішінен табыңыз.

Желіге қосылу туралы ақпаратты **Анықтама > Реттеу > Желі** бөлімінен оқыңыз.

Scenea

Scenea арқылы фотосуретті теледидар экранындағы тұсқағаз етіп орнатуға болады. Жиыннан өзіңізге ұнайтын фотосуретті таңдаңыз.

Scenea параметрін ашу үшін,  түймесін басып, **Scenea** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Фотосуретті таңдамаған болсаңыз, алдын ала орнатылған сурет көрсетіледі. Scenea фотосуретін жабу үшін, қашықтан басқару құралындағы кез келген пернені басыңыз.



Scenea үшін фотосурет таңдау

1 Жалғанған USB құрылғысынан немесе компьютерден фотосуретті таңдаңыз. Бұл фотосурет JPEG пішімінде болуы тиіс.

2 USB шолуы немесе Компьютер. шолу тізімінде фотосурет белгіленіп тұрғанда,  **OPTIONS** (Опциялар) пернесін басыңыз да, **Scenea етіп орнату** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Ағымдағы фотосуреттің үстінен жазуға келісім беріп, жаңа фотосуретті орнатыңыз.

Scenea бөлме жарығы

Scenea қосылып тұрғанда Ambilight мүмкіндігін өшіру үшін,  **ADJUST (РЕТТЕУ)** түймесін басыңыз. Не болмаса теледидардың алдыңғы жағындағы **Ambilight** түймесін басыңыз.

Қуат үнемдеу

Теледидарды қуатты үнемдейтін параметрге өткізу үшін,  **ADJUST (РЕТТЕУ)** түймесін басып, **Зерделі сурет** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. **Қуат үнемдеу** пәрменін таңдаңыз.

Техникалық сипаттамалар

Scenea қосылып тұрғанда, теледидар 4 сағаттан кейін автоматты түрде күту режиміне өтеді. Өшіруден 1 минут бұрын ескерту беріледі. Scenea функциясының қосылып тұрғаны естен шығып кеткенде, күту режиміне автоматты түрде өту қуаттың керексіз тұтынылуын болдырмайды.

Ұйқы таймері параметрі орнатылған болса, орнатылған уақыт келгенде, теледидар күту режиміне өтеді. Scenea функциясында дыбыс жоқ.

Wi-Fi Media Connect

Wi-Fi MediaConnect арқылы компьютер экранын теледидар экранында сымсыз шығаруға (көрсетуге) болады. Ноутбукте немесе компьютерде ойнатылып жатқан бейнені, музыканы, көрмелерді немесе басқа мазмұнды көрсетуге болады.

Компьютер экранын теледидарда көрсетпес бұрын, компьютерде Wi-Fi MediaConnect бағдарламалық құралын орнату керек.


Wi-Fi MediaConnect бағдарламалық құралын орнату туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Реттеу > Желі > Wi-Fi MediaConnect** ішінен көруге болады.

Экранда көрсетуді бастау

Компьютер экранын теледидарда көрсету үшін, компьютердің төменгі оң жағындағы тапсырмалар тақтасында орналасқан кішкене теледидар белгішесін басыңыз. Теледидар экранына компьютер экраны шығады.

Экранда көрсетуді тоқтату

Экранда көрсетуді тоқтату үшін теледидар белгішесін қайта басыңыз.



Wi-Fi MediaConnect анықтамасы

Wi-Fi MediaConnect анықтамасын оқу үшін, компьютердің тапсырмалар тақтасындағы ТД белгішесін тіптірудің оң жақ түймесімен басып, **Анықтама** тармағын таңдаңыз.

Техникалық сипаттамалар

Бейненің ойнатылуына компьютердің жұмысы мен сымсыз желінің өткізу жылдамдығы әсер етуі мүмкін.

Компьютердің өңдеу қуатына байланысты, жоғары айқындық (HD) немесе қалыпты айқындықты (SD) бейнелерді көрсетуге болады.

Диск компьютерде ойнатылып тұрғанда, DVD немесе Blu-ray дискілеріндегі бейнелердің мазмұндық қорғауы оның теледидарда көрсетілуіне шектеу қоюы мүмкін. Теледидар компьютер медиа файлдарын сәл кідіріспен көрсетеді.

3.4 Теледидарды және жазуды кідірту

Smart USB жазу

Осы теледидармен сандық арнаның тікелей таратылымын кідіртуге болады. Тікелей таратылымды кідірту кейін көру үшін жасалады.

Тікелей таратылымды кідірту үшін, теледидарға USB қатты диск құрылғысын жалғаса болғаны.

Егер теледидарыңыз Интернетке қосылған болса, сандық таратылымның бағдарламаланған жазбасын жазуға немесе орнатуға болады. Кейбір елдерде жазуға қолдау көрсетілмейді.

Не қажет

USB құрылғысына зерделі жазу және Теледидарды кідірту тек сандық телеарналарда (DVB таратылымы немесе соған ұқсас) жұмыс істейді.


Кідірту

Тікелей сандық таратылымды кідірту үшін, **USB қатты дискісі** керек болады. Көлемі кемінде 32 Гбайт болатын USB 2.0 үйлесімді қатты диск құрылғысын қолданыңыз. USB қатты дискісін теледидар бүйіріндегі екі USB ұяның біреуіне жалғаңыз.

Жазу

Алдымен бағдарлама таңдағышының жазуды қолдайтындығын тексеріңіз. Интернетке қосылып тұрғанда, **🏠** түймесін басып, **Бағдарлама таңдағышын** таңдаңыз. Егер Бағдарлама таңдағышы бетінде **Recordings (Жазбалар)** түймесі болса, бағдарламалар жаза аласыз.

Бағдарламаларды жазу үшін, 250 Гбайт көлемді USB 2.0 үйлесімді қатты диск және теледидарға жоғары жылдамдықты (кең жолақты) Интернет жалғанған болуы керек. Желіге қосылу туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама) > Setup (Параметрлерді орнату) > Network (Желі)** тармағынан көруге болады.



USB қатты дискісі, орнату

Таратылымды кідірту немесе жазу мүмкіндігіне ие болу үшін, жалғанған USB қатты дискісін пішімдеу керек.

1 USB қатты дискісін теледидардың бүйіріндегі екі USB ұясының біреуіне жалғаңыз. Пішімдеу барысында басқа USB құрылғысын екінші USB ұясына жалғамаңыз.

2 Құрылғыны және теледидарды қосыңыз.

3 Теледидар сандық телеарнаға орнатылғанда, **||** (Кідірту) түймесін басып пішімдей бастаңыз. Пішімдеу процедурасы жалғанған USB қатты дискісіндегі бүкіл деректерді жояды. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. USB қатты дискісі пішімделіп болғанда, құрылғыны жалғаулы қалдырыңыз.


Ескерту

USB қатты дискісі осы теледидар үшін арнайы пішімделген, басқа теледидарда немесе компьютерде сақталған жазылымдарды пайдалана алмайсыз. USB қатты дискісіндегі жазылым файлдарын ешқандай компьютерлік бағдарламамен көшірмеңіз немесе өзгертпеңіз. Бұл жазылымдарды зақымдайды. Басқа USB қатты дискісін пішімдегенде, алдыңғысындағы мазмұн жоғалады.

Теледидарды кідірту

Сандық телеарнаның тікелей таратылымын көріп жатқанда, оны кідіртеп, кейін көруді жалғастыруға болады. Телефон қоңырауына жауап беріңіз немесе үзіліс жасаңыз. Бұл уақытта, таратылым USB қатты дискісінде сақталады. Таратылымды ең көбі 90 минутқа кідіртуге болады.

Тікелей таратылымды кідірту үшін, **||** (Кідірту) пернесін басыңыз. Экранда күй жолағы көрсетіліп, жоғалады. Күй жолағын шығару үшін, **||** (Кідірту) пернесін қайта басыңыз. Көруді жалғастыру үшін **▶** (Ойнату) түймесін басыңыз. Қайтадан тікелей теледидар таратуына ауысу үшін **■** (Токтату) түймесін басыңыз.



Сандық арнаны ауыстырып қосқаннан кейін, USB қатты дискісі таратылымды сақтай бастайды. Басқа арнаға ауысқанда, жаңа арнаның таратылымы сақталады, ал алдыңғы арнаның таратылымы өшіріледі. Сондай-ақ, теледидарды күту режиміне өткізгенде, сақталған таратылым өшіріледі.

Басқа құрылғының (жалғанған Blu-ray диск ойнатқышы немесе сандық ресивер) бағдарламасын көре бастаған жағдайда, USB қатты дискісі сақталған бүкіл таратылымдарды өшіреді. USB қатты дискісіне бағдарлама жазып жатқанда, тікелей таратылымды кідірту мүмкін емес.

Лездік қайта ойнату

Сандық телеарнаның тікелей таратылымын көріп жатқанда, оны оңай қайталап ойнатуға болады.

Тікелей таратылымның соңғы 10 секундын қайталап ойнату үшін, алдымен **||** (Кідірту) пернесін, содан кейін **◀** (Сол жақ) пернесін басыңыз.

Сақталған таратылымның басына немесе соңына жеткенше **◀** түймесін қайта-қайта басуға болады.

Орындау жолы

Экранда күй жолағы көрсетіліп тұрғанда, **◀◀** (Кері жүргізу) немесе **▶▶** (Ілгері жүргізу) пернесін басып сақталған таратылымның көрсетілуі керек жерін таңдауға болады. Жылдамдықтарын өзгерту үшін, осы түймелерді қайта-қайта басыңыз.



Ерекшеліктері

Көру қабілеті шектеулі адамдар үшін Аудио түсініктеме дыбысы (түсіндірме) USB құрылғысына зерделі жазу мүмкіндігінде ойнатылмайды.

Жазу

Егер теледидар Интернетке қосылған болса және Бағдарлама таңдағышы бетінде **Recordings (Жазылымдар)** түймесі болса, USB қатты дискісінде тікелей таратылымды жаза аласыз. Теледидардың **Бағдарлама таңдағышындағы** барлық жазылымдарды басқара аласыз.

Жазылымдар түймесі болмаса, Бағдарлама таңдағышы деректерінің желі арқылы жаңартылатынын тексеріңіз. **🏠** (Басты мәзір) пернесін басып, **Setup (Параметрлерді орнату) > TV settings (Теледидар параметрлері) > Preferences (Таңдаулы параметрлер) > Programme guide (Бағдарлама таңдағышы) > From network (Желі арқылы)** тармағын таңдаңыз.

Қазір жазу

Көріп отырған бағдарламаны жазу үшін, **●** (Жазу) түймесін басыңыз. Жазу басталып қойғанда, бағдарлама таңдағышының қалқымалы терезесінде жазылымның аяқталу уақытын реттей аласыз. **Schedule (Жоспарлау)** түймесін басып, аяқталу уақытын құптаңыз.

Жазуды бірден тоқтату үшін, **■** түймесін басыңыз.

Жазуды жоспарлау

Бүгін немесе бірнеше күнде (ең көбі 8 күн) көрсетілетін бағдарламаны жазатын етіп жоспарлауға болады.

1 Жазуды жоспарлау үшін, **🏠** (Басты) түймесін басып, **Programme guide (Бағдарлама таңдағышы)** опциясын таңдаңыз. Бағдарлама таңдағышы бетінде арнаны және жазу керек бағдарламаны таңдаңыз.

Тізімдегі арнаға өту үшін арна нөмірін енгізуіңізге болады. Арнаның бағдарламаларын жылжыту үшін, **▶** (Оң жақ) немесе **◀** (Сол жақ) түймесін басыңыз. Тізімнің күнін өзгерту үшін, беттің жоғарғы жағындағы күнді таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Қажетті күнді таңдап, **OK** түймесін қайтадан басыңыз.

2 Бағдарлама бөлектеліп тұрғанда, **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басып, **Record (Жазу)** опциясын таңдаңыз. Теледидар бағдарлама соңына біраз уақыт буферін қосады. Қажет болса, қосымша біраз буфер қосуыңызға болады.

3Schedule (Жоспарлау) пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Бағдарлама жазылатын етіп жоспарланады. Жазбалар бір бірінің үстіне жазылатын етіп жоспарланса, ескерту автоматты түрде көрсетіледі. Өзіңіз жоқта бағдарлама жазуды жоспарласаңыз, теледидарды күту режиміне өткізуді, ал USB қатты дискісін қосып кетуді ұмытпаңыз.

Жазбалардың тізімі

Жазбалар тізімін және жоспарланған жазбаларды көру үшін, бағдарлама таңдағышы бетіндегі **Recordings (Жазбалар)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Осы тізімде қаралатын жазбаны таңдауға, жазылған бағдарламаларды жоюға, диск жетегінің бос орнын тексеруге немесе арнайы бір теледидар бағдарламасымен байланыспаған жазбаны жоспарлауға болады.

Мерзімі біткен жазылым

Таратушылар жазылымды қарауға болатын күндер санын шектей алады. Тізімдегі жазылым мерзімі бітпестен бұрын күндер санын көрсете алады.

Жазу орындалмады

Жоспарланған жазуға таратушы тыйым салса немесе жүктеу үзілсе, жазба **Орындалмады** ретінде белгіленеді.

Жазбаны көру

Жазбалар тізімінде жазбаның алдындағы көрсеткіні таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Жазба ойнатыла бастайды. Қашықтан басқару құралындағы (Ойнату), **▶** (Ілгері жүргізу), (Кері жүргізу), **▶▶** (Кідірту) немесе **◀◀** (Тоқтату) пернелерін пайдалануға болады. **||■**

Мерзімді жазбаны орнату

Бағдарламаға байланыспаған жазбаны орнату үшін, жазбалар тізімінің үстіндегі **Schedule recording (Жазбаны жоспарлау)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Арнаны, күнді және уақыт ауқымын орнатыңыз. Жазбаны құптау үшін, **Schedule (Жоспарлау)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Жоспарланған жазбаны жою

Жоспарланған жазбаны жою үшін, жазбаның алдындағы қызыл шеңберді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Жазбаны жою

Жазбаны жою үшін, жазбаны тізімнен таңдап, **≡ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басыңыз және **Delete recording (Жазбаны жою)** параметрін таңдаңыз.

Бағдарлама ақпараты

Бағдарлама туралы қосымша ақпаратты көру үшін, бағдарламаны кез келген бағдарлама таңдағышының тізімінен таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Осы бағдарламаның күйіне байланысты көруді бастауға, оның жазылуын жоспарлауға, жазбаны ойнатуға немесе жазбаны осы беттен жоюға болады.

Ерекшеліктері

- Бағдарлама жазып жатқанда, алдында жазылған бағдарламаны көруге болады.
- Жазып жатқанда, телеарналарды ауыстыру мүмкін емес.
- Жазып жатқанда, тікелей таратылымды кідірту мүмкін емес.

- Көру қабілеті шектеулі адамдар үшін Аудио түсініктеме дыбысы (түсіндірме) USB құрылғысына зерделі жазу мүмкіндігінде ойнатылмайды.

3.5 Ойындар

Ойын ойнау

Ойын құрылғысын қосу

Home (Басты) мәзірінде «Құрылғыларды қосу» пәрменін таңдап кейін оңай таңдалуы үшін консольді Home (Басты) мәзіріне қосыңыз. Ойын консолін Home (Басты) мәзіріне қосып жатқанда, теледидар құрылғы түрін сұраған кезде **Game (Ойын)** тармағын таңдаңыз. Ойын консолі EasyLink HDMI-CEC құрылғысы болса, ол Home (Басты) мәзіріне өзі қосылуы да мүмкін.



Зерделі параметр — Ойын

Game (Ойын) зерделі сурет параметрі теледидарды бейне кешікпейтіндей етіп ойын параметрлеріне орнатады. Ойын консолі Home (Басты) мәзіріне Ойын ретінде қосылған болса, теледидар ойын параметріне автоматты түрде ауысады.


Ойын консолі өзін Home (Басты) мәзіріне **Blu-ray диск ойнатқышы** немесе **DVD ойнатқышы** ретінде қосқан болса, Зерделі сурет параметрін ойнатуды бастамас бұрын **Game (Ойын)** күйіне орнатыңыз.

Зерделі сурет параметрін Game (Ойын) күйіне ауыстыру үшін, **III ADJUST (PETTEY)** пернесін басып, **Smart picture (Зерделі сурет) > Game (Ойын)** тармағын таңдаңыз және **OK** түймесін басыңыз. Теледидар ойнауға дайын болады. Ойнап болғаннан кейін қайтадан әдеттегі Smart picture (Зерделі сурет) параметріне ауыстыруды ұмытпаңыз.

Ойын консолін жалғау туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама) > Connections (Қосылымдар) > Connect more devices (Қосымша құрылғыларды жалғау) > Game (Ойын)** немесе **HD Game (HD ойыны)** тармағына өтіп қараңыз.

Екі ойыншы ойындары

Кейбір ойындар көп ойыншыларға арналған және экраны бөлінген болады. Осы теледидарда бөлінген экранды екі толық экранды көрініс ретінде орнатуға болады. Екі ойыншы да бір теледидарда екі түрлі экранға қарап ойнайды. Бұл үшін теледидар 3D технологиясын пайдаланады. Әр экранды көру үшін әр ойыншыға 3D көзілдірігі қажет.



Не қажет

Осы теледидармен белсенді 3D көзілдіріктерін пайдаланыңыз - Philips PTA516 (бөлек сатылады).

Экраны екі ойыншыға бөлінген ойынды ойнау үшін, ойын консолі HDMI арқылы жалғануы тиіс.

Екі ойыншы ойынын бастау

1 Home (Басты) мәзіріне ойын консолін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

2 Ойын консолінде ойынды бастап, бірнеше немесе екі ойыншы режимін таңдаңыз. Бөлінген экран көрінісінің режимін таңдаңыз.

3 Теледидарда **III ADJUST (PETTEY)** түймесін басып, **Екі ойыншы ойыны** тармағын таңдаңыз.

4 Экраны бөлінген ойын көрсетілетін пішімді таңдаңыз да, **Side by side (Қатар)** немесе **Top / bottom (Жоғары / төмен)** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Теледидар екі экранды толық экранды етіп көрсетеді.

2 түрлі экранды көру үшін, 3D көзілдіріктер киіңіз.

1-ойыншы немесе **2-ойыншы** экрандарын көруге көзілдіріктерді ауыстыру үшін, көзілдіріктердегі **1/2-ойыншыны** таңдау пернесін басыңыз.

Бөлінген экран көрінісінде немесе одан тыс

Екі ойыншыға бөлінген экран көрінісінде бөлінген экран мен біріктірілген экран арасында ауысуға болады, бұл ойын мәзірін немесе ойын есебін көруді ыңғайлы етеді.

Экрандарды ауыстырып қосу үшін, теледидардың қашықтан басқару құралында **OK** түймесін басыңыз.

Екі ойыншы ойынын тоқтату

Екі ойыншыға бөлінген экран көрінісін ажырату үшін, **Home (Басты)** түймесін басып, басқа әрекетті таңдаңыз.

Ерекшеліктері


Екі ойыншы ойынын мәзірде қол жетімді ету үшін, бірдей мәзірден **3D** параметрін, тізімнен **2D** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

3.6 Мәтін

Телемәтін беттері

Мәтінді ашу

Телеарналарды көріп жатқанда, Телемәтін параметрін ашу үшін, **TEXT (ТЕЛЕМӘТІН)** пернесін басыңыз. Телемәтінді жабу үшін, **TEXT (ТЕЛЕМӘТІН)** пернесін қайта басыңыз.




Мәтін бетін таңдаңыз

Бетті таңдау үшін ...

- Бет нөмірін санды түймелермен енгізіңіз.
- ► немесе ◀

түймесін басыңыз. • ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз.

- Экранның төменгі жағындағы түспен кодталған тақырыпты таңдау үшін, түсті түймені басыңыз.



Мәтіннің ішкі беттері

Телемәтін бетінің нөмірінде бірнеше ішкі бет болуы мүмкін. Ішкі бет нөмірлері негізгі бет нөмірінің жанындағы жолақта көрсетіледі.

Ішкі бетті таңдау үшін, ◀ немесе ▶ түймесін басыңыз.

Т.О.Р. Телемәтін беттері

Кейбір тарату станциялары Т.О.Р. Телемәтін қызметін ұсынады.

Телемәтін ішінде Т.О.Р. телемәтін беттерін ашу үшін, ≡ **OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **T.O.P. overview (Т.О.Р. шолуы)** параметрін таңдаңыз.

Телемәтінді іздеу

Бір сөзді таңдап, сол сөзді мәтіннен іздеуге болады.

Телемәтін бетін ашып, **OK** түймесін басыңыз. Жылжу түймелерінің көмегімен сөзді немесе нөмірді таңдаңыз. Енді осы сөздің немесе нөмірдің келесі түріне тікелей өту үшін, **OK** түймесін қайта басыңыз. Одан кейінгі түріне өту үшін, **OK** түймесін қайта басыңыз. Іздеуді тоқтату үшін, ешбір элемент таңдамай ▲ түймесін басыңыз.

Жалғанған құрылғыдан келетін телемәтін

Теледидар арналарын қабылдайтын кейбір жалғанған құрылғылар да телемәтінді ұсынуы мүмкін.

Жалғанған құрылғыдан Телемәтінді ашу үшін, ▲ түймесін басып, құрылғыны таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Құрылғыдан арнаны көріп жатқанда, ≡ **OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** түймесін басып, **Show device keys (Құрылғы пернелерін көрсету)** пәрменін таңдаңыз да, ≡ пернесін таңдаңыз және **OK** түймесін басыңыз. Құрылғы пернелерін жасыру үшін, ⤵ (Кері) түймесін басыңыз. Телемәтінді жабу үшін, ⤵ (Кері) түймесін қайта басыңыз.

Сандық телемәтін (тек Ұлыбритания үшін)

Кейбір телестанциялар өздерінің сандық телеарналарында арнайы Сандық телемәтін немесе интерактивті теледидар қызметін ұсынады. Бұлардың ішіне сан, түрлі түсті және жылжу пернелерін арқылы ашылатын қалыпты Телемәтін кіреді.

Сандық телемәтінді жабу үшін, ⤵ (Кері) түймесін басыңыз.

Телемәтін опциялары

Телемәтінде мыналарды таңдау үшін, ≡ **OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басыңыз.

- Бетті қатыру.
- Екі экранды.
- Т.О.Р. шолуы.
- Ұлғайту.
- Көрсету.
- Ішкі беттер циклы.
- Тіл.

Бетті қатыру

Ішкі беттердің автоматты бұрылуын тоқтату үшін, ≡ **OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **Freeze page (Бетті қатыру)** параметрін таңдаңыз.

Екі экран / Толық экран

Телеарнаны және Телемәтінді бір-біріне қатар қойып көрсету үшін, ≡ **OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **Dual screen (Екі экран)** параметрін таңдаңыз. Толық экранды көрініске ауысу үшін, **Full screen (Толық экранды)** тармағын таңдаңыз.

Т.О.Р. шолу

T.O.P. Text (Т.О.Р. телемәтіні) тармағын ашу үшін, **☰ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **T.O.P. overview (Т.О.Р. шолуы)** параметрін таңдаңыз.

Үлкейту

Телемәтін бетін оқуға ыңғайлы етіп ұлғайту керек болса, **☰ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **Enlarge (Ұлғайту)** пәрменін таңдаңыз. Бетте төмен жылжу үшін, ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз.

Көрсету

Беттегі жасырын ақпаратты көрсету үшін, **☰ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **Reveal (Көрсету)** параметрін таңдаңыз.

Ішкі беттер циклы

Мүмкін болғанда, ішкі беттерді айналдырып ауыстыру үшін, **☰ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **Cycle subpages (Ішкі беттерді айналдырып ауыстыру)** пәрменін таңдаңыз.

Тіл

Дұрыс көрсету үшін Телемәтін пайдаланатын таңбалар тобын ауыстырып қосу үшін, **☰ OPTIONS (ОПЦИЯЛАР)** пернесін басып, **Language (Тіл)** параметрін таңдаңыз.

Телемәтін параметрлерін орнату

Телемәтін тілі

Кейбір сандық телестанциялары бірнеше Телемәтін тілін қамтамасыз етеді.

Негізгі және көмекші телемәтін тілін орнату үшін, **🏠 > Setup (Параметрлерді орнату) > Channel settings (Арна параметрлері)** тармағына өтіп, **Primary (Негізгі)** немесе **Secondary Text (Көмекші телемәтін)** параметрін таңдаңыз да, қалаған телемәтін тілдерін таңдаңыз.

Телемәтін 2,5

Бар болса, Телемәтін 2.5 қызметінің қосымша түстері бар және оның графикасы жақсы болады. Телемәтін 2.5 стандартты зауыттық параметр ретінде қосылады. Оны өшіру үшін, **🏠 > Setup (Параметрлерді орнату) > TV settings (Теледидар параметрлері) > Preferences (Таңдаулы параметрлер) > Text 2.5 (Телемәтін 2.5)** параметрін таңдаңыз.

4 Параметрлерді орнату

4.1 Сурет пен дыбыс

Сурет

Picture (Сурет) мәзірінен барлық сурет параметрлерін жекелеп реттеуге болады.

Picture settings (Сурет параметрлері) тізімін ашу үшін,  > **Setup (Параметрлерді орнату)** > **TV settings (Теледидар параметрлері)** > **Picture (Сурет)** түймелерін басыңыз.

- **Контраст**

Суреттің контраст деңгейін реттейді.

- **Жарықтық**

Суреттің жарықтық деңгейін реттейді.

- **Түсі**

Түстің қанықтық деңгейін реттейді.

- **Реңк**

Егер NTSC сигналы таратылса, реңк түс өзгерісін толықтырады.

- **Айқындық**

Анық көрінетін бөліктердің айқындық деңгейін реттейді.

- **Шуылды азайту**

Суреттегі кедергіні сүзгіден өткізіп, азайтады.

- **Түс реңкі**

Түстерді **Normal (Қалыпты)**, **Warm (Жылы)** (қызылдау) немесе **Cool (Салқын)** (көктеу) мәніне қояды. Custom (Өзгертпелі) мәзірінде өзіңіздің жеке параметрлеріңізді жасау үшін, **Custom (Өзгертпелі)** тармағын таңдаңыз.

- **Өзгертпелі реңк**

Суреттің түс температурасын орнату үшін сырғытпа жолақты пайдаланыңыз.

- **Perfect Pixel HD**

Perfect Pixel HD механизмінің кеңейтілген параметрлерін басқарады.

— **Perfect Natural Motion** механизмі дірілдерді кетіріп, әсіресе фильмде қозғалысты біркелкі қалыпқа түсіреді.

— **Таза LCD** керемет қозғалыс айқындығын, жақсырақ қара түс деңгейін, жылтылдамайтын, тұрақты бейнелі жоғары контраст деңгейін және үлкен көру бұрышын қамтамасыз етеді.

— **Тамаша ажыратымдылық** суреттің сызықтары мен контурларына керемет айқындық береді.

— **Толық контраст** теледидар суретінің күңгірт, орташа және ашық жерлеріндегі нүктелерді автоматты түрде күшейтетін деңгейге қояды.

— **Динамикалық артқы жарық** экранның жарықтық қарқынын күңгірттендіру арқылы қуаттың тұтынылуын азайтуға болатын деңгейге қояды. Ең қолайлы қуат тұтынатын немесе жарықтық қарқыны ең жоғары сурет параметрін таңдаңыз.

— **MPEG ақауларын азайту** бейнедегі сандық қозғалыстарды біркелкі етеді.

— **Түсті жақсарту** режимі түстерді айқын етіп, ашық түстердегі нүктелердің ажыратымдылығын жақсартады.

— **Гамма** — сурет жарықтығының және контрастының сызықтық емес параметрі. Жоғарырақ немесе төменірек гамма мәнін орнату үшін, сырғыма жолақты пайдаланыңыз.

- **РС режимі**

Компьютер жалғанған жағдайда теледидарға қолайлы алдын ала анықталған компьютер параметрін орнатады.

- **Жарық сенсоры**

Сурет және Ambilight параметрлерін бөлменің жарықтығына қарай автоматты түрде реттейді.

- **Сурет форматы**

Help (Анықтама) > **Basics (Негіздер)** > **Watch TV (Теледидар көру)** > **Picture format (Сурет пішімі)** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

- **Экран жиектері**

Бұрмаланған жиектерін жасыру үшін суретті аз ғана үлкейтеді.

- **Сурет өзгерісі**

Курсор түймелерінің көмегімен суретті жоғары / төмен немесе солға / оңға жылжытады.

Дыбыс

Sound (Дыбыс) мәзірінен барлық дыбыс параметрлерін жекелеп реттеуіңізге болады.

Sound settings (Дыбыс параметрлері) тізімін ашу үшін,  > **Setup (Параметрлерді орнату)** > **TV settings (Теледидар параметрлері)** > **Sound (Дыбыс)** түймелерін басыңыз.

- **Басс**

Дыбыстың төменгі тондар деңгейін орнатады.

- **Жоғары жиілікті**

Дыбыстың жоғарғы тондар деңгейін орнатады.

- **Жиектеу**

Ішкі динамиктердің көлемді дыбыс әсерлерін орнатады.

- **Құлақсаппа дыбыс деңгейі**

Теледидардың құлақсаппа қосылымының дыбыс деңгейін реттейді.

- **Auto volume levelling (Дыбыс деңгейін автоматты теңестіру)**

Жарнамалар басталғанда немесе бір арнадан екіншісіне ауыстырғанда кенеттен шығатын дыбыс деңгейінің айырмашылығын азайтады.

- **Баланс**

Тыңдайтын орныңызға жақсы сәйкес келу үшін сол жақ және оң жақ динамиктердің балансын орнатады.

Эко параметрлері

Эко параметрлері табиғатты қорғауға көмектесу үшін теледидар параметрімен бірге орнатылады.

Телеарналарды көріп жатқанда, **жасыл** пернесін басып **Eco settings (Эко параметрлері)** тармағын таңдаңыз. Белсенді параметрлердің  белгісі болады. Жабу үшін қайтадан осы пернені басыңыз.

Қуат үнемдеу

Бұл көрікті сурет параметрі Ambilight параметрімен қоса, бейнені қуатты үнемдеуге ең қолайлы параметрлерге орнатады. Оны қосу үшін, Eco settings (Эко параметрлері) ішінен **Energy saving (Қуатты үнемдеу)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Энергияны үнемдеу мүмкіндігін ажырату үшін, басқа Smart picture (Зерделі сурет) параметрін таңдаңыз.

Экран өшірулі

Тек музыка тыңдап жатқан болсаңыз, қуатты үнемдеу үшін теледидар экранын сөндіріп қоюға болады. **Screen off (Экран өшірулі)** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Экранды қайтадан қосу үшін, қашықтан басқару құралының кез келген пернесін басыңыз.

Жарық сенсоры

Іште орнатылған жарық сенсоры бейненің түсін Ambilight функциясымен бірге бөлме жарықтығына бейімдейді. Бұл опцияны қосу үшін, **Light sensor (Жарық сенсоры)** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Сөндіру үшін қайтадан **ОК** түймесін басыңыз.

Автоматты сөндіру

4 сағат ішінде қашықтан басқару құралының ешбір пернесі басылмаған болса, қуат үнемдеу үшін теледидар автоматты түрде өшеді. Бұл мүмкіндікті **Auto switch off (Автоматты өшіру ажыратулы)** арқылы ажыратуға болады.

Теледидарды монитор ретінде пайдаланылып немесе теледидарды көру үшін сандық ресивер (сандық ТВ ресивері - STB) қолданылып, теледидардың қашықтан басқару құралы қолданылмаса, автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратыңыз.

Смарт параметрлері

ADJUST (PETTEY) мәзірінде Smart setting (Зерделі параметр) таңдалған жағдайда, таңдалған Зерделі параметрдің параметрлерін Setup (Параметрлерді орнату) ішіндегі Бейне және дыбыс параметрі арқылы қайтадан өзгертуге болады. Зерделі параметр өзгерістеріңізді есте сақтайды.

Зерделі параметрді қалпына келтіру

Зерделі параметрді бастапқы мәндеріне қайтару үшін, қалпына келтіретін Зерделі параметрді ADJUST (PETTEY) мәзірінде таңдаңыз. Одан кейін **🏠** > **Setup (Параметрлерді орнату)** > **TV settings (Теледидар параметрлері)** > **Picture (Сурет)** тармағын таңдап, **Reset (Қалпына келтіру)** пәрменін таңдаңыз, **ОК** түймесін басыңыз және растаңыз.

Smart сурет және дыбыс параметрлері туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама)** > **Basics (Негіздер)** > **Watch TV (Теледидар көру)** > **Smart picture and sound settings (Smart сурет және дыбыс параметрлері)** тармағынан оқыңыз.

ISF Мөлшерлеу

Айқындығы жоғары теледидардың барлық артықшылықтарын ISF Мөлшерлеу көмегімен алыңыз. ISF мөлшерлеу expertті үйіңізге келіп, теледидарды ең оңтайлы сурет параметріне орнатады. Оған қоса expert Ambilight үшін ISF мөлшерлеуін орнатады.

Теледидардың ISF мөлшерлеуін дилерден сұраңыз.

ISF Мөлшерлеу expertті ISF параметрлерін 2 зерделі сурет параметрі ретінде сақтап, құрсаулайды. ISF Мөлшерлеу аяқталған соң, **III ADJUST (PETTEY)** түймесін басып, **Smart picture (Зерделі сурет)** параметрін таңдаңыз және **ОК** түймесін басыңыз. Теледидарды жарық жағдайда көру үшін **ISF Day (ISF Күн)** параметрін, ал қараңғы жағдай үшін **ISF Night (ISF түн)** параметрін таңдаңыз.

ISF Мөлшерлеу Home (Басты) мәзірлері Watch TV (Теледидарды көру) немесе қосылған Blu-ray Disc ойнатқышы сияқты әрбір әрекетте орындалады.

Мөлшерлеу артықшылықтары . . .

- жақсырақ бейне тазалығы және анықтығы
- Жарық және қараңғы бөліктерді жақсырақ көрсету
- тереңірек және күңгірттеу қара
- жақсырақ түс тазалығы және сапасы
- азайтылған энергия тұтынуы

Expert сурет параметрлері

ISF Day (ISF Күн) немесе **ISF Day (ISF Түн)** параметрі ISF Мөлшерлеу теледидарда әлі орындалмаған кезде таңдалғанда, біраз expert сурет параметрлері қол жетімді болады. **🏠** (Басты) түймесін басыңыз > **Setup (Параметрлерді орнату)** > **TV settings (Теледидар параметрлері)** > **Picture (Сурет)** > **ISF expert settings (ISF expert параметрлері)** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Зерделі сурет параметрлерін қалпына келтіру

Зерделі параметрді бастапқы мәндеріне қайтару үшін, қалпына келтіретін Зерделі параметрді ADJUST (PETTEY) мәзірінен таңдаңыз. Одан кейін **🏠** (Басты) > **Setup (Параметрлерді орнату)** > **TV settings (Теледидар параметрлері)** > **Picture (Сурет)** тармағын таңдап, **Reset (Қалпына келтіру)** пәрменін таңдаңыз, **ОК** түймесін басыңыз және растаңыз.




4.2 Ambilight

Орналастыру

Тиімді Ambilight әсері үшін:

- Бөлмедегі жарықты азайтып, теледидарды қабырғадан 25 см-ден аспайтын қашықтықта орнатыңыз.
- Wall colour setting (Қабырға түсін реттеу) пәрмені арқылы Ambilight мүмкіндігін үйдегі қабырға түсіне қарай реттеңіз.
- Инфрақызыл қашықтан басқару құралының сигналы жақсы қабылдануы үшін, құрылғыларды Ambilight аймағының тысында орналастырыңыз.




Реттеу

Adjust (Реттеу) мәзірін ашу үшін, **III ADJUST (РЕТТЕУ)** пернесін басыңыз.

Жабу үшін, **III** пернесін қайтадан басыңыз.

Ambilight әсерін қосу немесе өшіру

Adjust (Реттеу) мәзірінде **Ambilight** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Ambilight мүмкіндігін **қосыңыз** немесе **өшіріңіз**. Теледидардағы Ambilight пернесін басуға болады.



Ambilight динамикасы

Adjust (Реттеу) мәзірінде **Ambilight** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Ambilight мүмкіндігінің экрандағы суреттерге әрекет ету жылдамдығын реттеңіз.

Басқа Ambilight параметрлері туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама)** > **Setup (Параметрлерді орнату)** > **Ambilight > Settings (Параметрлер)** тармағына өтіп қараңыз.

Параметрлер

Қосымша Ambilight параметрлерін Setup (Параметрлерді орнату) ішіндегі Ambilight settings (Ambilight параметрлері) мәзірінде табуға болады. Осы параметрлерді өзгерту үшін, **🏠** түймесін басып, **Setup (Параметрлерді орнату)** > **TV settings (Теледидар параметрлері)** > **Ambilight** тармағын таңдаңыз.

Ambilight ашықтығы

Ambilight жарықтығын орнату үшін, **Ambilight brightness (Ambilight жарықтығы)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Ambilight функциясының шығатын жарығын реттеңіз.

Ambilight түсі

Ambilight түсін реттеу үшін, **Ambilight colour (Ambilight түсі)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Ambilight мүмкіндігі экрандағы суреттерге қарай әрекет етуі керек болған жағдайда **Dynamic (Динамикалық)** тармағын таңдаңыз немесе тұрақты түстердің біреуін таңдаңыз. Белгілі бір тұрақты түсті орнату керек болса, **Custom (Өзгертпелі)** тармағын таңдаңыз.

Өзгертпелі түс

Жеке Ambilight түсін орнату үшін, Ambilight мүмкіндігінің **Colour (Түс)** мәзірінде **Custom (Өзгертпелі)** параметрін таңдаңыз. Пайд. орн. параметрі таңдалғанда, **Custom colour (Өзгертпелі түс)** мәзірін ашуға болады. Жеке түсті таңдау үшін, **Palette (Палитра)** параметрін таңдаңыз. Ambilight өзгертпелі түс — бекітілген (қозғалмайтын) түс параметрі.

Бөлу

Теледидардың әр жағындағы жарықтардың түсіндегі айырмашылықты орнату үшін, **Бөлу** параметрін таңдаңыз. Бөлу параметрінің **Өшірулі** күйі динамикалық, бірақ бірегей Ambilight түсін береді.

Теледидарды өшіру

Теледидар өшірілгеннен бірнеше секунд өткенде, Ambilight жарығының біртіндеп сәнуін реттеу үшін, **Теледидарды өшіру** параметрін таңдаңыз. Теледидарды қайта қоспас бұрын, Ambilight жарығының әлсіреп, толығымен өшуін күтіңіз.

«Бөлме жарығы» күйі

Бөлме жарығы күйі туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Реттеу > Ambilight > «Бөлме жарығы» күйі** тармағынан көруге болады.

Сценалық жарық

Сценалық жарық қосылған кезде, Ambilight жарығын әрдайым өшіру үшін, **Сценалық жарық** параметрінің **Өшірулі** күйін таңдаңыз.

Панель түсі

Теледидардың артындағы қабырғаның түсі Ambilight түс әсеріне ықпал етуі мүмкін. Бұл ықпалды түзету үшін, **Панель түсі** параметрін таңдап, қабырғаның түсіне сай болатын түсті таңдаңыз. Ambilight өзінің түстерін теледидардың артындағы қабырғаның түсімен оңтайлы түрде түзейді.

Бөлме жарығы

Теледидар күту режимінде болғанда, Ambilight режимін қосып, Бөлме жарығы әсерін жасауға болады.

Теледидар күту режимінде болғанда Ambilight жарығын қосу үшін, теледидардағы **Ambilight** түймесін басыңыз.



Бөлме жарығы түс схемасын өзгерту үшін, теледидардың **Ambilight** түймесін қайтадан басыңыз.

Бөлме жарығы режимін өшіру үшін, теледидардың **Ambilight** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

Сондай-ақ, түс схемасын Реттеу мәзірінде орнатуға да болады. Теледидар қосылып тұрғанда,  түймесін басып, **Реттеу** тармағын таңдаңыз. **Теледидар параметрлері > Ambilight > «Бөлме жарығы» күйі** тармағын таңдаңыз. Бөлме жарығы іске қосылатын түс схемасын таңдаңыз.

4.3 Арналар

Қайта ретке келтіру және атауын өзгерту

Арналар тізімі ішіндегі арналарды қайта ретке келтіру және атауын өзгертуге болады.

Арнаны қайта ретке келтіру немесе оның атауын өзгерту үшін, **Анықтама > Негіздер > Теледидар көру > Арналар тізімі** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Арналарды жаңарту

Теледидар орнатылған барлық арналарды Арналар тізіміне қосады. Сандық арналар қабылданған жағдайда, теледидарды тізімді жаңа арналармен автоматты түрде жаңартатын етіп реттеуге болады. Арналар тізімін қолмен жаңартуға да болады.

Арнаның автоматты жаңартылуы

Күніне бір рет, таңғы сағат 6-да, теледидар арналарды жаңартады да, жаңа арналарды сақтайды. Бос арналар өшіріледі. Жаңа немесе өшірілген арналар туралы хабар теледидар қосылғанда көрсетіледі. Арналар автоматты түрде жаңарып отыру үшін, теледидар күту режимінде болуы керек.

Қосылған кезде хабарды өшіру үшін, **🏠 > Реттеу > Арна параметрлері** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Арналарды орнату > Арна жаңарту хабары** бөлімінде **Өшіру** түймесін басыңыз.

Арналардың автоматты түрде жаңаруы опциясын өшіру үшін **🏠 > Реттеу > Арналарды орнату** тармақтарын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Арналарды орнату > Арнаның автоматты жаңартылуы** бөліміндегі **Өшіру** түймесін басыңыз.

Жаңартуды бастау

Жаңартуды өз бетіңізбен жасау үшін, **🏠 > Реттеу > Арналарды іздеу** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Арналарды жаңарту** пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Бастау** түймесін басыңыз. Жаңарту бірнеше минутқа созылуы мүмкін. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Арналарды қайта орнату

Арналарды қайта орнату

Тек арналарды қайта орнату үшін, **🏠 > Реттеу > Арналарды іздеу > Арналарды қайта орнату** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **DVB-T** немесе **DVB-C** тармағын таңдаңыз. Арналар бірнеше минут ізделуі мүмкін. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Толық орнату

Теледидарды қайтадан толық орнату үшін, **🏠 > Реттеу > Теледидар параметрлері > Теледидарды қайта орнату** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Орнату бірнеше минутқа созылуы мүмкін. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Арналар тізімі ішіндегі арналарды қайта ретке келтіру және атауын өзгертуге болады.

Арналар тізімін көшіру

Арналар тізімінің көшірмесі дилерлер мен тәжірибелі пайдаланушыларға арналған.

Арналар тізімінің көшірмесімен бір теледидарда орнатылған арналарды ұқсас деңгейлі басқа Philips теледидарына көшіруге болады. Арналар тізімінің көшірмесі уақытты алатын арна іздеу жұмысын орындамауға және алдын ала белгіленген арналар тізімінің орнатуларын ұсынуға мүмкіндік береді. Көшірілетін кішкентай файл кез келген USB жад құрылғысына сияды.

Шарттар

- екі теледидардың да өндірілген жылы бірдей;
- екі теледидардың да түр нөмірлерінде DVB үшін өнім түрінің индекстері (H, K, M, T немесе D/00) бірдей және теледидарлар бір ел үшін орнатылған;

- екі теледидардың да жабдық түрі ұқсас. Теледидардың артқы жағындағы тұр тақтайшасындағы көрсетілген теледидар түрін тексеріңіз. Әдетте бұл болып белгіленеді; Q . . . LA
- екі теледидардың да бағдарламалық құрал нұсқалары үйлесімді. Жүктегенде, экрандық хабар бағдарламалық құралдардың сәйкес келмейтіндігі туралы ескертеді.

Арналар тізімін көшіру

1 Арналары орнатылған теледидарды қосыңыз. USB жад құрылғысын жалғаңыз.

2 **🏠 > Реттеу > Теледидар параметрлері > Басымдықтар > Арналар тізімін көшіру > USB құрылғысына көшіру** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Осы теледидардан арналар тізімін көшіріп алу үшін, орнату барысында енгізілген теледидардың PIN кодын енгізу сұралуы мүмкін.

3 Көшіріп болғаннан кейін, USB жад құрылғысын ажыратыңыз.

Енді көшірілген Арналар тізімін басқа Philips теледидарына жүктеуге болады.

Арналар тізімін жүктеу

Әлі орнатылмаған теледидарға

1 Орнатуды бастау үшін штепсельдік ұшты жалғап, тіл мен елді таңдаңыз. Арналарды іздемей өтуге болады. Орнатуды аяқтаңыз.

2 Екінші теледидардың Арналар тізімі бар USB жад құрылғысын жалғаңыз.

3 Арналар тізімін жүктеуді бастау үшін, **🏠 > Реттеу > Теледидар параметрлері > Басымдықтар > Арналар тізімін көшіру > Теледидарға көшіру** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Осы теледидардың PIN кодын енгізу сұралуы мүмкін.

4 Арналар тізімі теледидарға сәтті көшірілгенде теледидар хабар береді. USB жад құрылғысын ажыратыңыз.

Бұрыннан орнатылған теледидарға

1 Теледидардың аймақтық параметрлерін тексеріңіз. (Бұл параметрлерді тексеру үшін, **🏠 > Реттеу > Арналарды іздеу > Арналарды қайта орнату** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Алдымен **↺** (Артқа) пернесін басып, одан кейін **Бастарту** пәрменін таңдап Арналарды іздеу параметрінен шығыңыз.)

Ел дұрыс болса, төмендегі 2-қадамды орындап жалғастырыңыз. Ел қате болса, қайта орнату керек болады. Қайта орнатуды бастау үшін, **🏠 > Реттеу > Теледидар параметрлері > Теледидарды қайта орнату** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Дұрыс елді таңдап, Арналарды іздеу параметрін елемей өтіңіз. Орнатуды аяқтаңыз. Болғаннан кейін, 2-қадамға оралыңыз.

2 Екінші теледидардың Арналар тізімі бар USB жад құрылғысын жалғаңыз.

3 Арналар тізімін жүктеуді бастау үшін, **🏠 > Реттеу > Теледидар параметрлері > Басымдықтар > Арналар тізімін көшіру > Теледидарға көшіру** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Осы теледидардың PIN кодын енгізу сұралуы мүмкін.

4 Арналар тізімі теледидарға сәтті көшірілгенде теледидар хабар береді. USB жад құрылғысын ажыратыңыз.

DVB-T немесе DVB-C

DVB-T және DVB-C сигналдарының екеуі де еліңізде бар болып, бұл теледидар еліңіздегі DVB-T және DVB-C сигналдарын қабылдауға дайын болса, арналарды орнату кезінде екеуінің біреуін таңдауыңыз керек болады.

Жаңа арнаның орнатуын бастау үшін DVB параметрін өзгерту керек болса, **▲** > **Реттеу** > **Арна параметрлері** тармақтарын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Арналарды орнату** > **Антенна немесе DVB кабелі** опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Қалаған DVB параметрін таңдаңыз.

DVB-C арналарын орнату

Қолданысты жеңілдету үшін, барлық DVB-C параметрлері автоматтандырылған. Егер қызмет провайдері таңбалар жіберу жылдамдығы немесе жиілігі секілді арнайы DVB-C мәндерін берген болса, бұл мәндерді теледидарды орнату кезінде сұралғанда енгізіңіз.

DVB-T + DVB-C

Теледидарды DVB-T және DVB-C сигналдары үшін орнатуыңызға болады. Жүйелерді бірінен соң бірін орнатыңыз. Екі жүйе де орнатылып болған соң, арналар тізімінде DVB-T және DVB-C телеарналарының екеуі де көрсетіледі.

Сигнал қабылдау сапасы

Сандық арналарды қабылдаған жағдайда, арнаның сапасы мен сигнал күшін тексеруге болады. Егер антеннаны пайдалансаңыз, қабылдауды жақсарту үшін антеннаны басқа жерге қоюға болады.

Сандық арнаның сигнал қабылдау сапасын тексеру үшін арнаны қосып, **▲** > **Реттеу** > **Арна параметрлері** тармақтарын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Арналарды орнату** > **Сандық: қабылдауды тексеру** опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Осы арнаға сандық жиілік көрсетіледі. Егер қабылдау сапасы нашар болса, қабылдауды жақсарту үшін антеннаны басқа жерге қоюыңызға болады. Осы жиіліктің сигнал сапасын қайтадан тексеру үшін, **Іздеу** опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Белгілі бір сандық жиілікті қолмен орнату үшін, жиілікті таңдап, көрсеткілерді **►** және **◄** нөміріне бағыттап, нөмірді **▲** және **▼** арқылы өзгертіңіз. Жиілікті тексеру үшін **Іздеу** опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Егер арналарды қабылдау үшін DVB-C сигналын пайдалансаңыз, **Берілу жылдамдығы режимі** және **Берілу жылдамдығы** мүмкіндіктері қосылады. Кабельдік қызмет ұсынушы белгілі бір таңбалар қатары мәнін бермеген болса, Берілу жылдамдығы режимі үшін **Автоматты** мәнін таңдаңыз. Берілу жылдамдығының мәнін өзгерту үшін санды пернелерді қолданыңыз.

Қолмен орнату: аналогты арналар

Аналогты телеарналарды бір-бірлеп қолмен орнатуға болады.

Аналогты арналарды қолмен орнату үшін, **▲** > **Реттеу** > **Арна параметрлері** тармақтарын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Содан соң, **Арналарды орнату** > **Аналогты: қолмен орнату** тармағының ішінен **ОК** түймесін басыңыз.

1 Жүйе

Теледидар жүйесін орнату үшін, **Жүйе** тармағын ашып, **ОК** түймесін басыңыз. Еліңізді немесе қазір тұратын әлемнің нүктесін таңдаңыз.

2 Арнаны табу

Арнаны табу үшін, **Арнаны табу** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Іздеу** ішінде **ОК** түймесін басыңыз. Жиілікті қолмен енгізуге болады. Егер қабылдау сапасы нашар болса, **Іздеу** түймесін қайтадан басыңыз. Осы арнаны сақтағыңыз келсе, **Дайын** параметрін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

3 Дәл баптау

Арнаны дәл баптай үшін, **Дәл баптау**, **ОК** түймесін басыңыз. Арнаны **▲** немесе **▼** арқылы дәлдеп орнатуға болады. Табылған арнаны сақтап қойғыңыз келсе, **Дайын**, **ОК** түймелерін басыңыз.

4 Сақтау

Арнаны ағымдағы арна нөміріне немесе жаңа арна нөмірі етіп сақтауға болады. **Орнатылған арнаны сақтау** немесе **Жаңа арна етіп сақтау** опциясын таңдаңыз.

Қол жетімді аналог телеарналардың барлығын тапқанша осы қадамдарды қайталай беруге болады.

Сағат параметрлері

Кейбір елдерде, сандық телехабар таратушылар әлемдік уақыт туралы ақпарат жібермейді. Жаздық уақыт өзгерістері еленбей, уақыт қате көрсетілуі мүмкін.

Теледидар сағатын дұрыс уақытқа қою үшін **▲** > **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** > **Басымдықтар** > **Сағат** ішінен **Елге байланысты** параметрін таңдаңыз. **Жаздық уақыт** ішінен дұрыс параметрді орнатыңыз. Уақыт пен күнді қолмен орнату үшін, **Қолмен** параметрін таңдаңыз. Содан соң **Уақытты** немесе **Күнді** орнатыңыз.

4.4 Желі

Артықшылықтары

Компьютерді шолу

Теледидар үй желісіне қосылған болса, компьютердегі немесе сақтау құрылғысындағы фотосуреттерді, музыканы және бейнелерді ойнатуға болады. Желі теледидарда орнатылғанда, компьютердегі файлдарды теледидар экраны арқылы табуға және ойнатуға болады.

Net TV

Теледидар Интернет байланысы арқылы үй желісіне қосылғанда, оны Net TV қызметіне қосуға болады. Net TV теледидарға бейімделген Интернет қызметтерін және веб-тораптарды ұсынады. Музыка және бейнелерді ойнатыңыз, ойын-сауық ақпаратын алыңыз, фильмдерді жалға алыңыз, т.б. Желі орнатылғаннан кейін, теледидарға арналған Интернеттегі ең жақсы қызметтерді пайдалануға болады.

Интерактивті теледидар


Теледидар Интернетке жалғанып тұрғанда, Интерактивті ТД қызметінің мүмкіндіктерін толық пайдалануға болады. Hbb TV, MHP, т.с.с. жүйелер Интернетті пайдаланып теледидармен байланыс орнатады.

Wi-Fi MediaConnect

Wi-Fi MediaConnect арқылы компьютер экранын теледидарда сымсыз көрсетуге болады. Wi-Fi MediaConnect компьютерден қосылады.

Не қажет

Теледидарды үй желісіне және Интернетке қосу үшін, үй желісінде маршрутизатор болуы керек. Маршрутизаторда DHCP сервері қосылу күйіне орнатылған болуы керек. Интернетке жоғары жылдамдықпен қосылатын (кең жолақты) маршрутизаторды пайдаланыңыз. Теледидарды сымсыз және сымды түрде жалғауға болады.



Маршрутизаторды қосу үшін сымды байланыс таңдалған болса, желілік (Ethernet) кабелі керек болады.

Теледидар DLNA сертификациясынан өткен протоколды пайдаланады. Амалдық жүйелері ретінде Microsoft Windows XP, Vista немесе Windows 7, Intel Mac OSX немесе Linux орнатылған компьютерлерді пайдалануға болады.

Компьютер файлдарын табу

Экранда компьютер файлдарын таңдау үшін, компьютерде Windows Media Player 11 немесе сол сияқты соңғы медиа сервер бағдарламасы болуы керек. Теледидардағы файлдарды табу үшін, компьютер файлдарын теледидармен ортақ пайдаланатын бір медиа сервер бағдарламасын орнату керек.

Қолдау көрсетілетін медиа сервер бағдарламалық құралдарының тізімін **Анықтама > Техникалық сипаттар > Мультимедиа** тармағынан қараңыз.

Сымсыз орнату

Желіні орнатуды бастамас бұрын маршрутизаторды қосыңыз.

Сымсыз желіні орнатуды бастау үшін, **▲** түймесін басып, **Реттеу > Желіге қосылу** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

WPS протоколы

Маршрутизаторда WPS (Wi-Fi Protected Setup) протоколы бар болса, ондағы WPS түймесін басыңыз. 2 минут ішінде теледидарға оралып, **WPS** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Теледидар желіге қосылады. Бұл 2 минуттай уақыт алады. Орнатуды аяқтаңыз.

Жаңа сымсыз маршрутизаторлардың көбінде WPS жүйесі және WPS логотипі бар болады. WPS жүйесі WPA қауіпсіздік шифрлауын пайдаланады және желідегі WEP қауіпсіздік шифрлауын пайдаланатын құрылғылармен бірікпейді. Желіде WEP құрылғысы қажет болса, оны **Іздеу > Стандартты** параметрін таңдау арқылы орнатыңыз.

Маршрутизаторларды іздеу

Желіде бірнеше маршрутизатор бар болса, керекті желіні таңдауға болады. Белгілі бір желі маршрутизаторын таңдау үшін, орнатудың бірінші бетінде **Іздеу** пәрменін таңдаңыз. WPS бар және сигналы ең күшті маршрутизаторлар тізімде бірінші болып көрсетіледі.

Керекті маршрутизаторды таңдап, WPS бар болса, **WPS** параметрін таңдаңыз. Немесе, қосылу үшін, маршрутизатордың бағдарламалық құралында PIN коды енгізу мүмкін болса, **PIN код** параметрін таңдаңыз. Немесе, кодтау кілтін қолмен енгізу үшін, **Стандартты** параметрін таңдаңыз.

PIN код

PIN коды бар қауіпсіз байланысты орнату үшін, **PIN код** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Көрсетілген 8 санды PIN кодын жазып алып, оны компьютердегі маршрутизатор бағдарламалық құралына енгізіңіз. PIN кодын енгізетін жерді маршрутизатордың нұсқаулығынан көріңіз.

Стандартты

Шифрлау кілтін (қауіпсіздік кілтін) қолмен енгізу үшін, **Стандартты** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Маршрутизаторда WPA қауіпсіздік жүйесі бар болса, кілтсөзді қашықтан басқару құралының көмегімен енгізіңіз. Экрандық пернетақтаны ашу үшін, мәтіндік жолды таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

WEP қауіпсіздік шифрлауы бар болса, теледидар он алты санды WEP шифрлау кілтін сұрайды. Бұл он алты санды кілтті компьютердегі маршрутизатордың бағдарламалық құралынан табуға болады. WEP кілттер тізіміндегі бірінші кілтті жазып алып, оны теледидарға қашықтан басқару құралының көмегімен енгізіңіз. Қауіпсіздік кілті қабылданса, теледидар сымсыз маршрутизаторға қосылады.

Сұралған жағдайда, түпкі пайдаланушының лицензиялық келісіміндегі шарттарды қабылдаңыз.

Wi-Fi Media Connect

Wi-Fi MediaConnect көмегімен компьютер экранын теледидар экранында сымсыз шығаруға (көрсетуге) болады. Бұл бағдарламалық құралды тегін жүктеп алу үшін, өніммен танысу кітапшасындағы кодты қарап алыңыз. MediaConnect бағдарламалық құралын тек компьютерлерде пайдалануға болады.

Не қажет

Wi-Fi MediaConnect бағдарламалық құралын қолдану үшін, теледидарды үй желісіне қосу керек. Сымсыз байланыс маршрутизаторы қажет болады. Желіге қосылу туралы ақпаратты **Анықтама > Реттеу > Желі** бөлімінен оқыңыз.

Wi-Fi MediaConnect бағдарламалық құралын орнату

1 Компьютер арқылы «www.philips.com/wifimediconnect» веб-торабына өтіңіз
2 Веб-торапта қажетті компьютер жүйесіне қойылатын талаптарды тексеруге болады.

3 Өніммен танысу кітапшасындағы кодты енгізіңіз.

4 Тегін Wi-Fi MediaConnect бағдарламалық құралын жүктеп алу үшін «Download now» (Қазір жүктеу) түймесін басыңыз.

5 Жүктеп алынған соң, «Wi-Fi MediaConnect_setup.exe» файлын ашыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Теледидар желісінің атауы

Үй желісінде бірнеше теледидар болса, осы теледидардың атауын өзгертуге болады. Желіде осы теледидардың атауын өзгерту үшін, **🏠 > Реттеу > Желі параметрлері** тармағына өтіп, **Теледидар жүйесінің атауы** опциясын таңдаңыз. Атауды енгізу үшін, **ОК** түймесін басып, экрандағы пернетақтаны ашыңыз немесе қашықтан басқару құралының пернетақтасын пайдаланыңыз.

Wi-Fi MediaConnect функциясын компьютерде пайдалану үшін, **Анықтама > Smart TV > Бейнелер, фотосуреттер және музыка > Wi-Fi MediaConnect** тармағын таңдаңыз.

Компьютерге қойылатын талаптар

Windows XP, Vista, Windows 7 (тек компьютерге)

Компьютерге қойылатын ең төменгі талаптар

- Intel® Pentium Core™ 2 Duo 1,8 ГГц.
- 512 Мбайт ЖЖҚ.
- Қатты дисктегі бос орын: 200 МБ.
- Wi-Fi 802.11g.
- Жылдамдығы жоғары интернет байланысы

Компьютердің ұсынылатын талаптары

- Intel® Pentium Core™ 2 Duo 2,1 ГГц.
- 1 Гбайт ЖЖҚ.
- Қатты дисктегі бос орын: 200 МБ.
- Маршрутизатор мен компьютерге арналған Wi-Fi 802.11n.
- Жылдамдығы жоғары интернет байланысы

Сымды орнату

Желіні орнатпас бұрын, маршрутизаторды теледидарға жалғап, қосыңыз.

Желіні орнатуды бастау үшін, **🏠** түймесін басып, **Реттеу > Желіге қосылу** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Теледидар жүйелі түрде желі байланысын іздейді. Маршрутизаторда DHCP сервері қосылу күйіне орнатылуы керек.

Сұралған жағдайда, түпкі пайдаланушының лицензиялық келісіміндегі шарттарды қабылдаңыз.

Қосылу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Байланыстар > Желі > Сымды** тармағынан көруге болады.

Желі параметрлері

Желі параметрлері тармағын ашу үшін, **🏠 > Реттеу > Желі параметрлері** тармағына өтіп, **ОК** түймесін басыңыз.

Желі түрін, IP және MAC мекенжайларын, сигналдың күшін, жылдамдықты, шифрлау әдісін, т.б. көруге болады. DHCP және Автоматты IP, IP конфигурация параметрлерін, DMR параметрін және ТВ желісінің атауын орнатуға болады.

4.5 Құралдар

EasyLink HDMI-CEC

EasyLink HDMI-CEC стандартының көмегімен теледидар мен жалғанған құрылғылар бірге істеу мүмкіндігіне ие болады. Теледидардың қашықтан басқару құралымен EasyLink құрылғыларын басқаруға болады. Құрылғы HDMI кабелі арқылы жалғанған болуы керек. EasyLink мүмкіндігі бар құрылғылар автоматты түрде «Негізгі» мәзірде пайда болады.

Параметрлерді орнату

Теледидар жеткізілгенде, EasyLink мүмкіндігі қосылуы болады. Жалғанған EasyLink құрылғыларындағы барлық HDMI-CEC параметрлерінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. EasyLink мүмкіндігі басқа компаниялардың құрылғыларымен жұмыс істемей мүмкін.

EasyLink қашықтан басқару құралын өшіру

Құрылғыларды теледидардың қашықтан басқару құралымен басқарғыңыз келмесе, EasyLink қашықтан басқару құралын бөлек ажыратып тастауға болады.

«Негізгі» мәзір  > **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** тармағын таңдап, **EasyLink** > **EasyLink қашықтан басқару құралы** тармағын таңдаңыз да, **Өшірулі** параметрін таңдаңыз.

EasyLink мүмкіндігін өшіру

EasyLink мүмкіндігін толықтай өшіру үшін, «Негізгі» мәзір  > **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** тармағын таңдап, **EasyLink** > **EasyLink қосылу/өшірулі** тармағынан **Өшірулі** күйін таңдаңыз.

Басқа маркалардағы HDMI-CEC стандарты

HDMI-CEC стандартының аты түрлі компанияларда әртүрлі болады. Атттардың мысалдары: Anynet, Aquos Link, Bravia Theatre Sync, Kuro Link, Simplink және Viera Link. Бұл брендтердің барлығы EasyLink мүмкіндігімен үйлесімді бола бермейді.

EasyLink қызметін пайдалану туралы қосымша ақпаратты **Help (Анықтама)** > **Basics (Негіздер)** > **Remote control (Қашықтан басқару құралы)** > **Operate devices (Құрылғыларды басқару)** > тармағынан қараңыз.

Жаңа құрылғы қосу

EasyLink HDMI-CEC арқылы жалғанған құрылғылардың әрекеттері автоматты түрде «Негізгі» мәзірде көрсетіледі. Бір құрылғы бірнеше әрекетті қамтуы мүмкін. Құрылғы HDMI кабелі арқылы жалғанған болуы керек. Жалғанған құрылғы «Негізгі» мәзірде көрсетілмесе, құрылғының EasyLink мүмкіндігі өшірулі болуы мүмкін.

Жалғанған құрылғыда EasyLink мүмкіндігі болмаса немесе HDMI кабелі арқылы жалғанбаған болса, онда «Негізгі» мәзірде **Құрылғы қосу** пәрменін пайдаланып құрылғыны қолмен қосу керек болады.

Құрылғы қосу

«Негізгі» мәзіріндегі **Құрылғы қосу** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Теледидар құрылғыны және құрылғы жалғанатын байланысты таңдауды сұрайды. Құрылғы немесе оның әрекеттері қазір Home (Басты) мәзіріне қосылды.

Құрылғының атауын өзгерту

«Негізгі» мәзірде құрылғының атауын өзгерту үшін, құрылғыны таңдап, **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басыңыз да, **Атауын өзгерту** пәрменін таңдаңыз. Қашықтан басқару құралындағы пернелермен SMS/мәтінді хабар жазғандай жаңа атауды теріңіз немесе **ОК** түймесін басып экрандық пернетақтаны шығарыңыз.

Параметрлерді орнату / Құралдар

Құрылғыны жою

«Негізгі» мәзірден құрылғыны немесе әрекетті жою үшін, элементті таңдап, **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басыңыз да, одан кейін **Бұл құрылғыны жою** пәрменін таңдаңыз.

Жойылғаннан кейін де құрылғы немесе әрекет «Негізгі» мәзірде көрсетіле берсе, белгішенің қайтадан автоматты түрде қосылуына жол бермеу үшін, құрылғының EasyLink мүмкіндігін өшіріңіз.

Дыбыс - бейне қадамдастыруы

Теледидарға үй кинотеатры жүйесі жалғанып тұрғанда, теледидардағы бейне мен үй кинотеатры жүйесіндегі дыбыс бірдей болып шығуы керек. Сәйкессіздікті адамдар сөйлесіп жатқан көріністерден байқауға болады. Адамдар сөйлемді еріндері қозғалуын тоқтатпай тұрып аяқтайды.

Дыбысты автоматты түрде бейнеге қадамдастыру

Соңғы Philips үй кинотеатр жүйелерінде аудио мен бейне автоматты түрде қадамдастырылады әрі әрдайым дұрыс болады.

Дыбыс қадамдастырылуының кешігуі

Басқа үй кинотеатр жүйелерінде дыбысты бейнемен қадамдастыру үшін дыбыстың кешігуін реттеу керек болуы мүмкін. HTS жүйесінде кешігу мәні бейне мен дыбыс арасында сәйкестік болғанша арттырылады. 180 мс кешігу мәні қажет болуы мүмкін. HTS жүйесінің пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.

HTS жүйесінде кешігу мәні орнатылғанда, HTS жүйесінің барлық кіріс дыбыстары үшін бірдей кешігу орнатылған болса, **Дыбыс шығысы кідіру уақыты** параметрін өшіру керек. Дыбыс шығысы кідіру уақыты параметрін өшіру үшін,  түймесін басып, **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** > **Басымдықтар** > **Дыбыс шығысы кідіру уақыты** тармағын таңдаңыз. **Өшірулі** күйін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Үй кинотеатры жүйесінде кідіріс орнату мүмкін болмаса немесе оның ең жоғарғы параметрі жеткіліксіз болса, теледидардың «Perfect Natural Motion» сурет өңдеуін өшіруге болады. Perfect Natural Motion функциясын өшіру үшін,  түймесін басып, **Теледидар параметрлері** > **Бейне** > **Perfect Natural Motion** тармағын таңдаңыз. **Өшірулі** күйін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Авто субтитрлерді ауыстыру

Жаңадан шыққан Philips ойнатқышында DVD немесе Blu-ray дискісі ойнатылған жағдайда, теледидарда субтитрлерді жоғары қарай жылжытуға болады. Сонда бейне пішімінің қандай түрі таңдалса да, субтитрлер көрсетіледі. Теледидар жеткізілгенде, Авто субтитрлерді ауыстыру параметрі қосылған болады.

Авто субтитрлерді ауыстыру параметрін өшіру үшін,  түймесін басып, > **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** > **EasyLink** > **Авто субтитрлерді ауыстыру** тармағына өтіңіз. **Өшірулі** күйін таңдаңыз.

Пиксел + байланыс

Басқа кейбір құрылғыларда (DVD немесе Blu-ray диск ойнатқыштары) өзіндік бейне сапасының өңдеу мүмкіндігі болады. Теледидар өңдеуінен туындайтын бейне сапасының нашарлауына жол бермеу үшін, бұл құрылғылардың бейне өңдеуін ажырату керек. Теледидар жеткізілгенде, «Пиксел + байланыс» функциясы қосылуы болады және бұл теледидар жалғанған соңғы құрылғылардың бейне сапа өңдеуін ажыратады.

Пиксел + байланыс функциясын өшіру үшін,  түймесін басып
> Реттеу > Теледидар параметрлері > EasyLink > Пиксел +
байланыс тармағына өтіңіз. Өшірулі күйін таңдаңыз.

4.6 Әмбебап пайдалану

Қосу

Әмбебап пайдалану параметрі қосулы болса, телеарналар есту немесе көру қабілеті нашар кісілер пайдалану режиміне өтеді.

Қосу

Орнату барысында Әмбебап пайдалану параметрін қоспаған болсаңыз, оны әлі де «Әмбебап пайдалану» мәзірінен қосуға болады.

Әмбебап пайдалану параметрін қосу үшін,  > **Реттеу** > **Теледидар параметрлері** > **Басымдықтар** > **Әмбебап пайдалану** тармақтарын таңдаңыз. **Қосу** пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Әмбебап пайдалану мүмкіндігі «Реттеу» мәзірі арқылы іске қосылса, ол «Опциялар» мәзіріне қосылады. Опциялар мәзірінің ішіндегі «Әмбебап» мәзір арқылы есту немесе көру қабілеті нашар кісілер үшін арнайы параметрлерді таңдауға болады.

Есту қабілеті нашар

Кейбір сандық телеарналар есту қабілеті нашар адамдарға бейімделген арнайы дыбыс пен субтитрлерді таратады. Есту қабілеті нашар адамдарға арналған параметрі қосылған кезде теледидар автоматты түрде қол жетімді болса бейімделген дыбыс пен субтитрлер режиміне ауысады.

Қосу

Есту қабілеті нашар адамдар параметрін қосу үшін,  **OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Әмбебап пайдалану** тармағын, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз. **Есту қабілеті нашар адамдар** тармағын, **Қосулы** параметрін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Есту қабілеті нашар адамдарға арналған дыбыс тілінің бар-жоғын тексеру үшін,  **OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Аудио тілі** параметрін таңдаңыз, одан кейін  белгішесі бар дыбыс тілін іздеңіз.

Егер Әмбебап пайдалану тармағы Опциялар мәзірінде көрсетілмесе, оны Параметрлерді орнату ішінде қосыңыз. **Анықтама** > **Параметрлерді орнату** > **Әмбебап пайдалану** > **Қосу** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Көзге көрінетін зақым

Кейбір сандық телеарналар көру қабілеті шектеулі адамдар үшін Аудио сипаттамасы деп аталатын арнайы аудио таратады. Аудиода әңгімелеуші қалыпты аудиодағы кідірістер барысында бағдарламада болып жатқан нәрселерді сипаттайды.

Қосу

Көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған аудионы қосу үшін,  **OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Әмбебап пайдалану** тармағын таңдаңыз да, **ОК** түймесін басыңыз. **Көру қабілеті шектеулі адамдар** тармағын, **Қосулы** параметрін немесе, бар болса, бейімделген аудио шығарылатын динамиктерді таңдаңыз. Бар болса, теледидар көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған аудионы шығарады.

Дыбыс деңгейі – Көру қабілеті нашар

Қол жетімді болса қосымша түсініктеменің дыбыс деңгейін реттеуге болады.

Көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған аудио тілінің бар-жоғын тексеру үшін,  **OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Аудио тілі** параметрін таңдаңыз, одан кейін  белгішесі бар аудио тілін іздеңіз.

Егер Әмбебап пайдалану тармағы Опциялар мәзірінде көрсетілмесе, оны Параметрлерді орнату ішінде қосыңыз. **Анықтама** > **Параметрлерді орнату** > **Әмбебап пайдалану** > **Қосу** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Перне сигналы

Пернелердің дыбыс шығару функциясы қашықтан басқару құралындағы пернелерді басқан кезде дыбыстық белгі беріп тұрады. Дыбыстық белгінің деңгейі бекітілген.

Қосу

Пернелердің дыбысын қосу үшін,  **OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Әмбебап пайдалану** тармағын таңдаңыз да, **ОК** түймесін басыңыз. **Пернелердің дыбысы** тармағын және **Қосулы** параметрін таңдаңыз.

Егер Әмбебап пайдалану тармағы Опциялар мәзірінде көрсетілмесе, оны Параметрлерді орнату ішінде қосыңыз. **Анықтама** > **Параметрлерді орнату** > **Әмбебап пайдалану** > **Қосу** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

4.7 Бағдарламалық құрал

Ағымдағы нұсқа

Теледидардың ағымдағы бағдарламалық құрал нұсқасын көру үшін, **🏠** > **Параметрлерді орнату** > **Бағдарламалық құрал параметрлері** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. **Ағымдағы бағдарламалық құрал ақпараты** параметрін таңдап, **Нұсқа:** бөлімін оқыңыз.

Интернет арқылы жаңарту

Теледидар Интернетке қосылған болса, TP Vision компаниясынан теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту туралы хабар алынуы мүмкін. Жылдамдығы жоғары (кең жолақты) Интернет байланысы керек болады.

Осы хабар келсе, жаңартуды орындау ұсынылады. **Жаңарту** параметрін таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жаңа жаңартуларды өз бетімен іздеуге болады. Жаңартуды іздеу үшін, **🏠** > **Параметрлерді орнату** > **Бағдарламалық құралды жаңарту** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жаңарту аяқталғаннан кейін теледидар автоматты түрде өшіп, қайтадан қосылады. Теледидардың қайта қосылуын күтіңіз, теледидардағы қуат қосқышын **🔌** пайдаланбаңыз.

USB құрылғысымен жаңарту

Теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту қажет болуы мүмкін. Бағдарламалық құралды теледидарға жүктеу үшін, жылдамдығы жоғары (кең жолақты) Интернет байланысы бар компьютер және USB жад құрылғысы керек болады. 256 Мб бос орны бар USB жад құрылғысын пайдаланыңыз. Жазу қорғауының ажыратылғанын тексеріңіз.

- 1 Бастау.
- 2 Анықтау.
- 3 Жүктеп алу.
- 4 ТВ жаңарту.

1 Теледидарда жаңартуды бастау

Бағдарламалық құралды жаңарту үшін, **🏠** > **Параметрлерді орнату** > **Бағдарламалық құралды жаңарту** тармағын таңдаңыз. **USB** тармағын таңдаңыз.

2 Теледидарды анықтау

Теледидардың бүйіріне USB жад құрылғысын салып, **Бастау** параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. USB жад құрылғысына анықтау файлы жазылады.

3 Теледидар бағдарламалық құралын жаңарту

USB жад құрылғысын компьютерге жалғаңыз. USB жад құрылғысында **update.htm** файлын тауып, оны екі рет түртіңіз. **Идентификатор жіберу** параметрін түртіңіз. Жаңа бағдарламалық құрал болса, .zip файлды жүктеп алыңыз. Жүктеген соң, файлды мұрағаттан шығарып, **autorun.upg** файлын USB жад құрылғысына көшіріңіз. Бұл файлды қалтаға орналастырмаңыз.

4 Теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту

USB жад құрылғысын теледидарға қайта жалғаңыз. Жаңарту автоматты түрде басталады. Теледидар 10 секундқа өшіп, кейін қайта қосылады. Күте тұрыңыз.

Мыналарды істеуге болмайды:

- қашықтан басқару құралын пайдалану;
- USB жад құрылғысын теледидардан шығару.

Егер жаңарту кезінде электр жарығы өшіп қалса, USB құрылғысын теледидардан ажыратпаңыз. Электр жарығы қайта жанғанда, жаңарту жалғасады.

Жаңарту аяқталғанда, экранға **Аяқталды** деген хабар шығады. USB құрылғысын ажыратып, қашықтан басқару құралындағы **🔌** түймесін басыңыз.

Мыналарды істеуге болмайды:

- **🔌** түймесін екі рет басу;
 - теледидардағы **🔌** қосқышын пайдалану.
- Теледидар өшіп (10 секунд), қайта қосылады. Күте тұрыңыз.

Теледидар бағдарламалық құралы жаңартылды. Теледидарды қайта пайдалануға болады.

Теледидар бағдарламалық құралының кездейсоқ жаңартылуын болдырмау үшін, **autorun.upg** файлын USB құрылғысынан жойыңыз.


5 Қосылымдар

5.1 Бірінші қосылымдар

Қуат кабелі

Қуат кабелін теледидардың қуат ұясына жалғаңыз.

Электр қуаты сымын ажыратқанда, сымнан емес, штепсельдік ұшынан тартып суырыңыз.




Теледидар күту режимінде өте аз қуат тұтынғанымен, ол ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, қуатты үнемдеу мақсатында теледидарды қуат қосқыштың көмегімен өшіріңіз. Қуат түймесі туралы қосымша ақпараты **Анықтама > Жұмысты бастау > ТД түймелері > Қуат түймесі** тармағынан қараңыз.

Электр сымының теледидарға мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз. Розеткаға барлық уақытта қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Антенна кабелі

Теледидардың арт жағынан антенна қосылысын тауып алыңыз. Антенна кабелін **Antenna**  ұясына мықтап жалғаңыз.



5.2 Кабельдер мен байланыстар

Кабель сапасы


Теледидарға құрылғы жалғамас бұрын, құрылғыдағы ұяларды тексеріңіз. Құрылғыны теледидарға мүмкіндігінше жоғары сапалы байланыс түрімен жалғаңыз. Сапалы кабельдер бейне мен дыбыс сигналдарының жақсы берілуін қамтамасыз етеді. **Кабельдер мен байланыстар** бөлімінің басқа тарауларын оқыңыз.

Анықтама > Байланыстар > Құрылғыларды жалғау бөлімінде көрсетілген байланыстардың диаграммалары ұсыныс ретінде берілген. Басқа шешім қабылдануы да мүмкін.

Philips қолдау көрсету веб-беттеріне (www.philips.com/support) кіріп, теледидардың **Байланыс мүмкіндігі нұсқаулығын** ашыңыз. Нұсқаулықтан үйдегі бар құрылғыларды жалғау бойынша анықтама алуға болады.

HDMI

HDMI байланысының бейнесі мен дыбысы ең сапалы болып келеді. Бір HDMI кабелінде бейне сигналы да, дыбыс сигналы да болады. HDMI кабелін айқындығы жоғары (HD) TV сигналдары үшін пайдаланыңыз. HDMI кабелі (HDMI ARC кабелінен тыс) бейне және дыбыс сигналдарын тек бір бағытта тасымалдайды. Ұзындығы 5 м-ден асатын HDMI кабелін пайдаланбаңыз.



EasyLink HDMI-CEC

Құрылғылар HDMI арқылы жалғанған және оларда EasyLink мүмкіндігі болса, оларды теледидардың қашықтан басқару құралымен басқаруға болады. EasyLink туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Негіздер > Қашықтан басқару құралы > Құрылғыларды басқару** тармағынан қараңыз.

HDMI ARC байланысы

Үй кинотеатр жүйесін HDMI ARC ұясына жалғаңыз. HDMI ARC көмегімен жалғанғанда, теледидардан үй кинотеатры жүйесіне қосымша кабельдің керегі жоқ. Бір HDMI кабелі HDMI ARC (Дыбысты қайтару арнасы) ұясына жалғанып тұрғанда, екі кабель біріктіріледі.

HDMI ARC байланысын ажырату

HDMI ARC ұясындағы дыбысты қайтару сигналын ажырату керек болса, **🏠 > Параметрлерді орнату > Теледидар параметрлері > EasyLink > HDMI 1 ARC** тармағын, **Өшірулі** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

DVI - HDMI

Құрылғыда DVI ұясы ғана болса, DVI-HDMI адаптерін пайдаланыңыз. HDMI ұяларының біреуін пайдаланып, дыбыс үшін теледидардың артқы жағында Audio L/R кабелін (3,5 мм шағын қосқыш) **Audio In DVI/VGA** ұясына жалғаңыз.


Көшіруден қорғау

DVI және HDMI кабельдерінде HDCP (жоғары өткізу мүмкіндігі бар сандық мазмұнды қорғау) мүмкіндігі бар. HDCP — DVD немесе Blu-ray дискілерінен мазмұнның көшірілуін болдырмайтын қорғау сигналы. DRM (сандық құқықтарды басқару) деп те аталады.

Y Pb Pr

Дыбыс үшін YPbPr бөлінген бейне сигналының байланысын дыбыс сигналының оң және сол ұяларымен пайдаланыңыз.



Жалғаған кезде YPbPr коннекторының түстерін кабель ашаларымен сәйкестендіріңіз. YPbPr кабелі айқындығы жоғары (HD) телесигналдарды өткізе алады.



SCART


SCART кабелі бейне және дыбыс сигналдарын біріктіреді. SCART коннекторлары RGB бейне сигналдарын өткізе алады, бірақ айқындығы жоғары (HD) телесигналдарды өткізе алмайды.

Scart кабелін берілген Scart адаптерімен жалғаңыз.



Бейне

Құрылғыда тек Бейне (CVBS) байланысы болса, **Бейне - Scart адаптерін** (жинаққа кірмейді) пайдалану керек болады. Адаптерді теледидардың берілген Scart адаптеріне жалғаңыз. Audio L/R ұяларын қосуға болады.



VGA


Компьютерді теледидарға VGA кабелімен (DE15 қосқышы) жалғаңыз. Бұл ұя арқылы теледидарды компьютер монитори ретінде пайдалануға болады. Дыбыс үшін Audio L/R кабелін (3,5 мм шағын қосқыш) пайдалануға болады.

Компьютерді VGA ұясы арқылы жалғау үшін, **Анықтама > Байланыстар > Қосымша құрылғыларды қосу > Теледидарды компьютер монитори ретінде қолдану** бөлімін оқыңыз.


5.3 Құрылғылар жалғау

SoundBar


Құрылғыны теледидарға жалғау үшін, HDMI кабелін пайдаланыңыз.



Теледидарда да, құрылғыда да HDMI-ARC ұялары қолданылса, басқа кабель қажет болмайды. Қажет болса, ары қарай оқыңыз.




HDMI-ARC байланысы қолданылмаса, сандық дыбыс кабелін (оптикалық) жалғаңыз.




Blu-ray дискісін / DVD дискісін ойнатқыш

Құрылғыны теледидарға жалғау үшін, HDMI кабелін пайдаланыңыз.




Диск ойнатқышы бар үй кинотеатры жүйесі


Құрылғыны теледидарға жалғау үшін, HDMI кабелін пайдаланыңыз.



Теледидарда да, құрылғыда да HDMI-ARC ұялары қолданылса, басқа кабель қажет болмайды. Қажет болса, ары қарай оқыңыз.



HDMI-ARC байланысы қолданылмаса, сандық дыбыс кабелін (оптикалық) жалғаңыз.



Дыбыс - бейне қадамдастыруы

Дыбыс экрандағы бейнеге сәйкес келмесе, дыбыс пен бейнені сәйкестендіру үшін DVD үй кинотеатры жүйелерінің көбінде кідіріс орнатуға болады.

Аудио - бейне қадамдастыруы туралы қосымша ақпаратты


Анықтама > Параметрлерді орнату > Құрылғылар > Аудио - бейне қадамдастыруы тармағынан көруге болады.

DVD ойнатқышынан немесе басқа құрылғыдан шығатын дыбыс сигналын тікелей үй кинотеатры жүйесіне жалғамаңыз.


Әрдайым дыбысты алдымен теледидардан өткізіңіз.

Бейнемагнитофон

Антеннаны құрылғы мен теледидарға жалғау үшін, 2 антенналық кабелді пайдаланыңыз.



Құрылғыны теледидарға жалғау үшін, HDMI кабелін қосыңыз.




Сандық ресивер / жерсерік ресивері


Теледидарды сандық ресивер (сандық ТВ ресивері - STB) арқылы көріп, теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланбаған жағдайда, автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратыңыз. Бұл әрекет теледидардың қашықтан басқару құралының пернесі 4 сағат басылмаса орын алатын автоматты өшуіне жол бермейді.

Автоматты өшіру мүмкіндігін ажырату үшін, телеарналарды көріп жатып **жасыл** пернені басыңыз да, алдымен **Автоматты сөндіру**, одан кейін **Өшірулі** тармақтарын таңдаңыз.

Антеннаны құрылғы мен теледидарға жалғау үшін, 2 антенналық кабелді пайдаланыңыз.



Құрылғыны теледидарға жалғау үшін, HDMI кабелін қосыңыз.




Сандық ресивер + диск рекордері


Теледидарды сандық ресивер (сандық ТВ ресивері - STB) арқылы көріп, теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланбаған жағдайда, автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратыңыз. Бұл әрекет теледидардың қашықтан басқару құралының пернесі 4 сағат басылмаса орын алатын автоматты өшуіне жол бермейді.

Автоматты өшіру мүмкіндігін ажырату үшін, телеарналарды көріп жатып **жасыл** пернені басыңыз да, алдымен **Автоматты сөндіру**, одан кейін **Өшірулі** тармақтарын таңдаңыз.


Алдымен, 3 антенналық кабельдің көмегімен құрылғыларды теледидарға жалғаңыз.



Содан кейін, HDMI кабелінің көмегімен сандық ресиверді теледидарға жалғаңыз.



Соңында, HDMI кабелі арқылы диск рекордерін теледидарға жалғаңыз.




Сандық ресивер + Disc-R + Үй кинотеатры


Теледидарды сандық ресивер (сандық ТВ ресивері - STB) арқылы көріп, теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланбаған жағдайда, автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратыңыз. Бұл әрекет теледидардың қашықтан басқару құралының пернесі 4 сағат басылмаса орын алатын автоматты өшуіне жол бермейді.

Автоматты өшіру мүмкіндігін ажырату үшін, телеарналарды көріп жатып **жасыл** пернені басыңыз да, алдымен **Автоматты сөндіру**, одан кейін **Өшірулі** тармақтарын таңдаңыз.


Алдымен, 3 антенналық кабельдің көмегімен құрылғыларды теледидарға жалғаңыз.




Содан кейін, HDMI кабелінің көмегімен сандық ресиверді теледидарға жалғаңыз.




Содан кейін, HDMI кабелінің көмегімен диск рекордерін теледидарға жалғаңыз.



Одан кейін, үй кинотеатры жүйесін теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.



Теледидар мен құрылғыда HDMI-ARC байланысы қолданылмаса, сандық дыбыс кабелін (оптикалық) жалғаңыз.




Сандық HD қабылдағышы


Теледидарды сандық ресивер (сандық ТВ ресивері - STB) арқылы көріп, теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланбаған жағдайда, автоматты өшіру мүмкіндігін ажыратыңыз. Бұл әрекет теледидардың қашықтан басқару құралының пернесі 4 сағат басылмаса орын алатын автоматты өшуіне жол бермейді.

Автоматты өшіру мүмкіндігін ажырату үшін, телеарналарды көріп жатып **жасыл** пернені басыңыз да, алдымен **Автоматты сөндіру**, одан кейін **Өшірулі** тармақтарын таңдаңыз.

Алдымен 2 антенналық кабельдің көмегімен құрылғыны теледидарға жалғаңыз.



Құрылғыны теледидарға жалғау үшін, HDMI кабелін пайдаланыңыз.




5.4 Қосымша құрылғыларды қосу

Ойын


Ойын консолін теледидардың бүйіріне немесе артына жалғаңыз. HDMI, YPbPr немесе Scart байланысын қолдануға болады. Ойын консолінде Video (CVBS) немесе Audio L/R шығысы болса, Scart байланысына қосылу үшін, **Video Audio L/R – SCART** адаптеріне жалғаңыз.

Ойындар туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Smart TV > Ойындар** тармағынан қараңыз.

HDMI кабелінің көмегімен құрылғыны теледидардың бүйіріне жалғаңыз.



Немесе, Scart адаптерінің көмегімен құрылғыны теледидарға жалғаңыз.




HD ойыны

Теледидарға ажыратымдылығы жоғары ойын құрылғысын жалғау үшін, HDMI кабелін немесе YPbPr және Audio L/R кабельдерін пайдаланыңыз.

HD ойын консолін жалғау үшін, **Анықтама > Байланыстар > Басқа құрылғыларды қосу > Ойын** тармағын оқыңыз.

Фотокамера

Сандық фотокамерадағы суреттерді көру үшін, камераны теледидарға тікелей жалғауға болады. Теледидардың бүйіріндегі USB ұясы арқылы жалғаңыз. Жалғаған соң, камераны қосыңыз.




Камера мазмұнының тізімі автоматты түрде көрсетілмесе, мазмұның тасымалдау үшін, камераның PTP (Сурет тасымалдау протоколы) арқылы реттелуі қажет болуы мүмкін. Сандық фотокамераның пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.

Бейне камера


Камкордерді теледидардың бүйіріне немесе артына жалғаңыз. HDMI, YPbPr немесе Scart байланысын қолдануға болады. Камкордерде Video (CVBS) немесе Audio L/R шығысы болса, Scart ұясына қосылу үшін, **Video Audio L/R-SCART** адаптерін қолданыңыз.

Бейнекамераны жалғау әдісін келесі беттерден қараңыз.

Бейнекамераны теледидардың артына қосу үшін, HDMI кабелін пайдаланыңыз.




Немесе, Scart адаптерінің көмегімен құрылғыны теледидарға жалғаңыз.



Пернетақта мен тінтуір

USB пернетақтасы

Теледидарға мәтін енгізу үшін, USB пернетақтасын жалғауға болады. Жалғанған пернетақтамен жаңа арна атауын енгізуге немесе Net TV қызметінің YouTube app бойынша ісделетін нәрсені енгізуге болады.



Орнату

Теледидарды іске қосып, USB пернетақтасын теледидар бүйіріндегі USB ұяларының біріне қосыңыз. Теледидар пернетақтаны тапқанда, пернетақта орналасуын таңдап, таңдалған элементті сынап көруге болады.

Кириллица немесе грек әріптері бар пернетақта орналасуы бірінші таңдалса, қосымша латын пернетақтасы орналасуын да таңдауға болады.

Пернетақта орналасуы параметрін өзгерту үшін, **🏠 > Параметрді орнату > Теледидар параметрлері > Реттеу > USB тінтуірі және пернетақтасы > Пернетақта параметрлері** тармақтарын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Пернетақтадағы ТД пернелері

Арна атауын өзгерту үшін:


- Enter  = OK
- Backspace  = жүгіргі алдындағы таңбаны жою
- Жылжу пернелері = мәтін жолында жылжу
- Пернетақта орналасуларына ауысып қосылу үшін, қосымша орналасу орнатылған болса, **Alt** + **Shift** пернелерін бір уақытта басыңыз.

Net TV қызметімен пайдалану үшін:

- **Tab** және **Shift Tab** = Келесі және алдыңғы
- **Home** = беттің жоғарғы жағына жылжу
- **Home** = беттің жоғарғы жағына жылжу
- **Page Up** = бір бетке жоғары секіру
- **Page Down** = бір бетке төмен секіру
- + = бір қадамға үлкейту
- - = бір қадамға кішірейту
- * = еніне сәйкестендіру

USB тінтуірі

Интернетте беттерге жылжу үшін, USB тінтуірін жалғауға болады. Интернет бетіндегі сілтемелерді оңай нұқи аласыз. USB тінтуірімен Net TV app беттеріндегі ТД мәзірлері бойынша жалжу мүмкін емес.



Орнату

Теледидарды іске қосып, USB тінтуіріңн теледидар бүйіріндегі USB ұяларының біріне қосыңыз. Сонымен қатар, USB тінтуірді қосылған USB пернетақтасына қосуға болады.

Тінтуірді басу

- Сол жағын басу = OK
- Оң жағын басу = Кері 


Беттерді жоғары не төмен жылжыту үшін, дөңгелек пернені пайдалана аласыз.

Теледидарды компьютердің монитормы ретінде қолдану


Теледидарды үй желісіне сымсыз жалғауға болады. Wi-Fi MediaConnect арқылы теледидарды компьютер монитормы ретінде пайдалануға болады. **Анықтама > Параметрлерді орнату > Желі > Wi-Fi MediaConnect** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Компьютерді теледидарға сымды компьютер монитормы ретінде жалғау үшін, ары қарай оқыңыз. VGA кабелін немесе DVI-HDMI адаптерін қолдануға болады.

Компьютерді теледидардың артындағы VGA коннекторына жалғау үшін VGA кабелін, ал VGA Audio L/R ұясына жалғау үшін аудио L/R кабелін пайдаланыңыз.



Компьютерді теледидардың жанындағы HDMI ұясына жалғау үшін DVI-HDMI адаптерін, ал Audio L/R ұясына жалғау үшін аудио L/R кабелін пайдаланыңыз.



Қолайлы теледидар параметрі

Сурет сапасы барынша анық болуы үшін, теледидардың Бейне пішімі параметрін Масштабталмаған күйіне қойыңыз.

Теледидарды көріп отырған кезде, **Hi ADJUST** (Опциялар) пернесін басып, **Бейне пішімі** параметрін, одан кейін **Масштабталмаған** күйін таңдаңыз.

Қолдауы бар ажыратымдылықтар тізімін **Анықтама >**

Техникалық сипаттар > Дисплей ажыратымдылықтары тармағынан қараңыз.

5.5 Желі


Тоқ сымысыз

Сымсыз желі байланысын реттеу үшін, **Анықтама** > **Параметрлерді орнату** > **Желі** тармағын оқыңыз.

Сымды

Сымды желі байланысын реттеу үшін, **Анықтама** > **Параметрлерін орнату** > **Желі** бөлімін оқыңыз.

Желілік кабельдің көмегімен маршрутизаторды теледидарға жалғаңыз. Электромагниттік үйлесімділік талаптарын орындау үшін, қорғалған FTP Cat. 5E Ethernet кабелін пайдаланыңыз.



5.6 SD картасы

Жад көлемі

Net TV қызметінің Бейне дүкенінен жүктеп алынған бейнелерді сақтау үшін, теледидардың SD картасының ұясына SD картасын салу керек. Пішімделген соң, картаны ұяда қалдырыңыз.

SD жад картасының көлемі

Сақтау орны кемінде 4 ГБ болатын SD HC (High Capacity) жад картасын пайдаланыңыз.


Жоғары айқындықты (HD) бейнелер үшін сақтау орны кемінде 8 ГБ болатын SD карталарын пайдаланыңыз. 2-жылдамдық сыныбына жататын немесе одан жоғары картаны пайдаланыңыз.

Бейнелерді жалға алу туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Smart TV > Net TV > Бейне дүкендері** тармағынан қараңыз.

Картаны салу

Салмас бұрын, SD картасының құлпын ашуды ұмытпаңыз.

SD картасын пішімдеу үшін, теледидарды қосып, SD картасын SD картасының ұясына салыңыз. Теледидар автоматты түрде пішімдеуді бастайды. SD картасын тұрақты ұясында қалдырыңыз.



5.7 Стандартты интерфейсті CAM модулі


CAM (шартты қатынас модулі)

Шифрленген сандық телеарналардың кодын шартты қолдану модулімен (CAM) ашуға болады. Қызметіне жазылған жағдайда, сандық ТВ қызметінің операторлары CAM модулін ұсынады. Қосымша ақпарат алып, шарттар мен ережелермен танысу үшін, сандық ТВ қызметінің операторына хабарласыңыз.

CAM модулін салу

CAM модулін салмастан бұрын теледидарды өшіріңіз. Дұрыс салу әдісін көру үшін CAM модулін қараңыз. Дұрыс салынбаса, CAM мен теледидар бұзылуы мүмкін.

Теледидардың артқы жағынан ортақ интерфейс ұясын іздеңіз. CAM модулін жайлап салып, ұяға біржола қалдырыңыз. CAM іске қосылғанша бірнеше минут өтуі мүмкін. CAM модулі шығарылса, теледидардағы қызмет ажыратылады.



CAM қызметін көру

Егер CAM салынып, жазылым ақысы төленген болса, теледидар сандық теледидар қызметін ұсынушының бағдарламаларын көрсетеді. Қолданбалар, олардың функциясы, мазмұн мен экрандағы хабарлардың барлығы CAM қызметінен келеді.

CAM параметрлері

CAM қызметіне кілтсөздер немесе PIN кодтарын тағайындау үшін, **🏠** түймесін басыңыз > **Параметрлерді орнату** > **Арна параметрлері** > **Ортақ интерфейс** тармағын таңдаңыз. CAM қызмет ұсынушысын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

CI+

Бұл теледидар CI+ шартты қолдануды орындайды. CI+ қызмет провайдерлеріне спорттық бағдарламалар мен фильмдер сияқты жоғарғы HD сандық бағдарламаларын ұсынуға мүмкіндік береді.

CI+ CAM-ды орнату үшін **CAM - Шарттарға кіру рұқсатының модулі**.

6 Ақаулықтарды жою

6.1 Байланыс ақпараты

Егер «Ақаулықтарды жою» бөліміндегі кеңестер мен ұсыныстар мәселені шешуге көмектеспесе, теледидарды өшіріп, қайтадан қосып көріңіз.

Ескерту

Егер теледидар бұзылса, **ЕШ УАҚЫТТА** теледидарды өзіңіз жөндеуге әрекеттенуші болмаңыз.

Тұтынушыларға қолдау көрсету

Теледидар мәселесі шешілмесе, Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласуға болады. Телефон шалмас бұрын, теледидардың үлгісі мен сериялық нөмірін көріп алыңыз. Телефон нөмірін теледидармен бірге келген құжаттама ішінен табуға болады. Немесе, **www.philips.com/support** веб-торабына кіріңіз.

Теледидардың үлгі мен сериялық нөмірі

Бұл нөмірлерді орауыш жапсырмасынан немесе теледидардың артындағы немесе төменгі жағындағы жапсырмадан тауып алыңыз.

6.2 Теледидар және қашықтан басқару құралы

Теледидар қосылмайды:

- Төменгі жағындағы қосқыштың көмегімен теледидарды өшіріп, қайта қосыңыз.
- Қуат кабелінің қосылысын тексеріңіз.
- Қосу үшін, теледидардағы пернелерді қолданып көріңіз.

Күту режимінде тұрғанда, теледидар қосылмайды

- Қашықтан басқару құралы батареяларының заряды таусылмағанын немесе азаймағанын тексеріңіз. Олардың «+» / «-» бағытын тексеріңіз.
- Қосу үшін, теледидардағы пернелерді қолданып көріңіз.

Теледидар қашықтан басқару құралына жауап бермейді

- Қашықтан басқару құралы батареяларының заряды таусылмағанын немесе азаймағанын тексеріңіз. Олардың «+» / «-» бағытын тексеріңіз.
- Қашықтан басқару құралы мен теледидардың сенсорлы линзаларын тазалаңыз.

- Басқа құрылғылар жалғанып тұрғанда, екі минутқа созылатын іске қосылу барысында, теледидар және кейбір сыртқы құрылғылар қашықтан басқару құралының пәрмендеріне бірден әрекет етпейді. Құрылғы дұрыс істеп тұр және бұзылмаған.

Теледидар өшіп, қызыл шам жыпылықтайды

- Төменгі жағындағы қосқыштың көмегімен теледидарды өшіріп, қайта қосыңыз. Желдетуге жеткілікті орын қалғанын тексеріңіз. Теледидар суығанша, күте тұрыңыз.

Теледидар күту режимінен қайта қосылмай, қайта-қайта жыпылықтай берсе, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Балалардан қорғау құлпын ашатын кодты ұмытып қалған жағдайда:

Анықтама > Smart TV > Құлыптар және таймерлер >

Балалардан қорғау құлпы тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

6.3 Телеарналар

Кейбір телеарналар көрсетілмейді

- Арналар тізімінде тізім дұрыс таңдалғанын тексеріңіз. **Q** **FIND** (Табу) пернесін басып Арналар тізімін ашыңыз, одан кейін **≡** **OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Тізім таңдау** пәрменімен керекті тізімді таңдаңыз.

- Арна Арналар тізімінде жасырынып тұруы мүмкін. Арналар тізімі туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Негіздер > Теледидар көру > Арналар тізімі** тармағынан қараңыз.

Орнату барысында ешбір сандық арна табылмады

- Телевизия еліңізде DVB-T немесе DVB-C сигналдарын қолдайтынын тексеріңіз. Теледидардың артындағы «Елдердегі сандық ТВ үйлесімділігі» жапсырмасын қараңыз.

6.4 Сурет пен дыбыс

Бейне жоқ

- Антеннаның жөнді жалғанғанын тексеріңіз.
- Құрылғы түрінің дұрыс таңдалғанын және жөнді жалғанғанын тексеріңіз.
- Контраст немесе жарықтық параметрін  > **Параметрлерді орнату** > **Теледидар параметрлері** > **Сурет** > **Контраст** немесе **Жарықтық** ішінен тексеруге болады.

Бейне сапасы нашар

- Ауа райының бұзылуы бейне сапасына әсер етуі мүмкін.
- Антеннаның жөнді жалғанғанын тексеріңіз.
- Жерге қосылмаған дыбыс құрылғылары, неон шамдары, биік ғимараттар немесе таулар сурет сапасына ықпал етуі мүмкін. Антеннаны басқа жерге қою немесе құрылғыларды теледидардан алыс қою арқылы суретті жақсартып көріңіз.

- Қолмен орнату мәзірінде таңдалған теледидар жүйесінің дұрыс екенін тексеріңіз.
- Белгілі бір арнаның сигналы ғана әлсіз болса, осы арнаны Дәл орнату мәзірімен дәл орнатып көріңіз.

Анықтама > **Параметрлерді орнату** > **Арналар** > **Қолмен орнату** - **Аналог** тармағындағы ақпаратты оқыңыз.

Суреттің түсі нашар

- Түс параметрлерін  > **Параметрлерді орнату** > **Теледидар параметрлері** тармағынан тексеріңіз. Әйтпесе, **≡ OPTIONS** (Опциялар) түймесін басып **Зерделі сурет** параметрін таңдаңыз.

Ойын консолін жалғағанда сурет кешігуі

- Бейненің кешігуіне жол бермеу үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Зерделі сурет** > **Ойын** тармағын таңдаңыз.

Теледидарды қайта қосқан кезде, орнатылған параметрлер сақталмайды

- Теледидар **Үй** параметріне орнатылғанын тексеріңіз.  > **Параметрлерді орнату** > **Теледидар параметрлері** > **Реттеу** > **Орналасқан жер** тармағын таңдаңыз.

Сурет экранға сыймайды

- **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Бейне пішімі** тармағын және **Автоматты толтыру** пәрменін таңдаңыз.

Экрандағы суреттің орны дұрыс емес

- Жылжыған бейнені түзету үшін, **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Бейнені ауыстыру** тармағын таңдаңыз. Жылжу пернелерінің көмегімен бейненің орнын реттеңіз. Бейнені ауыстыру параметрін ажырату үшін, **ОК** түймесін басыңыз.

- Экранның жиектері бұрмаланып тұрса,  > **Параметрлерді орнату** > **Теледидар параметрлері** > **Бейне** > **Экран жиектері** тармағын таңдап, сырғытпа жолақтың көмегімен бейнені сәл үлкейтіңіз.

Сурет бар, бірақ дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейі 0 мәнінде тұрмағанын тексеріңіз.
- Дыбыстың  түймесімен өшірілмегенін тексеріңіз.
- Барлық кабельдердің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Дыбыс сигналы анықталмаса, теледидар автоматты түрде дыбысты өшіреді. Бұл — қалыпты жұмыс және ақаулық емес.

Дыбыс нашар

- Кез келген **Зерделі** дыбыс параметрін көріңіз, **≡ OPTIONS** (Опциялар) пернесін басып, **Зерделі дыбыс** тармағын таңдаңыз.
- Дыбыстың **Стерео** мәніне қойылғанын тексеріңіз.

Дыбыс тек бір динамиктен шығады

- Баланс параметрін тексеріңіз.  > Параметрлерді орнату > Теледидар параметрлері > Дыбыс > Баланс тармағын таңдаңыз. Сырғытпа жолақтың көмегімен балансты реттеңіз.

Дыбыстың кешігуі

- Дыбыс үй кинотеатры жүйесінен шыққанда, аудио - бейне қадамдастыру сәйкессіздігі байқалса, аудио қадамдастыруының кідірісін реттеу қажет. Аудио - бейне қадамдастыруы туралы қосымша ақпаратты **Анықтама > Параметрлерді орнату > Құрылғылар > Аудио - бейне қадамдастыруы** тармағынан қараңыз.

6.5 Құралдар

HDMI қосылыстары

- Құрылғыдан бейне шыққанша, HDMI-HDCP процедурасы бірнеше секунд алуы мүмкін.
- Теледидар құрылғыны танымаса және бейне көрсетілмесе, HDCP процедурасын қайта бастау үшін, бір құрылғыдан басқа құрылғыға, одан кейін керісінше ауысып көріңіз немесе құрылғыны өшіріп, қайта қосып көріңіз.

- Дыбыс кедергілері кетпей қойса, құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қарап, шығыс параметрлерін тексеріңіз. Бұл көмектеспесе, қосымша дыбыс кабелін жалғаныз.
- DVI-HDMI адаптері пайдаланылса, DVI байланысын аяқтауға арналған қосымша дыбыс байланысының орнында екенін тексеріңіз.

EasyLink HDMI-CEC

- Жалғанған құрылғының HDMI-CEC стандартын қолдайтынын және дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Құрылғымен бірге келген пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- HDMI кабелінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.

- Теледидар мен құрылғыдағы EasyLink қызметінің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- HDMI-CEC құрылғыларындағы жүйенің дыбысты басқару құралы дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Дыбыс құрылғысымен бірге келген пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.

Компьютердің дисплейі

- VGA немесе DVI-HDMI адаптері арқылы теледидарға жалғанған компьютердің жаңару жиілігі 60 Гц мәніне қойылғанын тексеріңіз.
- Компьютерде таңдалған ажыратымдылық режимінің дұрыс екенін тексеріңіз. Тізімді **Анықтама > Техникалық сипаттар > Дисплей ажыратымдылықтары** тармағынан қараңыз.

6.6 Бейнелер, фотосуреттер және музыка

USB құрылғысындағы файлдар көрсетілмейді

- Құрылғыны (камераны) «Көптеп сақтау дәрежесімен» үйлесімді етіп орнатыңыз.
- USB құрылғысына белгілі бір драйвер бағдарламалық құралы қажет болуы мүмкін. Өкінішке орай, бұл бағдарламалық құралды теледидарыңызға жүктеп алу мүмкін емес.

• Дыбыс және бейне файлдарының кейбіреуіне қолдау жоқ. Тізімді **Анықтама > Техникалық сипаттар > Мультимедиа** тармағынан қараңыз.

USB құрылғысындағы файлдар дұрыс ойнатылмайды

- USB құрылғысының беріліс тиімділігі беріліс жылдамдығын шектейді.

Компьютердегі файлдар көрсетілмейді

- Үй желісіндегі файлдарды компьютерді шолу арқылы көру үшін, компьютердің медиа сервер бағдарламалық құралы теледидармен файлдарды бөлісетін етіп реттелуі керек. Үйлесімді медиа сервер бағдарламалық құралының тізімін

Анықтама > Техникалық сипаттар > Мультимедиа тармағынан қараңыз.

6.7 Желі

Сымсыз желі табылмады немесе бұрмаланған

- Қысқа толқынды пештер, сымсыз байланыс телефондары немесе көршіңіздегі басқа WiFi 11b құрылғылары сымсыз желіге кедергі келтіруі мүмкін.
- Желідегі брандмауэрлер теледидардың сымсыз байланысына қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігін тексеріңіз.

- Үйдегі сымсыз желі дұрыс істемесе, сымды желіні орнатып көріңіз. **Анықтама > Параметрлерді орнату > Желі > Сымды желі орнату** тармағын оқыңыз.

Net TV істемейді

- Маршрутизатормен байланыс дұрыс болса, маршрутизатордың Интернетпен байланысын тексеріңіз.

Компьютерді шолу немесе Net TV жұмысы баяу

- Үй ішіндегі ауқым, беру жылдамдығы және сигнал сапасының басқа факторлары туралы ақпаратты сымсыз маршрутизатордың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Маршрутизатор үшін жылдамдығы жоғары (кең жолақты) Интернет байланысы қажет.

7 Ерекшеліктер

7.1 Бағдарламалық құрал

Бағдарламалық құрал нұсқасы

Теледидардың ағымдағы бағдарламалық құрал нұсқасын көру үшін,  > **Параметрлерді орнату** > **Бағдарламалық құрал параметрлері** тармағын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. **Орнат. бағд-қ құрал туралы ақп.** параметрін таңдап, **Нұсқа:** бөлімін оқыңыз.

Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал

Бұл теледидарда бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал бар. TP Vision Netherlands B.V. компаниясы сұрау бойынша бұл өнімде қолданылған, авторлық құқықпен қорғалған бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал бумаларының тиісті толық бастапқы кодының көшірмесін жеткізуді ұсынады. Осы құрал үшін осындай ұсыныс тиісті лицензиялармен сұралады.

Бұл ұсыныс осы ақпаратты қабылдаған кез келген адамға өнім сатып алынған күннен бастап үш жыл жарамды болады.

Бастапқы бағдарламаны алу үшін, open.source@philips.com сайтына өтіп хабарласыңыз.

Электрондық хаттарды қабылдау керек болмаса немесе осы электрондық пошта мекенжайына хат жібергеннен кейін бір апта ішінде растау хабары алынбаса, келесі мекенжайға ағылшын тілінде жазыңыз:

Open Source Team, TP Vision Netherlands B.V.
Intellectual Property and Standards
P.O. Box 220
5600 AE Eindhoven
The Netherlands

Тегін лицензияларды **Анықтама** > **Жұмысты бастау** > **Тегін лицензиялар** бөлімінен оқуға болады.

7.2 Қоршаған ортаға қауіпсіз

Еуропалық Одақтың энергиялық тиімділік белгісі



Еуропалық Одақтың энергиялық тиімділік белгісі

Еуропалық Одақтың энергиялық тиімділік белгісі осы өнімнің энергияны пайдалану тиімділік класын көрсетеді. Осы өнімнің энергияны тұтыну класы неғұрлым жасыл болса, соғұрлым аз энергия тұтынады.

Белгіде энергияны тұтыну тиімділігінің класы, осы өнімнің қолданыс кезіндегі орташа энергия тұтыну мөлшері және 1 жылдық тұтынылатын энергия мөлшері көрсетілген. Осы өнімнің қуат тұтыну мөлшерін төмендегі Philips веб-сайтындағы еліңізге арналған ақпараттан да көруге болады:

www.philips.com/TV

Қуат үнемдеу

Жарық сенсоры

Энергияны үнемдеу үшін іштей орнатылған сыртқы жарықты қабылдағыш қараңғы түскенде теледидар экранының жарықтығын азайтады.

Қуат үнемдеу

Қуатты үнемдейтін Зерделі сурет параметрі бірнеше теледидар параметрлерін біріктіріп, қуатты үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.

Күту режимінде қуатты аз тұтынуы

Топ жаратын және жоғары дамыған қуат схемалары теледидардың қуатты тұтыну дәрежесін өте төмен шегіне түсіріп, күту режимінде орындалатын үздіксіз қызметтерге мүлдем шығынданбайды.

Қуатты басқару

Теледидардың алдыңғы қатардағы қуатты басқару мүмкіндігі оның қуатты тиімді пайдалануына кепілдік береді. Теледидардағы жеке параметрлер, экрандағы суреттер айқындығы және сыртқы жарық жағдайының сәйкес қуат тұтыну шамасына әсерін тексеруге болады.

Салыстырмалы қуат тұтыну көлемін тексеру үшін, **Реттеу** тармағын таңдап, **►** түймесін басыңыз. **Көрсетілімдерді көру** > **Белсенді басқару** тармақтарын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Тиісті мәндерді көру үшін, Зерделі параметрлер тармағын ашыңыз.

Пайдалануды аяқтау

Ескірген бұйымдарды және батареяларды жою.

Өнім қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдардан және бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.



Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтырудың жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті тәртіпке сәйкес әрекет жасауыңызды және ескі өнімдерді кәдімгі тұрмыстық қалдықпен тастамауыңызды өтінеміз. Ескі өнімді дұрыс тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қоңдырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды.



Батареяларды бөліп жинақтаудың жергілікті тәртібі туралы ақпаратпен танысқан жөн, себебі оны дұрыс тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

7.3 Қуат және қабылдау

Қуат

Өнімнің техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Осы өнімнің техникалық сипаттары туралы қосымша мәліметті www.philips.com/support торабынан қараңыз.

Қуат

- Желі қуаты: айнымалы тоқтың 220-240 В +/-10%.
- Сыртқы температура: 5°C - 35°C.
- Күту режимінде тұтынылатын қуат мөлшері: < 0,15 Вт.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндіктері: жарық сенсоры, эко режимі, бейнені өшіру (радиоға арналған), автоматты түрде сөну таймері, эко параметрлері мәзірі.

Өнімнің жапсырмасында көрсетілген қуат күштілігі қалыпты үйде пайдалану кезіндегі өнімнің тұтынылатын қуат мөлшері болып табылады (IEC 62087 Ed.2). Жақшаға алынған қуаттың ең көп мөлшері электр қауіпсіздігі үшін пайдаланылады (IEC 60065 Ed. 7.2).

Қабылдау

- Антенна кірісі: 75 Ом коаксиалды (IEC75)
- Тюнер диапазондары: Hyperband, S-Channel, UHF, VHF
- DVB: DVB-T (жерүсті, антенна) COFDM 2K/8K, DVB-T2: тек теледидар түрлері үшін 'L', 'T/12', DVB-C (кабель) QAM
- Аналог бейне файлды ойнату: NTSC, SECAM, PAL.
- Саңдық бейне файлды ойнату: MPEG2 SD/HD (ISO/IEC 13818-2), MPEG4 SD/HD (ISO/IEC 14496-10).
- Саңдық бейне файлды ойнату: (ISO/IEC 13818-3).
- Таңдалған елдерді теледидардың жапсырмасынан қараңыз.

7.4 Дисплей және дыбыс

Дисплей / Сурет

- Диагональ өлшемі:
 - 37PFL9606: 94 см / 37"
 - 40PFL9606: 102 см / 40"
 - 46PFL9706: 117 см / 46"
 - 52PFL9606: 132 см / 52"
- 3D Max
- Суретті жақсарту:
 - Perfect Pixel HD жүйесі
 - Түстердің үлкен гаммасы
 - Сканерлеудің артқы жарығы.
- Дисплей түрі: LED Pro Full HD, ЖД артқы жарығы бар
- Панель ажыратымдылығы: 1920 x 1080p.
- Түсті өңдеу: 2250 триллион түстер, 17 бит RGB.
- Жарықтығы: 500 қд/м2.
- Динамикалық контраст:
 - 5.000.000 : 1
 - 46PFL9706 үшін 100 000 000:1
- Әрекет уақыты (қалыпты): 0,5 (BEW эквив.) мс.

Дыбыс

- Шығыс қуаты (орташа квадраттық мән): 40 Вт @30%THD
- Dolby Digital, Dolby Digital Plus, Dolby Pulse — Dolby және қос «D» таңбасы Dolby Laboratories компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.
- Динамик түрлері : дыбыс сахна түпқоймасындағы 2 вуфер.

7.5 Экран ажыратымдылығы

Бейне файл пішімдері

Ажыратымдылығы — Жаңару жиілігі

- 480i - 60 Гц.
- 480p - 60 Гц.
- 576i - 50 Гц.
- 576p - 50 Гц.
- 720p - 50 Гц, 60 Гц.
- 1080i - 50 Гц, 60 Гц.
- 1080 p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц.
- 1080p - 50 Гц, 60 Гц.

Компьютер форматтары

Ажыратымдылықтар (басқа түрлердің арасындағы)

- 640 x 480p — 60 Гц.
- 800 x 600p — 60 Гц.
- 1024 x 768p — 60 Гц.
- 1280 x 768p — 60 Гц.
- 1360 x 765p — 60 Гц.
- 1360 x 768p — 60 Гц.
- 1280 x 1024p — 60 Гц.
- 1920 x 1080i — 60 Гц.
- 1920 x 1080p — 60 Гц.

7.6 Мультимедиа

Қосылымдар

- USB 2.0.
 - Ethernet LAN RJ-45.
- Wi-Fi 802.11b/g/n (ішіне орнатылған)

Қолдауы бар USB файл жүйелері

- FAT 16, FAT 32, NTFS.

Ойнату пішімдері

- Сақтау орындары: MPEG Program Stream, MPEG Transport Stream, AVI, MPEG-4, Matroska, Windows Media, ASF.
- Бейне файл кодектері: MPEG-1, MPEG-2, MPEG-4 Part 2, MPEG-4 AVC (H264), WMV9.
- Аудио файл кодектері: MP3, AAC, HE-AAC V1, HE-AAC V2, WMA, AC3.
- Сурет кодектері : JPEG.
- Шектеулер: WMA (V9.2-ге дейін V2), MPEG-4 AVC (4.0 деңгейіне дейін).

Қолдауы бар DLNA медиа сервер бағдарламалық құралы (DMS)

- Windows Media Player 11 (Microsoft Windows XP, Vista немесе Windows 7 амалдық жүйесіне арналған).
- TVersity 1.9.3 (pro)(Windows XP амалдық жүйесіне арналған).
- Twonky Media — PacketVideo 4.4.9 (компьютер мен Intel MacOX амалдық жүйесіне арналған).
- Nero 9 — Nero MediaHome (Microsoft Windows XP амалдық жүйесіне арналған).
- Sony Vaio медиа сервері (Microsoft Windows XP немесе Vista амалдық жүйесіне арналған).

- Sony PS3 медиа сервері (Windows XP амалдық жүйесіне арналған)
- Google медиа сервері (Google жұмыс үстелі)(Windows XP амалдық жүйесіне арналған).
- DiXiM (Windows XP амалдық жүйесіне арналған).
- Macrovision желі медиа сервері (Windows XP амалдық жүйесіне арналған).
- Philips NAS SPD8020 (v. 1.2.9.47).
- Fuppes (Linux үшін).
- uShare (Linux үшін).

Қолдауы бар DLNA мобильді құрылғылары (DMS/DMC)

- Nokia N78, N80, N81, N82, N92, N93, N93i, N95, N96, N800, N810.
- Samsung SGH-i780.

ЭСР ережелері

Бұл жабдық ЭСР үшін А деңгейлі жұмыс критерийіне сәйкес келеді. Электростатикалық разрядқа байланысты жабдық DLNA режимінде қалпына келмесе, пайдаланушының көмегі қажет болады.

7.7 Байланыс мүмкіндігі

Теледидардың артқы жағы

- EXT1 Scart (адаптер кіреді): Аудио C/O, CVBS in, RGB.
- EXT2 YPbPr : Y Pb Pr, Аудио C/O.
- VGA (D-sub 15)
- HDMI 1 in ARC (v1.4 - 3D).
- HDMI 2 in (v1.4 - 3D).
- HDMI 3 in (v1.4 - 3D).
- Аудио кірісі (DVI - HDMI / VGA)(стерео, 3,5 мм шағын ұя).

• Аудио шығысы C/O — дисплеймен қадамдастырылған (оптикалық).

- Құлақаспап (стерео, 3,5 мм шағын ұя).
- Желі LAN — (RJ45).

Теледидардың бүйірі

- HDMI Side in (v1.4 - 3D).
- 2x USB.
- Ортақ интерфейс ұясы (CAM).
- SD карта ұясы (жоғары көлемді SD картасы)(Video stores қызметінің жады ретінде қолданылады).

7.8 Өлшемдері және салмақтары

32PFL9606

Ені: 761 мм

Биіктігі: 478 мм

Қалыңдығы: 34 мм

Салмағы: ±9 кг

. . . теледидар тірегімен бірге

Биіктігі: 533 мм

Қалыңдығы: 214 мм

Салмағы: ±12 кг

37PFL9606

Ені: 884 мм

Биіктігі: 548 мм

Қалыңдығы: 34 мм

Салмағы: ±11 кг

. . . теледидар тірегімен бірге

Биіктігі: 604 мм

Қалыңдығы: 244 мм

Салмағы: ±14 кг

46PFL9706

Ені: 1083 мм

Биіктігі: 660 мм

Қалыңдығы: 43 мм

Салмағы: ±16 кг

. . . теледидар тірегімен бірге

Биіктігі: 718 мм

Қалыңдығы: 244 мм

Салмағы: ±19 кг

52PFL9606

Ені: 1217 мм

Биіктігі: 736 мм

Қалыңдығы: 44 мм

Салмағы: ±20 кг

. . . теледидар тірегімен бірге

Биіктігі: 793 мм

Қалыңдығы: 274 мм

Салмағы: ±24 kg

UMv 3104 327 0064.4 - 120229

Индекс

З

3D көзiлдiрiгi 23
3D тереңдiгi 23
3D, 2D көрiнiсiн 3D көрiнiсiне 23
3D, бастау 23

А

Adjust (Реттеу) мәзiрi 17
Ambilight түсi 41
Ambilight, параметрлердi орнату 41
Ambilight, қосу 41

С

CAM (шартты қатынас модулі) 70
CI+ 70

Д

DVB 44
DVD дискiсiн ойнатқыш, жалғау 55
DVI-HDMI адаптерi 52

Е

EasyLink, қашықтан басқару құралы 47

Н

HbbTV 31
HbbTV, беттер 31
HbbTV, құлыптау 31
HD телевизиясы 6
HDMI ARC 52
HDMI байланысы 52
Home (Басты) мәзiр 17

І

ISF Мөлшерлеу, сурет 40

М

MHP 31
Moth eye 9

Net

Net TV 28
Net TV, ашу 29
Net TV, қосылу 28

Р

Perfect Pixel HD механизмі 39

SD

SD картасы, орнату 69

U

USB пернетақтасы 65
USB тінтуірі 66
USB қатты дискісі 34
USB қатты дискісі, орнату 34
USB, шолу 32

W

WEP қауіпсіздік шифрлауы 46
WPA қауіпсіздік шифрлауы 45
WPS (Wi-Fi байланысының қорғалған орнатуы) 45

Y

YPbPr бөлінген бейне сигналы 52

А

Автоматты сөндіру 40
Айқындығы жоғары бейне клипі 6
Анықтама, Іздеу 13

Индекс

Арна, атын өзгерту 20
Арна, ауыстыру 19
Арна, жасыру 20
Арна, жаңарту 43
Арна, таңдаулы 20
Арна, қайта ретке келтіру 19
Арналар тізімі, опциялар 19
Арналар тізімін көшіру 43
Ата-аналық рейтинг 26
Аудио сипаттамасы 49

Б

Бір рет түртіп ойнату 15
Байланыстар, нұсқаулық 52
Баланс 39
Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал 79
Бағдарламалық құрал, USB жаңартуы 50
Бағдарламалық құрал, ағымдағы нұсқа 50
Бағдарламалық құрал, Интернет жаңартуы 50
Бейне (CVBS) байланысы 53
Бейнелерді ойнату 32
Бейнені жалға алу 29
Бейнені таңдау 19

Г

Гамма 39

Д

Дыбыс параметрлері 39
Дыбыс шығысы кідіру уақыты 47

Ж

Жазба, көру 35
Жазу орындалмады 35
Жазу, орнату 34
Желі, сымды байланыс 68
Желі, сымды орнату 46
Желі, сымсыз орнату 45
Жүйенің күту режимі 15

З

Зерделі параметр, дыбыс 21
Зерделі параметрлер, қалпына келтіру 40

И

Интернет 45
Инфрақызыл сенсор 16

К

Компьютер, жалғау 32
Компьютер, монитор 66
Компьютер, шолу 32
Көлемді дыбыс 18
Көлемді режимі 15

М

Маршрутизатор 45
Медиа сервер бағдарламалық құралы 85
Мерзімі біткен жазылым 35
Музыка тыңдап отырып, сурет көру 32

О

Ойын құрылғысы 36
Онлайн, жалға алынатын бейне 29
Опциялар мәзірі 18
Ортақ интерфейс ұясы 70

П

Панель түсі 41
Пернетақта, экрандық 20

Р

Радио арналары 19

С

Сандық телемәтін 37
Сағат 44
Сигнал қабылдау сапасы 44
Субтитр, автоматты ауысу 47
Субтитрлер, дыбыссыз кезде қосұлы 26
Субтитрлер, тіл 26
Сурет параметрлері 39
Сурет өзгерісі 18

Т

Тізімді таңдау 19
Табу 17
ТД нұсқаулығы 5
Теледидар желісінің атауы 46
Теледидар көру 19
Теледидарды кідірту 34
Теледидарды кідірту, орнату 34
Телемәтін, Т.О.Р. шолуы 38
Телемәтін, екі экран 37
Телемәтін, параметрлерді орнату 38
Телемәтін, қатыру 37
Тұтынушыларға қолдау көрсету 71

Ф

Фотосуреттер 32
Фотосуреттер, слайд-шоу 32

Ш

Шифрлау әдісі 45

Э

Эко параметрлері 39
Экран жиектері 39
ЭСР 85

Қ

Қара жолақтар 22
Қосылымдар 52
Қуат шығыны 80
Құлақаспаптың дыбыс деңгейі 39
Құлыптау коды 26
Құрылғы, алып тастау 17
Құрылғы, атын өзгерту 17
Құрылғы, қайта ретке келтіру 17
Құрылғы, қосу 17

Ә

Әмбебап пайдалану 49

Ө

Өнімді қайта өңдеу 80



Contact information

Argentina

0800 444 7749
Buenos Aires 0810 444 7782

België / Belgique

070 700 035 (0,15€/min.)

Brazil

0800 701 0245
Sao Paulo 2938 0245

България

02 4916 273 - Местен разговор

Česká republika

228880895 (Národní volání)

Danmark

3525 8314

Deutschland

0180 501 04 69 (0,14€/Min.)

Ελλάδα

2111983028 (Εθνική κλήση)

España

902 88 10 83 (0,10€ + 0,08€/min.)

Estonia

6683061 (riigisisese kõne)

France

01 57 32 40 50 (local)

Hrvatska

01 777 66 01 (nacionalni poziv)

Italia

0245 28 70 14 (chiamata nazionale)

Ireland

0818 210 140 (national call)

Northern Ireland

0844 338 04 88 (5p/min BT landline)

Қазақстан

8 800 2000 00 04 (free)

Latvia

6616 3263 (Valsts telefona zvans)

Lithuania

8 5 214 0293 (Nacionalinė skambutis)

Luxembourg / Luxemburg

2487 1100 (Nationale Ruf / appel national)

Magyarország

06 1 700 8151 (Országos felhívás)

Nederland

0900 202 08 71 (0,10€/min.)

Norge

22 97 19 14

Österreich

0820 40 11 33 (0,145€/Min.)

Polska

22 397 15 04 (połączenie Narodowy)

Portugal

707 78 02 25 (0,12€/min. - Móvel
0,30€/min.)

România

031 6300042 (națională de apel telefonic)

Россия

8-800-22 00004 (бесплатно)

Suisse / Schweiz / Svizzera

0848 000 291 (0,081 CHF/Min.)

Србија

+381 114 440 841 (Lokalni poziv)

Slovakia

2 332 154 93 (Národný telefónny hovor)

Slovenija

1 888 83 12 (Državni telefonski klic)

Suomi

09 88 62 50 40

Sverige

08 5792 9096 (lokalsamtal)

ประเทศไทย (Thailand)

02 652 7650

Türkiye

444 8 445

United Kingdom

0844 338 04 88 (5p/min BT landline)

Україна

0-800-500-480 (безкоштовно)

www.philips.com/support

Non-contractual images / Images non contractuelles / Außervertragliche Bilder



Specifications are subject to change without notice.

Philips and the Philips' shield emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips Electronics N.V. and are used under license from Koninklijke Philips Electronics N.V.

All registered and unregistered trademarks are property of their respective owners.

2012 © TP Vision Netherlands B.V. All rights reserved.

www.philips.com